




Абай атындағы
Қазақ ұлттық педагогикалық университеті

Казахский национальный педагогический
университет имени Абая

Серия «Физико-математические науки» • «Физика-математика ғылымдары» сериясы

ХАБАРШЫ ВЕСТНИК



Алматы

№ 3 (43)

2013

ОБРАТНАЯ ЗАДАЧА ОПРЕДЕЛЕНИЯ ПРАВОЙ ЧАСТИ В НЕЛИНЕЙНОМ ПСЕВДОПАРАБОЛИЧЕСКОМ УРАВНЕНИИ БЕНДЖАМИНА-БОНА-МАХОНИ-БЮРГЕРСА

(г. Бишкек, Кыргызский государственный технический университет)

Макалада сызыктык эмес псевдопараболалык Бенджамин-Бона-Махони-Бюргерс тендеуі үшін уақытқа тәуелді оң жақты анықтаудың кері есебі қарастырылады. Кері есептің шешімінің бар болу және жалғыздық шарты анықталған. Вольтердің операторлық тендеу әдісімен қарастырылып отырған кері есептің шешімінің жалғыз және бар болуы туралы теорема дәлелденді.

В работе рассматриваются обратные задачи определения правой частей, зависящих от времени в нелинейном псевдопараболическом уравнении Бенджамин-Бона – Махони-Бюргерса. Установлены условия существования и единственности решения обратной задачи. Методом операторных уравнений Вольтерра доказаны теоремы существования и единственности решения рассматриваемых обратных задач.

In this paper, we established conditions of existence and uniqueness to the inverse problem of consisting determinations of the time-dependent right side, in non-linear pseudoparabolic equations Benjamin -Bona-Mahony-Burgers.

Түйін сөздер: кері есеп, сызыктык эмес псевдопараболалык Бенджамин-Бона-Махони-Бюргерс тендеуі

Ключевые слова: обратная задача, нелинейное псевдопараболическое уравнение Бенджамин-Бона-Махони-Бюргерса

Keywords: inverse problem, nonlinear pseudo-parabolic equations of Benjamin-Bona-Mahony-Burgers

Обратные задачи для псевдопараболических уравнений третьего порядка рассмотрены в монографии [1]. В работе [2] исследованы обратные задачи восстановления правой части для обобщенного нелинейного уравнения Буссинеска.

Задача 1. В прямоугольнике $\Omega_T = \{(x, t) : 0 < x < l, 0 < t \leq T\}$ рассмотрим обратную задачу нахождения пары функций $\{u(x, t), f(t)\}$ из нелинейного Бенджамин-Бона-Махони-Бюргерса

$$u_t - \alpha u_{xx} - u_{xxt} + \beta u_x + (u^2)_x = f(t)h(x, t) + g(x, t), \quad (x, t) \in \Omega_T, \quad (1)$$

удовлетворяющих условиям:

$$u(x, 0) = u_0(x), \quad 0 \leq x \leq l, \quad (2)$$

$$u(0, t) = \mu_1(t), \quad u(l, t) = \mu_2(t), \quad 0 \leq t \leq T, \quad (3)$$

$$u(x_0, t) = \varphi(t), \quad 0 \leq t \leq T, \quad x_0 \in (0, l). \quad (4)$$

где функции $u_0(x), \mu_1(t), \mu_2(t), \varphi(t)$ являются известными.

Определение 1. Решением обратной задачи (1)-(4) называется пара функций $(u(x, t), f(t)) \in C^{(2,1)}(\Omega_T) \cap C(\overline{\Omega_T}) \times C[0, T]$, удовлетворяющая условиям (1)-(4).

Теорема 1. Пусть $u_0(x) \in C^2([0, l]), \mu_1(t), \mu_2(t) \in C^1([0, T]), h, g \in C(\overline{\Omega_T}), |h(x, t)| \geq h_0 > 0$ и выполнены условия согласования $u_0(0) = \mu_1(0),$

$u_0(l) = \mu_2(0)$, $u_0(x_0) = \varphi(0)$. Тогда существует единственное решение задачи (1)-(4).

Доказательство. Для доказательства существования и единственности решения обратной задачи (1)-(4) сведем ее к системе интегральных уравнений типа Вольтерра второго рода. Обращая оператор $I - \frac{\partial^2}{\partial x^2}$, и, произведя два раза интегрирование по частям, из условий (1), (3), получим

$$u_t + \alpha u = \int_0^l [\alpha G(x, \xi) + \beta G_\xi(x, \xi)] u(\xi, t) d\xi + \int_0^l G_\xi(x, \xi) u^2(\xi, t) d\xi + h_1(x, t) f(t) + g_1(x, t), \quad (5)$$

где

$$G(x, \xi) = \frac{1}{shl} \begin{cases} shx \cdot sh(l - \xi), & 0 \leq x \leq \xi \\ sh\xi \cdot sh(l - x), & \xi \leq x \leq l, \end{cases}$$

$$h_1(x, t) = \int_0^l G(x, \xi) h(\xi, t) d\xi,$$

$$g_1(x, t) = \frac{sh(l-x)}{shl} (\mu_1'(t) + \alpha \mu_1(t)) + \frac{shx}{shl} (\mu_2'(t) + \alpha \mu_2(t)) + \int_0^l G(x, \xi) g(\xi, t) d\xi.$$

Положив в (5) $x=x_0$, и, используя дополнительное условие (4), получим

$$f(t) = \psi(t) - \frac{1}{h_1(x_0, t)} \left[\int_0^l (\alpha G(x_0, \xi) + \beta G_\xi(x_0, \xi)) u(\xi, t) d\xi + \int_0^l G(x_0, \xi) u^2(\xi, t) d\xi \right], \quad (6)$$

где

$$\psi(t) = [\varphi'(t) + \alpha \varphi(t) - g_1(x_0, t)] / h_1(x_0, t).$$

Подставив в (5) вместо $f(t)$ выражение (6), в результате получим интегродифференциальное уравнение для функции $u(x, t)$:

$$u_t + \alpha u = \int_0^l [\alpha G(x, \xi) + \beta G_\xi(x, \xi)] u(\xi, t) d\xi + \int_0^l G_\xi(x, \xi) u^2(\xi, t) d\xi - \frac{h_1(x, t)}{h_1(x_0, t)} \left[\int_0^l (\alpha G(x_0, \xi) + \beta G_\xi(x_0, \xi)) u(\xi, t) d\xi + \int_0^l G_\xi(x_0, \xi) u^2(\xi, t) d\xi \right] + \psi(t) h_1(x, t) + g_1(x, t).$$

Интегрирование последнего уравнения при условии (4) дает

$$u(x, t) = \int_0^l \int_0^l K(x, \xi, \tau) u(\xi, \tau) d\xi d\tau + \int_0^l \int_0^l K_1(x, \xi, \tau) u^2(\xi, \tau) d\xi d\tau + \tilde{g}_1(x, t), \quad (7)$$

где

$$K(x, \xi, \tau) = (\alpha G(x, \xi) + \beta G_\xi(x, \xi)) - \frac{h_1(x, \tau)}{h_1(x_0, \tau)} [\alpha G(x_0, \xi) + \beta G_\xi(x_0, \xi)] e^{-\alpha(t-\tau)}, \quad (8)$$

$$K(x, \xi, \tau) = [G_\xi(x, \xi) - \frac{h_1(x, \tau)}{h_1(x_0, \tau)} G_\xi(x_0, \xi)] e^{-\alpha(t-\tau)}, \quad (9)$$

$$\tilde{g}_1(x, t) = \int_0^t e^{-\alpha(t-\tau)} [g_1(x, \tau) + \psi(\tau) h_1(x, \tau)] d\tau + u_0(x) e^{-\alpha t}. \quad (10)$$

Введем оператор A , определив его формулой

$$Au(x, t) \equiv \int_0^t \int_0^l K(x, \xi, \tau) u(\xi, \tau) d\xi d\tau + \int_0^t \int_0^l K_1(x, \xi, \tau) u^2(\xi, \tau) d\xi d\tau,$$

и перепишем уравнение (7) в виде операторного уравнения

$$u = Au \quad (11)$$

В пространстве $C(\Omega_T)$ рассмотрим $m(T)$ функций $u(x, t)$, удовлетворяющих неравенству

$$\|u - \tilde{g}_1\|_C(T) \leq \|\tilde{g}_1\|_C(T).$$

Покажем, что при достаточно малых T оператор A осуществляет сжатое отображение множества $m(T)$ в себя. В самом деле, для $u \in m(T)$ справедливо неравенство

$$\|u\|_C(T) \leq 2\|\tilde{g}_1\|_C(T).$$

С другой стороны, оценивая интегралы, входящие в формулы (7), (8), (9), (10) находим

$$\|Au - \tilde{g}_1\|_C \leq T \left[1 + \frac{\|h\|_C}{h_0} \right] \|u\|_C^2 + T \|u\|_C^2 \leq 4\|\tilde{g}_1\|_C^2 \max \left(T \left(1 + \frac{\|h\|_C}{h_0} \right), T \right),$$

где функции $g_1(x, t)$ и $\tilde{g}_1(x, t)$ оцениваются следующим образом

$$\|g_1\|_C \leq \|\mu_1'(t)\|_C + \alpha \|\mu_1(t)\|_C + \|\mu_2'(t)\|_C + \alpha \|\mu_2(t)\|_C + \|g\|_C,$$

$$\|\tilde{g}_1\|_C \leq T(1 + h_0^{-1}\|h\|_C) + T(\|\varphi'\|_C + \alpha\|\varphi\|_C) + \|u_0\|_C.$$

Здесь мы пользовались тем, что

$$\int_0^l G(x, \xi) d\xi = 1.$$

Поэтому для $T < T^* = 1 / \min \left[4\|\tilde{g}_1\|_C \max \left(\alpha T(1 + h_0^{-1}\|h\|_C), \alpha T \right) \right]$.

Оператор A переводит множество $m(T)$ в себя.

Пусть теперь u_1, u_2 - любые два элемента из множества $m(T)$, $T \leq T^*$. Тогда имеем

$$\|Au_1 - Au_2\|_C \leq \frac{T}{T^*} \|u_1 - u_2\|_C.$$

Отсюда вытекает, что при любом $T < T^*$ оператор осуществляет сжатое отображение множества $m(T)$ в себя. Тогда в силу теоремы С. Банаха на множестве $m(T)$ существует и притом только одна неподвижная точка отображения, т.е. существует только одно решение уравнения (11). Следовательно, решая операторное уравнение (11), т.е. систему (6), (7) методом последовательных приближений, мы однозначно построим функции $u(x, t), f(t)$.

Задача 2. В области $Q_T^+ = \{(x, t) : 0 < x < \infty, 0 < t \leq T\}$ рассмотрим обратную

задачу нахождения пары функций $\{u(x,t), f(t)\}$ из нелинейного Бенджамина-Бона-Махони-Бюргера

$$u_t - \alpha u_{xx} - u_{xxt} + \beta u_x + (u^2)_x = f(t)h(x,t) + g(x,t), \quad (x,t) \in Q_T^+, \quad (12)$$

удовлетворяющих условиям:

$$u(x,0) = u_0(x), \quad 0 \leq x < \infty, \quad (13)$$

$$u(0,t) = \varphi(t), \quad 0 \leq t \leq T, \quad (14)$$

$$u(x_0,t) = \psi(t), \quad 0 \leq t \leq T, \quad x_0 \in (0, \infty). \quad (15)$$

ОПРЕДЕЛЕНИЕ 2. Решением обратной задачи (12)-(15) называется пара функций $(u(x,t), f(t)) \in C_b^{(2,1)}(Q_T^+) \cap C(\bar{Q}_T^+) \times C[0,T]$, удовлетворяющая условиям (12)-(15).

ТЕОРЕМА 2. Пусть $u_0(x) \in C_b^2[0, \infty)$, $\varphi(t) \in C^1([0,T])$, $h, g \in C_b(\bar{Q}_T)$, $|h(x,t)| \geq h_0 > 0$ и выполнены условия согласования $u_0(0) = \varphi(0)$, $u_0(x_0) = \psi(0)$. Тогда существует единственное решение задачи (12)-(15).

Доказательство этой теоремы проводится аналогично теореме 1, лишь с той разницей, что здесь используется фундаментальное решение оператора

$$L = -\frac{d^2}{dx^2} + I$$

и одномерного псевдопараболического оператора [1] и метод операторных уравнений Вольтерра [2].

Замечание. Аналогично теорема имеет место для обратной задачи определение правой части для уравнения Бенжамина-Бона –Махони-Бюргера с интегральным переопределением

1. Аблабеков Б.С. Обратные задачи для псевдопараболических уравнений. - Бишкек: Илим, 2001. –183 с.
2. Аблабеков, Б.С. Обратные задачи определения источника в нелинейном обобщенном уравнении Буссинеска [Текст] /Б.С.Аблабеков, А.К.Курманбаева // Вестн. КНУ им. Ж.Баласагына.- 2011.- Спец. вып. - С. 250-252.
3. Аблабеков Б.С. Интегральные уравнения Вольтера и их приложения. - Бишкек: КГТУ, изд-во Техник, 2009. – 148с.

ӘОЖ 621.38 (075.8)

Ж.С. Абубакирова Қ.М. Мұқашев

ЭЛЕКТРОДИНАМИКА БӨЛІМІН ЖЕТІЛДІРУДІҢ БІР МҮМКІНШІЛІГІ

(Алматы қ., Абай атындағы ҚазҰПУ)

Жұмыста физика курсы электродинамика бөлімінен оқушылардың эксперименталдық шеберлігін жетілдіруге арналған жаңа үлгідегі зертханалық оқу құралы ұсынылады. Құралдың негізін үстіне үздіксіз қозғалыста болатын компоненттер орналастырылған шынылы текстолит құрайды. Ауыспалы элементтер метал ұяшықтарға дәнекерлеу арқылы орналастырылады. Бір ұяшыққа 4 элемент орналастыруға болады. Олар электр тізбегінің түйінін құрайды. Түйін аралық байланыстар контактылық таяқшаларға кигізілетін түтікшеге жалғанған өткізгіштер

арқылы жүзеге асырылады. Микросхемалар арнайы қалыптарға кигізіліп, сыртқы өткізгіштер тізбектерге қосылады. Стенд тұрақты (5В) және айнымалы (12В) топ көздерінен қоректенеді.

В статье обсуждается один из важных путей совершенствования экспериментальных способностей учащихся по разделу электродинамики. Для этой цели был разработан лабораторный стенд оригинальной конструкции. Основу стенда образует панель из стеклотекстолита с размещенными элементами постоянного пользования, сменные элементы закрепляются в специальные лунки методом пайки. Тем самым образуются узлы электрической цепи. Соединение между узлами осуществляется посредством гибких сменных проводников с трубчатыми наконечниками. Для использования интегральных микросхем предусмотрены 4 наладки.


This article discusses one of the most important ways to improve the ability of students to experimental section electrodynamics. For this purpose was developed by the laboratory stand original design. Forms the basis of the stand with a panel of fiberglass placed elements of permanent use of interchangeable elements are fixed in special wells by soldering . Thereby forming an electrical circuit assemblies . The connection between the nodes is carried out by means of flexible conductors with removable tubular lugs. To use the integrated circuits are 4 setup.

Түйін сөздер: стенд, шаблон, күшейткіш, сигнал, микросхема.

Ключевые слова: стенд, шаблон, усилитель, сигнал, микросхема.

Keywords: stand, pattern, power, signal chip.

Қазіргі кезеңде қолданыста жүрген зертханалық оқу құралдары алдын-ала ескерілген зертханалық жұмыстарды ғана орындауға арналып құрылғандықтан, шәкірттің өз алдына талаптанып, жобалау нәтижесінде ойлап тапқан құралын, немесе басқа да бір әдебиет көзінен оқыған құрылғыны жасауға қолайсыз. Сондай жағдайда оларды еркін құрып, параметрлерін өзгертуге, элементтерін ауыстыруға, жаңа режимде жұмысқа қосуға жарамды, шәкіртті электрониканың құрылғыларын жобалауға баулитын зертханалық стендтің басқа үлгісі қажет. Осындай талаптарға сәйкес келетін зертханалық құралдың эскиздік жобасы 1-суретте көрсетілген. Стендтің негізін қалыңдығы 1,5 мм-лік, екі жағы бірдей мыс үлдірімен (фольга) қапталған шынылы текстолит құрайды. Оның өлшемі 280x250 мм². Баспалы монтаж әдісімен текстолит тұрақты элементтерді орналастыруға дайындалады [1].



1-сурет. Зертханалық стендтің эскиздік жобасы.

Ондай элементтерге ферриттік таяқшаға орналастырылған $L_1 \div L_6$ индуктивтілік орамалар, айнымалы және жартылай айнымалы конденсаторлар $C_1 \div C_3$, әртүрлі шамадағы айнымалы резисторлар $R_1 \div R_3$, коммутациялаушы элементтер SA1, SA2, SB1 жатады. Стендтің орта тұсында ауыспалы микросхемаларды орналастыруға арналған 16 контактылық қалыптар $D_1 \div D_4$ бар.

Тұрақты және айнымалы ток көздерін қосуға арналған клеммалар XS1, XS2 стендтің жоғарғы оң жақ бұрышына орналастырылған. Әрбір клемма тігінен орналасқан қос контактылық таяқшамен жалғанған. Стендтің ортасында электр тізбектерінің түйіндерін құрастыруға арналған, әрқайсысы өзара байланысқан бес таяқшадан тұратын 29 кеңейткіштер (XP) бар.

Стендтің бетіндегі қалған бос орындарға 8 (сегіз) қатарға жіктелген, дәнекерлегіш ұяшықтары бар контактылық таяқшалар (XJ1–XJ8) бекітілген. Ұяшықтар мен таяқшалар да өзара электрлік байланыста. Ұяшықтар стендке дара элементтерді дәнекерлеу арқылы орналастыру үшін қолданылады. Әрбір ұяшық 4 элементті (кедергі, конденсатор, диод, транзистор) өзара біріктіріп ұстатуға арналған. Нәтижесінде олар да электр тізбектерінің түйіндерін құрастырады. Әрбір ұяшықпен байланысқан контактылық таяқша сол жердегі элементті өткізгіш арқылы басқа элементтермен байланыстыруға мүмкіндік береді.


Мұндай өткізгіштің арнайы дайындалған екі түрі қолданылады. Біріншісі екі ұшына контактылық түтікшелер дәнекерлеу арқылы бекітілген, әртүрлі ұзындықтағы дара өткізгіштер болса, екіншісі – бір контактылық түтікшеден таратылған қос өткізгіш. Олардың әрқайсысы дара түтікшелермен аяқталады. Нәтижесінде стендтегі әр жерде орналасқан, контактылық таяқшамен қосылған элементтерді өзара тікелей байланыстыруға мүмкіндік туады. Стендті шартты түрде бір-біріне кедергі жасамайтын төрт бөлікке айыруға болады. Әрбір бөлікпен кішігірім, күрделілігі орта дәрежедегі электр тізбектері мен электрондық құрылғыларды жинап тексеруге болады.

Тізбек күрделене түскен жағдайда, стендті екіге бөліп пайдалануға болады. Әрбір бөлікте бірі екіншісіне бөгет жасамайтын тізбектер құрылады және құру, тексеру, пайдалану әрекеттері бір бөлікте аяқталмай қалған жағдайда, басқаларға бөгет болмай, оларды кейінірек аяқтауға мүмкіндік бар. Көптеген элементтерді қажет ететін күрделі электрондық құрылғы стендтің бетін толық қамтуы мүмкін. Электр тізбектерінің немесе электрондық құрылғының қажетті элементтерін (компоненттерін) жинақтап, сақтап қою үшін арнайы себет (корзина) дайындалады (2-сурет). Себет 4 қатарға, ал әрбір қатар 9 ұяшыққа бөлінген. Олардың әрқайсысының ірге тұсына сол ұяшықтағы элементтердің негізгі көрсеткіштері жазылып қойылады. Стендті пайдалануды және бастапқы кезде күрделі тізбектерді құру мәселесін жеңілдету үшін қатырғы қағаздан арнайы шаблон дайындалады (3-сурет). Шаблонның көрінісі стендтің сыртқы пішінін толық қайталайды. Жиналатын тізбектің (электрондық құрылғының) элементтерінің стенде орналасуы алдымен осы шаблонға карандашпен сызылып көрсетіледі.

Сонымен қатар, элементтердің өткізгіштермен өзара байланысы да сызылады. Осылай алдын-ала дайындалған шаблон стендке кигізіледі. Себеттегі элементтер шаблонда көрсетілген шартты белгілер бойынша енді ұяшықтарға дәнекерлеу арқылы орналастырылады және өзара өткізгіштермен байланыстырылады. Шаблон оншақты рет қайтара пайдалануға жарамды.

РЕЗИСТОРЫ									
10-100 Ом	0,1 кОм	1-10 кОм	10-100 кОм	0,1 Мом	0,5-1 Мом	1-2 Мом	2,5 Мом	5-10 Мом	
КОНДЕНСАТОРЫ									
10-100 нФ	100-500 нФ	500нФ-1мкФ	1-100 мкФ	0,1-1 мкФ	1-5 мкФ	5-10 мкФ	10-50 мкФ	50-100 мкФ	
ДИОДЫ		ТРАНЗИСТОРЫ				МИКРОСХЕМЫ			
точечные, импульсные	светодиоды	фотодиоды	малой мощности	средней мощности	большой мощности	усилительные транзисторы	амплитудные модуляторы	цифровые	логические
высокочастотные	туннельные диоды	малой частоты	малой мощности	средней мощности	большой мощности	усилительные транзисторы	логические	цифровые	защитные

2-сурет. Электр тізбегінің құрама элементтерін сақтауға арналған себет.



3-сурет. Стендпен тізбекті жинауға арналған шаблон.


Монтаждау жұмыстары аяқталғаннан кейін оқушының жұмыс орыны құрастырылады (4-сурет). Жұмысты орындау үшін, яғни тізбекті тексеруге (зерттеуге) қажетті сыртқы құралдар – ток көздері, өлшеуіш құралдар, генератор, осциллограф стендке қосылады. Нәтижесінде оқушының жұмыс орыны дайын болып, электродинамика мен электроника бөлімінің сан-алуан зертханалық және үйірмелік жұмыстарын орындауға мүмкіндік туады. Мысал ретінде келесі құрылғыларды стендпен жинау әдістерімен танысайық.



4-сурет. Оқушының жұмыс орыны.


1-мысал. КП504Г текті өрісті транзистормен құрылған күшейткішті стендте құрып, жинау қажет болсын (5-сурет). Күшейткіш ортақ исток схемасы бойынша құрылған. Тразисордың затворына ығыстырушы кернеу оның сток электродымен қосылған R1, R3 резисторлары арқылы келтірілген. Осы тізбектегі конденсатор С1

теріс кері байланысты жою арқылы күшейткіштің сезімталдығын арттыру үшін қосылған. Схеманы стендпен құру үшін, оны құраушы элементтер қағаз шаблонға карандашпен сызылады. Шаблонға элементтерді қалай болса-солай емес, қосалқы өткіштердің саны мейлінше аз болатындай етіп, оңтайландырып орналастыру қажет. Шаблонда оларды жалғастырушы өткізгіштердің қосылуы да көрсетіледі (7 -сурет, шаблонның жоғарғы сол жақ бұрышы). Элементтердің орналасуы және өзара қосылу дұрыстығы тексеріліп, шаблон стендтің бетіне ығыспайтындай болып кигізіледі. Бұған дейін схеманың құрамындағы компоненттер алдын-ала тексеріліп, себетке жинақталады. Шаблондағы кескін бойынша схеманы құраушы элементтер дәнекерлеу арқылы стендке орналастырылады. Құрылған схеманы тексеру үшін стендке сыртқы ток көзі, өлшеуіш құралдар, сигнал көзі қосылып, оның жұмысын анықтауға бағытталған барлық қажетті тексерулер жүргізіледі.




5-сурет. КП504Г текті өрісті транзистормен құрылған күшейткіш.

2-мысал. Осы стендпен күнделікті тұрмыс қажетінде қолданылатын қарапайым радиомикрофонды жасау қажет болсын (6-сурет). Радиомикрофон екі транзисторлы схема бойынша құрылған. Транзистор VT1 микрофоннан (BM1) электр тербелістері түрінде келетін дыбыс сигналын күшейтуге арналған. Күшейтілген сигнал оның коллекторлық жүктемесінен (R3) конденсатор C2 арқылы келесі транзистордың VT2 базалық электродына тасымалданады. Осы транзистордың коллекторлық тізбегіне C4 және L1 элементтерінен құрылған тербелмелі контур қосылған, яғни бұл транзистор жоғары жиілікті генератордың міндетін атқарады. Дыбыс сигналы осы тербелістерді жиілігі бойынша модуляциялайды.



6-сурет. Қарапайым радиомикрофонның электрлік схемасы.

Модуляцияланған жоғары жиілікті тербелістер контурлық катушкамен L1 индуктивті түрде байланысқан екінші L2 катушка арқылы антеннаға тасымалданып, кеңістікке электромагниттік толқын түрінде таратылады. Ашық кеңістікте толқындар 60 м қашықтыққа тарайды. Радиомикрофонды стендке орналастыру және тексеру жолдары алғашқыдай, ешбір қиындығы жоқ (7-сурет, төменгі сол жақ бұрыш). Интегралдық микросхемалармен құрылған схемаларды стендпен жинау үшін оның орта тұсында орналасқан 4 төрт қалып қолданылады. Микросхема өзінің контактылық электродтарымен қалыпқа кигізіліп, олардың реттік номерлері белгіленеді және орындау әдістері дәстүрлі түрде жүргізіледі.



7-сурет. Күшейткіштің (5-сурет) және радиомикрофонның (6-сурет) компоненттерінің қағаз шаблонға сызылуы.

Зертханалық стендтің осы үлгісі Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің студенттерімен сабақ өткізу барысында сынақтардан өткізіліп, қолайлы екендігі дәлелденді.

1. Мұқашев Қ.М., Шадинова К.С. Электроника және электротехника негіздері. – Алматы, 2011, 300 бет.

АҚПАРАТТЫҚ МОДЕЛЬДЕУДІ ОҚЫТУ МӘСЕЛЕСІ

(Алматы қ., Абай атындағы ҚазҰПУ)

Бұл мақалада мектеп информатикасы курсына ақпараттық модельдеуді оқыту мәселелерін оқытудың бар тәсілдеріне талдау жасау негізінде информатиканың базалық курсының мазмұнында ақпараттық модельдеу аясын кеңейту және оны оқыту үдерісінде мектеп оқушыларында модельдерді құру және олардың жалпы қасиеттерінің заңдылықтары туралы толық мәнді түсінік қалыптастыру негізінде құрастыру келтірілген.

В статье на основе проведенного анализа существующих подходов к преподаванию вопросов информационного моделирования в курсе школьной информатики показана целесообразность расширения сферы информационного моделирования в содержании базового курса информатики и построения процесса обучения таким образом, чтобы сформировать у школьников целостное представление о закономерностях построения моделей и их общих свойствах.

The article is considered of the teaching questions of information modeling on the base of conducting analysis of existing approaches to the course of school computer science is shown practicability of expansion of information's sphere modeling in the contents of base course of informatics and buildings of process of educating to form beside pupils holistic belief about regularities of building of models and their general characteristics.

Түйін сөздер: ақпараттық модельдеу, модельдеу объектісі, базалық курс.

Ключевые слова: информационные моделирование, объект моделирование, базовый курс.

Keywords: informative design, объект design, base course.

Соңғы он жылда информатика іргелі ғылым ретінде бүкіл ғылыми таным жүйесінің басты құраушысына айналуға. Ол өзінің, басты жетістіктері ретінде бүгінде ақпараттық моделдеудің әдіснамасын, сонымен қоса табиғат пен қоғамдағы түрлі объектілер, үдерістер мен құбылыстарды талдаудың ақпараттық тәсілін қарастыратын, ғылыми әдіснамасын көптеген ғылыми зерттеу салаларына бере отырып, оларға үлкен ықпал етеді. Оларды пайдалану тек өткізілетін зерттеулер тиімділігін біршама көтеруге және табиғат, адам және қоғам туралы түбегейлі жаңа іргелі білімдерді алуға ғана емес, сонымен қоса адам мен қоғамның жаңа ғылыми дүниетанымы мен жаңа ақпараттық мәдениетін қалыптастыруға да мүмкіндік береді.

Ақпараттық модельдеу әдістері талдау, синтездеу, жинақтау мен мамандандыру, дерексіздендіру мен нақтылау, ұқсастыру сияқты танымдық ғылыми әдістер жиынын өзінде синтездейтіндіктен де, және танымдық, білім алушылардың іс-әрекетін басқару сияқты маңызды дидактикалық қызметтер жиынын орындайтындықтан да қызығушылық тудырады. Өйткені білімді жеткізу дегеніміз оларды белгілі бір тілде сипаттау мен белгілі бір формада ұсынуды білдіреді. Оның үстіне, модельдермен амалдар орындау өнері ақпараттың мағыналық өрісін құрылымдау құралы болып табылатындығы бәріне белгілі. Білімге негізделген ақпаратпен жұмыс істеудің оңтайлы тәсілдерін игеру оның үдемелі ағындарын қабылдауды, тілдік конструкциялардағы іріктеу, меңгеру және сөйлеудің тиімді формаларын іздеуді жеңілдетеді.

Сондықтан тек ғылыми таным ғана емес, оқыту үдерісі де қазіргі уақытта, әсіресе оқу ақпараты көлемінің ұдайы артуы, оның электрондық оқулықтар, компьютерлік энциклопедиялар сияқты жаңа тасымалдаушыларының және оған қатынау құралдарының пайда болуы жағдайында жаңашыл мектеп үшін өзекті болып табылатын ақпараттық модельдеу әдістерін пайдалануға және осы ақпараттық

модельдеу әдістерін оқушыларға таныстыруға негізделеді. Сонымен қоса, модельдеу оқу іс-әрекетінің белсенді түрін қамтамасыз ететін, оқу үдерісіне компьютерді кірістіру әдістерін оқыту жүйесіне қойылатын аса адекватты жаңашыл талаптарға да кіреді.

Ақпараттық модельдеу біліктіліктерін қалыптастыру мәселесінің маңыздылығын, ақпараттық модельдеу танымдық іс-әрекеттің компоненті болып табылатындықтан, әр қайсысына міндетті түрде мәселелерді тұжырымдау мен шешу, жүйелік талдау, абстракциялау, формалдау біліктіліктері кіретін, түрлі бағыттағы мамандар профессиограммаларының көп санына жүргізілген талдау да растайды [1]. Міне сондықтан да білім алушыларды білім беру барасында және алдағы іс-әрекетте ақпараттық модельдеуді пайдалануға үйрету қажет.

Әрине, модель түсінігі іс жүзінде барлық оқу пәндерінде айқын емес түрде бұрыннан бері пайдаланылып келеді, бірақ олардың ешқайсысында модельдерді құрудың ортақ заңдылықтарына көңіл бөлінбейді, олардың жалпы қасиеттері зерттелмейді. Сондықтан да, тәжірибе көрсетіп отырғандай, білім алушылар ақпараттық модельдермен жұмыс істегенде (мысалы, басқа түрге түрлендіргенде) қиындықтарға жиі кездеседі, «модельдеу объектісі» мен «объектінің ақпараттық моделі» түсініктерін (мысалы, есептің шарттары мен оның шешімінің моделін) ажырата алмайды, модельдеу тілінің объектілерін таңдау олардың көмегімен құрылатын модельдің қасиетіне қалай ықпал ететіндігін өте сирек ескереді. Мектептер мен жоғарғы оқу орындарының оқу жоспарына информатиканың жалпы білім беретін курсы енгізгеннен кейін және оның мазмұнын информатика ғылымының даму қарқынына сәйкес келтіргеннен кейін ғана модельдердің ортақ қасиеттері мен оларды құру әдістерін мақсатқа бағыттап отырып игеру үшін қолайлы жағдайлар туындады.

«Модель» мен «модельдеу» түсінігі информатиканың оқу пәні ретінде қалыптаса бастағанынан бастап оның негізгі түсініктерінің бірі ретінде танылғандығын, бірақ олардың орны мен мазмұндық толықтырылуы уақыт өте келе елеулі өзгеріп отырғандығын айта кетейік. Алғашқы факультативтік курстар (60-70 жылдары) шеңберінде модельдеу есептеу эксперименті (есептерді шешудің сандық әдістері, есептеу модельдері және т.б.) тұрғысынан алғанда басым қарастырылған. Оларда іс жүзінде модельдер туралы сөз болған жоқ, дегенмен алгоритм – бұл орындаушы іс-әрекетінің моделі деп тұспалданған. Бастапқы оқулықтар мен оқу құралдарында да модельдердің рөлі көбіне модельдеуді компьютерде есептерді шешудің бір кезеңі – алгоритмді құрмас бұрын орындалатын кезең ретінде қарастыруға қатысты анықталған. Тек 90 жылдардың ортасынан бастап «Ақпараттық модельдеу» тақырыбы информатика курсының негізгі тақырыптарының бірі ретінде анықтала бастады. Мұндай тәсіл Информатика курсының мазмұны мен құрылымы тұжырымдамасында көрініс тапқан [2].

Қазіргі уақытта ақпараттық модельдеу ақпарат және ақпараттық үдерістер желісімен біріге отырып жаңашыл информатика курсының теориялық негізін құра келе, оның аса басым мазмұндық желілерінің бірі болып табылады. Оны игеру танымдық үдерісте компьютерді тиімді қолдануға ықпал ете келе, білім алушылардың танымдық белсенділігін арттыруға, ақпараттық технологияларды қолдана отырып әр түрлі білім салаларының (математика, биология, экономика және т.б.) міндеттерін шешудің шығармашылық тәсілдерін дамытуға, сонымен қоса оқу үдерісінде пән аралық байланыстарды жүзеге асыруға ықпал етеді. Сонымен қоса, оны игеру өте маңызды педагогикалық міндетті – білім алушылардың жүйелік ойлау қабілетін дамытуды жүзеге асыруға жүгінеді, өйткені модельді құрған кезде ақпараттың үлкен көлемімен жұмыс істеу, оны жүйелендіру дағдылары жоқ болған жағдайда мүмкін емес. Сондықтан міндетті түрде, модельді құру кезеңдеріне, оның қасиеттерін талдауға, модельдің модельдеу объектісі мен мақсаттарына адекваттылығын тексеруге,

модельдеу тілін таңдаудың, ақпарат моделін зерттей келе, ол туралы қандай ақпарат алуға болатындығына ықпалын анықтауға және т.б. байланысты мәселелерден тұратын бұл желінің үлес салмағының информатика курсының жалпы мазмұнында едәуір артуы тектен тек емес.

«Ақпараттық модельдеуді» оқып игеру табиғаты әр түрлі жүйелерде (физикалық, техникалық және т.б.) басқару модельдерін сипаттау және құру біліктіліктерін қалыптастыруға, модельдер мен модельдеуші программаларды пайдалануға бағытталады. Оқу бағдарламасында оқушыларды ақпараттық орта құру бойынша ақпараттық саясатты жүргізу қажеттілігіне, сонымен қатар адамзаттың орнықты дамуын және «өмір бойы білім алу» мәселелерін шешу қажеттіліктеріне сендіретін оқытудың іс-әрекеттік және құзырлылық көзқарастары ерекше орын алады.

Аталған желіні дұрыс оқыту тәсілі жалпы алғанда ортақ дамытуға да, бізді қоршаған шынайы өмірде жеке объектілерді саналы ерекшелеуге, объектілер арасындағы қарым-қатынасты көруге, объектілердің маңызды белгілерін ерекшелеуге, оларды топтастыруға және жиындарға біріктіруге, сызбалар сызуға және объектінің ішкі құрылымын «көруге», бір объектілерді, оларды зерттеу, ұсыну, дайындау немесе пайдалану мақсатында, басқа объектілер арқылы ұсынуға мүмкіндік бере отырып, олардың ғылыми дүниетанымын, қоршаған шынайы өмірдің, жаңашыл ғылымда пайдаланылатын, зерттеу әдістері туралы түсініктерін дамытуға ықпал ете отырып, білім алушылардың санасында әлемнің жүйелік-ақпараттық бейнесін қалыптастыруға да елеулі ықпал етуге, сонымен қоса көптеген міндеттерді толық көлемде шешуге мүмкіндік береді.

Модельдеуді информатикада үш қырынан қарастыруға болады, яғни:

– шынайы объект, сәйкес ақпараттық модель туралы, осы модельді сипаттау үшін пайдаланылатын модельдеу тілінің объектілері туралы жаңа білімдер алу, модельді құру мен зерттеу үдерісінде жүзеге асатындықтан таным құралы ретінде;

– оқыту үдерісі көп жағдайларда объектілердің өздерімен амалдар орындаумен емес, заңдылықтарды ауызша сипаттау, графикалық түрде бейнелеу, формулалар арқылы ұсыну сияқты зерттелетін объектінің ақпараттық модельдерімен амалдар орындаумен байланысты болғандықтан, оқыту құралы ретінде;

– ақпараттық модель, тиесілі ерекшеліктері, қасиеттері, сипаттамалары бар, өзіндік ақпараттық объекті ретінде қарастырыла алатындықтан, зерттеу объектісі ретінде.

Білім алушылардың көзқарастары тұрғысынан аталған аспектілердің бір-бірінен негізгі айырмашылықтары, бірінші жағдайда танымдық іс-әрекет үдерісінде білім алушы өзінің тәжірибесі, білімі, ассоциациясының негізінде зерттелетін объектінің моделін өзі құратындығына негізделеді. Екінші жағдайда білім алушыға мұғалім, оқу құралының авторы немесе ғылыми теорияны құрушы жасаған зерттеу объектісінің моделі ұсынылады. Соңғы жағдайда модельдердің жиынтығы зерттелетін объект болып табылады. Информатиканы оқытуда модельдеу барлық аталған қырларынан қарастырылуы және пайдаланылуы керек. Ақпараттық модельдеуді оқытудың мұндай тәсілін пайдалану модельдерді құру заңдылықтары мен олардың ортақ қасиеттері туралы тұтас түсінік қалыптастыруға мүмкіндік береді.

Информатиканы оқытуды пропедевтикалық (бастапқы курс), базалық (информатика бойынша оқушыларды дайындаудың, стандартпен берілген, міндетті жалпы білім беретін минимумын қамтамасыз ететін базалық курс), бейіндік (бейіндік курстар) және кәсіби (жоғарғы оқу орнының курсы) сияқты төрт сатыға бөлу қабылданған. Информатика саласындағы базалық дайындық осы оқу пәнін ары қарай игеруге арналған болып табылады. Информатиканың базалық курсының басым міндеті

– әлемнің жаңашыл ақпараттық бейнесі туралы түсінік қалыптастыру, компьютерді оқу және практикалық іс-әрекетте саналы пайдалануға үйрену.

Бұл оқушының қоршаған әлемнің, ақпараттық компоненттен тұратын, объектілері мен үдерістерін ерекшеленуді; осы объектілер мен үдерістердің ақпараттық модельдерін құру мен бағалауды; құрылған модельдерді өңдеу үшін компьютер мен ақпараттық технологияларды қолдануды; алынған нәтижелерді бағалау мен пайдалануды үйренуін көздейді. Осы тізбектің барлық компоненттері міндетті болып табылады. Оның кез келген буынын алып тастасақ мағыналы ақпараттық іс-әрекеттің логикасы бұзылады және компьютерді үстіртін игеруге әкеліп соғады [2].

Ақпараттық модельдеуді информатиканың базалық курсы шеңберінде игеру мақсатқа сай болатындығы сөзсіз. Аталған курс информатиканы ары қарай дамыту үшін де, басқа оқу пәндерінде түрлі ақпараттық модельдермен табысты жұмыс істеу үшін де негіз салуға арналған. Бұны жүзеге асыру оқушылардың бойында модельдерді құру заңдылықтары мен олардың ортақ қасиеттері туралы толық түсініктерді қалыптастырған жағдайда мүмкін болады. Осыған байланысты жалпы білім беретін мектептің орта буынында информатиканың базалық курсы бағдарламасына ақпараттық модельдеуді таным аспабы, оқыту құралы және зерттеу объектісі ретінде қарастырумен байланысты мәселелерді еңгізу мақсатқа сай болады. Бұған қоса, оны игергенде сөздің кең мағынасында формалдауға басты көңіл бөліну керек. «Психологиялық зерттеулер оқушылардың формалданған және формальді түрде ұсынылған ақпаратпен жұмыс істеген кезде едәуір қиындықтарға кездесетіндігін растайды», - деп әдебиетте [2] көрсетілген. Формулаларды қабылдамайды, графиктерді оқи алмайды, кестелерде бейнеленген заңдылықтарды көрмейді, формулярларды толтырғанда қиындықтарға кездеседі және т.б. Бұл жағдайда информатика курсы осындай білімдер мен біліктіліктерді жүйелеуші бола алады.

Енді информатиканың базалық курсына ақпараттық модельдеу мәселелерін оқытудың бар тәсілдеріне талдау жүргізейік.

Информатика бойынша білім беру мазмұнының міндетті минимумында [3] мазмұны келесі мәселелер тобымен анықталған «Ақпараттық модельдеу» желісі: «модель мен модельдеу түсінігі. Модельдердің типтері. Статистикалық және динамикалық модельдер. Модельдеу тәсілдері» тақырыптарынан тұрады.

Әрине, модельдеу тақырыбын тек теориялық сипатқа ие және басқа тақырыптардан өзгеше деп санауға болмайды. Базалық курстың қалған бөлімдерінің көбінің, оның ішінде курстың технологиялық желісіне жататын тақырыптарының да модельдеуге тікелей қатысы бар. Ертеректе игерілген мәтіндік және графикалық редакторларды, телекоммуникацияның бағдарламалық қамсыздануын, мәтінді теру, сызба сызу, ақпаратты желі бойымен жіберу немесе қабылдау мүмкіндігін беретін, ақпаратпен үйреншікті жұмыс істеу үшін арналған құралдарға жатқызуға болады. Ақпараттық технологиялардың бағдарламалық құралдарын – мәліметтер қорын басқару жүйесі, кестелік процессорларды ақпараттық модельдермен жұмыс істеу үшін арналған аспаптар ретінде қарастырған жөн. Ары қарай игерілуі керек алгоритмдеу мен бағдарламалаудың да модельдеуге тікелей қатысы бар. Көрініп тұрғандай, модельдеу желісі базалық курстың көптеген бөлімдерінде толасып жатады, алайда бұл айқын түрде ерекшеленіп көрсетілмейді.

ҚР мектептерінде пайдаланылатын информатика оқулықтарында [4-6] модельдеу желісі модель түсінігі мен оның түрлері, олардың ұсынылу тәсілі бойынша топтамасы, модельдеудің негізгі кезеңдері сияқты мәселелерден тұрады. Бұнда компьютерде есептерді шешудің ақпараттық технологиясына басым көңіл бөлінген.

Жоғарыда айтылғандарды жалпылай келе, информатиканың базалық курсы, оқыту әдістемесі жоқтың қасы болып табылатын, модель түсінігіне кең көзқарасты

қалыптастыруға мүмкіндік беруі екіталай, модельдеу туралы бастапқы түсінікті ғана береді деген қорытындыға келеміз.

Информатиканың базалық курсында ақпараттық модельдеуді таным құралы, зерттеу объектісі және оқыту құралы ретінде ұсыну қажеттілігі мен аталған аспектілерді ашатын мазмұндар мен әдістемелердің болмауының арасында орын алған қарама-қайшылықты шешу үшін оқу іс-әрекетінде ақпараттық модельдерді саналы пайдалану үшін, ғылыми-зерттеу іс-әрекетінің әдістемесімен таныстыру үшін, және информатиканың бейіндік курстарында ақпараттық модельдеуді ары қарай терең игеру үшін нақты негіз қалыптастыра отырып, оқушылардың объектіге де, модельге де қатысты кең көзқарасын қалыптастыруға ғана емес, оқушылардың бойында осы білімдерді сол уақытта белсенді меңгеру және болашақта іс-әрекеттің жаңа тәсілдерін игеру мүмкіндігін, құзырлықтарды қалыптастыруға және дамытуға да мүмкіндік беретін, жалпы орта білім беретін мектептің оқушыларына ақпараттық модельдеуді оқытудың мазмұндық-әдістемелік қорын құру қажет болып табылады.

1. Соколова, Л.Б., Гороховцева, Л.А. Формирование умений информационного моделирования у студентов // Credo New теоретический журнал. 2004. 3 с.
2. Кузнецов А.А., Бешенков С.А., Ракитина Е.А., Матвеева Н.В., Милохина Л.В. Непрерывный курс информатики (концепция, система модулей, типовая программа) // Информатика и образование. 2005. №1.–С.15-25.
3. Учебная программа «Информатика» для 7-9 классов общеобразовательной школы. – Астана, 2010. – 14 с.
4. Буребаев Б., Нақесбеков Б., Мадьярова Г. Основы информатики и вычислительной техники. 9 класс. – Алматы: Мектеп, 2005.
5. Ермеков Н.Т., Стифутин Н., Криворучко В., Кафтункина Л. Информатика. Базовый курс. 10-11 класс. – Алматы: Атамура, 2003.
6. Белошапка В.К., Лесневский А.С. Основы информационного моделирования // Информатика и образование.-1989. - № 3. - С.17 -24.

ӘОЖ 378.14

М.А. Асқарова

ҚҰРАМЫНДА САННЫҢ БҮТІН НЕМЕСЕ БӨЛШЕК БӨЛІКТЕРІ БАР ТЕҢДЕУЛЕРДІ ШЕШУ

(Алматы қ., Абай атындағы ҚазҰПУ)

Мақалада құрамында белгісіз айнымалының бүтін және (немесе) бөлшек бөлігі бар теңдеулер қарастырылды. Мұндай есептерді шешу стандартты емес әдістер қатарына жатады. Мектептегі математика бағдарламасында нақты санның бүтін және (немесе) бөлшек бөлігі бар теңдеулерді шешу қарастырылмайды. Мақалада мысалдар арқылы көптеген теңдеуді шешу барысында осы әдістер мен тәсілдерді қолдану қарастырылды.

В статье рассматриваются уравнения, содержащие целую и (или) дробную части неизвестной переменной. К числу нестандартных относятся, методы решения таких задач. В программе школьной математики уравнения, которые содержат целые и (или) дробные части действительных чисел не изучаются. В статье применение

существующих методов и приемов иллюстрируется на примерах решения ряда уравнений.

In this paper we consider equations containing integer and (or) the fractional part of the unknown variable. Among the non-standard include methods for solving such problems. The program of school mathematics methods for solving equations that contain integers and (or) the fractional part of the real numbers are studied. In this paper the application of existing methods and techniques illustrated by the examples of a number of solutions of equations.

Түйін сөздер: құрамында белгісіз айнымалының бүтін және (немесе) бөлшек бөлігі бар теңдеулер, антъе, нақты сандар, стандартты емес.

Ключевые слова: уравнения, содержащие целую и (или) дробную части неизвестной переменной, антъе, действительные числа, нестандартные

Keywords: equations containing integer and (or) the fractional part of the unknown variable, Antje, real numbers, non-standard

Қазіргі заман математика ғылымының өте кең тараған кезеңі. Ал, талапқа сай математикалық білім берудің басты шарты математикалық мәдениеттің деңгейін көтеру болып табылады.

Математикалық есептерді шешу, теоремаларды дәлелдеу білім алушылардың ойын оятып, ойлау, есте сақтау қабілеттерін дамытуда, шығармашылық ізденіске тәрбиелейді. Ендеше білім алушылардың математикаға дайындығын жан-жақты жетілдіру аса маңызды міндеттердің бірі.

Құрамында санның бүтін және (немесе) бөлшек бөліктері бар теңдеулерді шешу әдістері стандартты емес әдістер қатарына жатады. Мектептегі математика бағдарламасында мұндай теңдеулерді шешу әдістері қарастырылмайды. Мақалада мысалдар арқылы көптеген теңдеулерді шешу барысында осы әдістер мен тәсілдерді қолдануды қарастырамыз.

Нақты x санының бүтін бөлігі (немесе антъе) деп, x санынан аспайтын ең үлкен бүтін санды айтады, және осы санды $[x]$ арқылы белгілейді. Яғни, $[x] \leq x$ болатыны түсінікті. Ал, $x - [x]$ айырмасы x санының бөлшек (немесе мантиссасы) бөлігі деп аталады, оны $\{x\}$ арқылы белгілейді. Анықтамадан, $0 \leq \{x\} < 1$ екені шығады.

$[x]$ және $\{x\}$ анықтамаларынан:

$$x = [x] + \{x\} \quad (1)$$

және

$$0 \leq x - [x] < 1 \quad (2)$$

орындалатыны шығады.

Мысалы, $[6] = 6$; $[2,45] = 2$; $[\sqrt{3}] = 1$; $[-4,15] = -5$ және $\{5\} = 0$; $\{3,77\} = 0,77$; $\{-4,15\} = 0,85$.

Жоғарыда ендірген нақты санның бүтін бөлігі ұғымының кейбір қасиеттерін атап өтейік.

Еркінше берілген нақты $x_1, x_2, x_3, \dots, x_n$ ($n \geq 1$) сандары үшін $[x_1] + [x_2] + \dots + [x_n] \leq [x_1 + x_2 + \dots + x_n]$ теңсіздігі орындалады.

Бұдан басқа, кез келген нақты x саны үшін келесі қос теңсіздік:

$$[x] \leq x < [x] + 1 \quad (3)$$

орынды.

Енді құрамында белгісіз айнымалының бүтін және (немесе) бөлшек бөлігі бар теңдеулерді қарастырайық.

1. $[x^2 - 5x] = x + 7$, (4)

теңдеуін шешіндер.

Шешуі: $[x^2 - 5x]$ – бүтін сан, онда $x + 7$ – де бүтін сан. Олай болса, x – те бүтін

сан болады. Бұл жағдайда $[x^2 - 5x] = x^2 - 5x$ және (4) теңдеуі $x^2 - 5x = x + 7$ немесе $x^2 - 6x - 7 = 0$ түріне келеді. Осы соңғы теңдеудің бүтін түбірлері $x_1 = -1$ және $x_2 = 7$ болады.

Жауабы: $x_1 = -1, x_2 = 7$.

$$2. \quad \left[\frac{2x-1}{3} \right] = \frac{x-1}{2}, \quad (5)$$

теңдеуін шешіндер.

Шешуі: $\frac{x-1}{2} = y$ арқылы белгілейік. Сонда $x = 2y + 1$ және (5) теңдеуі

$$\left[\frac{4x+1}{3} \right] = y, \quad (6)$$

түріне келеді, мұндағы y – бүтін сан.

$$(6) \text{ теңдеуден } (2) \text{ теңдеуі бойынша қос } 0 \leq \frac{4y+1}{3} - y < 1 \text{ немесе } -1 \leq y < 2$$

теңсіздігін аламыз.

Ал, y – бүтін сан болғандықтан және $-1 \leq y < 2$, онда $y_1 = -1, y_2 = 0$ және $y_3 = 1$. Бірақ $x = 2y + 1$, сондықтан $x_1 = -1, x_2 = 1$ және $x_3 = 3$ – ке тең.

Жауабы: $x_1 = -1, x_2 = 1, x_3 = 3$.

$$3. \quad [x] + [2x] = 3, \quad (7)$$

теңдеуін шешіндер.

Шешуі: Үш жағдайын қарастырамыз.

1. Егер $[x] < 1$ болса, онда $[2x] < 2$ және $[x] + [2x] < 3$ болады, яғни (7) теңдеудегі теңдік орындалмайды. Демек, (7) теңдеудің тек қана $x \geq 1$ түбірлері болуы мүмкін.

2. $[x] = 1$ болсын, сонда (7) теңдеуінен $[2x] = 3 - [x] = 2$ шығады.

Демек, $[x] = 1$ және $[2x] = 2$ – ге тең болуынан, келесі теңсіздіктер жүйесі алынады:

$$\begin{cases} 1 \leq x < 2, \\ 2 \leq 2x < 3. \end{cases}$$

Осы теңсіздіктер жүйесінің шешімі: $1 \leq x \leq 1,5$.

3. Егер $[x] > 1$ болса, онда $[2x] > 2$ және $[x] + [2x] > 3$ болады. Олай болса, (7) теңдеуінің $x \geq 2$ болғанда шешімі болмайды.

Сонымен, (7) теңдеуінің шешімі: $1 \leq x < 1,5$.

Жауабы: $1 \leq x < 1,5$.

$$4. \quad [x] = \{2x\} + 4, \quad (8)$$

теңдеуін шешу керек.

Шешуі: (8) теңдеуінен

$$\{x\} = \frac{[x]-4}{2}, \quad (9)$$

жазамыз. (2) – дегі қос теңсіздікті ескерсек, онда $0 \leq \frac{[x]-4}{2} < 1$, $0 \leq [x]-4 < 2$ немесе $4 \leq [x] < 6$ теңсіздігін аламыз. $[x]$ – бүтін сан, онда $4 \leq [x] < 6$ теңсіздігінен $[x_1] = 4$ және $[x_2] = 5$ табылады.

Осы табылған $[x_1] = 4$ және $[x_2] = 5$ мәндерін (9) формулаға қойсақ, сонда $\{x_1\} = \frac{[x_1]-4}{2} = 0$ және $\{x_2\} = \frac{[x_2]-4}{2} = \frac{1}{2}$ алынады. Ал, $x = [x] + \{x\}$ тең, онда $x_1 = 4 + 0 = 4$

және $x_2 = 5 + \frac{1}{2} = 5,5$.

Жауабы: $x_1 = 4, x_2 = 5,5$.

5.
$$7x - 4[x] = 3\{x\} + 8, \quad (10)$$

теңдеуін шешіндер.

Шешуі: Анықтама бойынша $x = [x] + \{x\}$ болса, онда (10) теңдеуі

$$7([x] + \{x\}) - 4[x] = 3\{x\} + 8 \quad \text{немесе} \quad \{x\} = \frac{8 - 3[x]}{4} \quad (11)$$

түріне келеді.

Ал, $0 \leq \{x\} < 1$ болғандықтан, онда $0 \leq \frac{8 - 3[x]}{4} < 1$ болады. Бұдан $0 \leq 8 - 3[x] < 4$ немесе $\frac{4}{3} < [x] \leq \frac{8}{3}$. Анықтамасы бойынша $[x]$ – бүтін сан, сондықтан $\frac{4}{3} < [x] \leq \frac{8}{3}$ қос теңсіздігінен $[x] = 2$ алынады.

Егер $[x_1] = 2$ – ні (11) формулаға апарып қойсақ, онда $\{x_1\} = \frac{1}{2}$ тең. Ал, $x = [x] + \{x\}$

екені белгілі, олай болса, $x_1 = 2 + \frac{1}{2} = 2,5$.

Жауабы: $x_1 = 2,5$.

6.
$$\{2\{2x\}\} = x, \quad (12)$$

теңдеуін шешіндер.

Шешуі: (12) теңдеуден, $0 \leq x < 1$ шығады. Төрт жағдайды қарастырамыз.

1. $0 \leq x < \frac{1}{4}$ болсын. Сонда $0 \leq 2x < \frac{1}{2}$, $\{2x\} = 2x$, $\{2\{2x\}\} = \{4x\} = 4x$ және теңдеу $4x = x$ түріне келеді. Бұдан $x_1 = 0$.

2. $\frac{1}{4} \leq x < \frac{1}{2}$ болсын. Бұл жағдайда $\frac{1}{2} \leq 2x < 1$, $\{2x\} = 2x$ және $\{2\{2x\}\} = \{4x\}$. Ал, $1 \leq 4x < 2$, онда $\{4x\} = 4x - 1$ және теңдеуі $4x - 1 = x$, яғни $x_2 = \frac{1}{3}$ түрінде жазуға болады. x_2 мәні қарастырып отырған аралыққа тиісті екенін атап өткеніміз жөн.

3. $\frac{1}{2} \leq x < \frac{3}{4}$ болсын. Сонда $1 \leq 2x < \frac{3}{2}$, $\{2x\} = 2x - 1$ және $\{2\{2x\}\} = \{4x - 2\}$, $2 \leq 4x < 3$ екенін ескерсек, $0 \leq 4x - 2 < 1$, $\{4x - 2\} = 4x - 2$ аламыз және теңдеуден $4x - 2 = x$ шығады. Осыдан $x_3 = \frac{2}{3}$ – ке тең. Ал, $\frac{1}{2} \leq x_3 < \frac{3}{4}$, демек x_3 – берілген теңдеудің түбірі.

4. $\frac{3}{4} \leq x < 1$ болсын. Ал, $\frac{3}{2} \leq 2x < 2$ болса, онда $\{2x\} = 2x - 1$ және $\{2\{2x\}\} = \{4x - 2\}$. Соншалықты, $3 \leq 4x < 4$ және $1 \leq 4x - 2 < 2$ болса, онда $\{4x - 2\} = 4x - 3$ және теңдеу $4x - 3 = x$ түріне келеді. Бұдан $x = 1$. Бірақ $0 \leq x < 1$ екені белгілі. Сондықтан $x = 1$ (12) теңдеуге түбір болмайды.

Жауабы: $x_1 = 0, x_2 = \frac{1}{3}, x_3 = \frac{2}{3}$.

7.
$$x = \left[\frac{x}{2} \right] + \left[\frac{x}{3} \right] + \left[\frac{x}{4} \right] + \left[\frac{x}{5} \right] + \left[\frac{x}{6} \right], \quad (13)$$

теңдеуін шешіндер.

Шешуі: (3) қасиетті пайдаланып, келесі теңсіздіктерді жазуға болады:
 $\left[\frac{x}{2}\right] \leq \frac{x}{2} < \left[\frac{x}{2}\right] + 1; \left[\frac{x}{3}\right] \leq \frac{x}{3} < \left[\frac{x}{3}\right] + 1$ және $\left[\frac{x}{6}\right] \leq \frac{x}{6} < \left[\frac{x}{6}\right] + 1.$

Ал, $\frac{x}{2} + \frac{x}{3} + \frac{x}{6} = x$ тең, онда жоғарыдағы қос теңсіздіктерді қосқаннан кейін келесі теңсіздікті аламыз:

$$\left[\frac{x}{2}\right] + \left[\frac{x}{3}\right] + \left[\frac{x}{6}\right] \leq x < \left[\frac{x}{2}\right] + \left[\frac{x}{3}\right] + \left[\frac{x}{6}\right] + 3.$$

(13) теңдеуді ескерсек, осыдан

$$0 \leq \left[\frac{x}{4}\right] + \left[\frac{x}{5}\right] < 3, \quad (14)$$

қос теңсіздігі алынады.

$\left[\frac{x}{5}\right] \leq \left[\frac{x}{4}\right]$ болатындықтан, (14) теңсіздігінен $0 \leq 2 \cdot \left[\frac{x}{5}\right] < 3$ немесе $0 \leq \left[\frac{x}{5}\right] < \frac{3}{2}$ шығады. $\left[\frac{x}{5}\right]$ – бүтін сан, онда бұдан $\left[\frac{x}{5}\right] = 0$ және $\left[\frac{x}{5}\right] = 1$ аламыз. Демек, $0 \leq x < 10$ болады.

(13) теңдеуден, x – бүтін сан екені шығады. Ал, $0 \leq x < 10$ болса, онда x – тің 0 – ден 9 – ға дейінгі бүтін мәндерін тексеру керек. Тексеру арқылы, (13) теңдеудің түбірлері $x_1 = 0, x_2 = 4, x_3 = 5$ сандары болатынын анықтадық.

Жауабы: $x_1 = 0, x_2 = 4, x_3 = 5.$

8.
$$[2x - x^2] = \left[x^2 + \frac{1}{2}\right], \quad (15)$$

теңдеуін шешіндер.

Шешуі: Кез келген x үшін $(x-1)^2 \geq 0$ дұрыс, онда $2x - x^2 \leq 1$. Бұдан басқа, $x^2 + \frac{1}{2} \geq \frac{1}{2}$ екені айқын. Осыған байланысты, $[2x - x^2] \leq 1$, $\left[x^2 + \frac{1}{2}\right] \geq 0$ және (15) теңдеуден екі теңдеулер жүйелерінің жиынтығы алынады:

$$\begin{cases} [2x - x^2] = 0, \\ \left[x^2 + \frac{1}{2}\right] = 0 \end{cases} \text{ және } \begin{cases} [2x - x^2] = 1, \\ \left[x^2 + \frac{1}{2}\right] = 1. \end{cases}$$

Осыдан екі теңсіздіктер жүйелерін аламыз.

$$\begin{cases} 0 \leq 2x - x^2 < 1, \\ 0 \leq x^2 + \frac{1}{2} < 1 \end{cases} \text{ және } \begin{cases} 1 \leq 2x - x^2 < 2, \\ 1 \leq x^2 + \frac{1}{2} < 2. \end{cases}$$

Бірінші жүйенің шешімі: $0 \leq x < \frac{\sqrt{2}}{2}$, ал екінші жүйенің шешімі: $x_1 = 1$.

Жауабы: $0 \leq x < \frac{\sqrt{2}}{2}$, $x_1 = 1$.

9.
$$x(x-2) \cdot [x] = \{x\} - 1, \quad (16)$$

теңдеуін шешіндер.

Шешуі: (1) формуладан $\{x\} = x - [x]$ алынады. Осыған байланысты (16) теңдеуді $x(x-2) \cdot [x] = x - [x] - 1$ түрінде жазуға болады.

Осыдан

$$[x] \cdot (x-1)^2 = x - 1, \quad (17)$$

теңдеуі шығады. $x_1 = 1$ (17) теңдеуінің түбірі болады. $x \neq 1$ болсын делік. Сонда (17) теңдеуінің екі жағын да $(x-1)$ -ге бөліп,

$$[x] \cdot (x-1) = 1, \quad (18)$$

теңдеуін аламыз.

Егер $x < 0$ болса, онда $[x] \leq -1$ және $x-1 < -1$. Бұл жағдайда $[x] \cdot (x-1) > 1$.

Егер $0 \leq x < 1$ болса, онда $[x] = 0$ және $[x] \cdot (x-1) = 0$.

Егер $1 < x < 2$ болса, онда $[x] = 1$ және $0 < x-1 < 1$, сонда $[x] \cdot (x-1) < 1$.

Егер $x \geq 2$ болса, онда $[x] \geq 2, x-1 \geq 1$ және $[x] \cdot (x-1) > 1$. Осыдан, (18) теңдеудің түбірі болмайтындығы шығады. Демек, (16) теңдеудің $x_1 = 1$ жалғыз түбірі болады.

Жауабы: $x_1 = 1$.

$$10. \quad \cos\left(\frac{\pi}{6} + \left[\frac{\pi}{6x}\right]\right) = \frac{\sqrt{3}}{2}, \quad (19)$$

теңдеуін шешіндер.

Шешуі: (19) тригонометриялық теңдеуді шешіп,

$$\frac{\pi}{6} + \left[\frac{\pi}{6x}\right] = \pm \frac{\pi}{6} + 2\pi k, k \in Z \quad (20)$$

теңдеуін аламыз, (20) теңдеуінен теңдеулер жиынтығын аламыз.

$$\left[\frac{\pi}{6x}\right] = 2\pi k \quad \text{және} \quad \left[\frac{\pi}{6x}\right] = -\frac{\pi}{3} + 2\pi k, k \in Z.$$

Екі теңдеудің де сол жақ бөліктері рационал сандар, сонымен бірге олардың оң жақ бөліктері (бірінші теңдеудегі $k = 0$ болған жағдайынан басқа) иррационал мәндерді қабылдайды.

Демек, теңдеулер жиынтығының теңдеуіндегі теңдік, олардың оң жақ бөліктері рационал (дәлірек айтқанда бүтін) сандар болған жағдайда ғана орындалады. Ал, бұл бірінші теңдеуде $k = 0$ болғанда ғана мүмкін. Осы жағдайда $\left[\frac{\pi}{6x}\right] = 0$, бұдан $0 \leq \frac{\pi}{6x} < 1$

немесе $x > \frac{\pi}{6}$ шығады.

Жауабы: $x > \frac{\pi}{6}$.

$$11. \quad \frac{x}{2} + \frac{2}{x} = [x], x > 0, \quad (21)$$

теңдеуін шешіндер.

Шешуі: $x > 0$, онда $[x] = n$, мұндағы n – бүтін теріс емес сандар. Сонда (21) теңдеуден

$$\frac{x}{2} + \frac{2}{x} = n \quad \text{немесе} \quad x^2 - 2nx + 4 = 0 \quad (22)$$

теңдеуі алынады. (22) теңдеудің түбірлері $x_{1,2} = n \pm \sqrt{n^2 - 4}$ болады. x_1, x_2 түбірлері болуы үшін $n \geq 2$ болуы қажет.

$n = 2$ болсын, сонда $x = n \pm \sqrt{n^2 - 4} = 2$. Демек, (21) теңдеуінің $x_1 = 2$ түбірі болады.

Егер $n \geq 3$ болса, онда $\sqrt{n^2 - 4} > 1$ болады және $x_1 > n+1, x_2 < n-1$, ал бұл өз кезегінде $[x_1] > n$ және $[x_2] < n$ болатынын білдіреді. Бірақ та осы әрбір теңсіздік $[x] = n$ теңдігіне қайшылықта болады. Олай болса, x_1 және x_2 – нің осы мәндері (21) теңдеуге түбірі бола алмайды.

Жауабы: $x_1 = 2$.

12.
$$x^2 - 10 \cdot [x] + 9 = 0, \quad (23)$$

теңдеуін шешіндер.

Шешуі: Егер $x < 0$ болса, онда $[x] \leq 0$ және сонда $x^2 - 10 \cdot [x] + 9 > 0$ болады. Демек, (2) теңдеуінің түбірлері $x \geq 1$ сандары ғана бола алады. Егер $[x] = k$ арқылы белгілесек, k – бүтін сан, онда $k \geq 1$ болады.

Сонымен, $[x] = k$ болсын, сонда (23) теңдеуі $x^2 - 10k + 9 = 0$ түрінде болады, бұдан $x = \sqrt{10k - 9}$ тең. Осыдан (2) теңсіздігі бойынша келесі қос теңсіздікті жазамыз:

$$k \leq \sqrt{10k - 9} < k + 1, \quad (24)$$

мұндағы $k \geq 1$. Егер (24) қос теңсіздігін квадрат дәрежеге шығарсақ, онда

$$\begin{cases} k^2 - 10k + 9 \leq 0, \\ k^2 - 8k + 10 > 0. \end{cases} \quad (25)$$

(25) теңсіздіктер жүйесін аламыз.

(25) теңсіздіктер жүйесінің шешімі: $1 \leq k < 4 - \sqrt{6}$ және $4 + \sqrt{6} < k \leq 9$. Ал, мұндағы k – бүтін сан, онда $k_1 = 1, k_2 = 7, k_3 = 8, k_4 = 9$ тең. Осында, $x = \sqrt{10k - 9}$ екенін ескерсек, онда $x_1 = 1, x_2 = \sqrt{61}, x_3 = \sqrt{71}$ және $x_4 = 9$.

Жауабы: $x_1 = 1, x_2 = \sqrt{61}, x_3 = \sqrt{71}, x_4 = 9$.

13.
$$\left[\frac{x^3 - 3x^2 + 2x}{6} \right] = x - 2, \quad (26)$$

теңдеуін шешіндер.

Шешуі: (26) теңдеудің сол жақ бөлігі тек қана бүтін сандарды қабылдайды, сондықтан x – бүтін сан болады.

Алайда, $x^3 - 3x^2 + 2x = x(x-1)(x-2)$ болса, онда кез келген бүтін x – те $x^3 - 3x^2 + 2x$ көпмүшесі OX сан осінде тізбектеле орналасқан үш санның көбейтіндісін өрнектейді, осы сандардың ішінде ең болмағанда біреуі жұп сан және 3 – ке еселік болуы керек. Олай болса, $x^3 - 3x^2 + 2x$ көпмүшесі 6 – ға қалдықсыз бөлінеді, яғни $\frac{x^3 - 3x^2 + 2x}{6}$ – бүтін сан болады.

Осыған байланысты $\left[\frac{x^3 - 3x^2 + 2x}{6} \right] = \frac{x^3 - 3x^2 + 2x}{6}$ және (26) теңдеуі

$$\frac{x^3 - 3x^2 + 2x}{6} = x - 2 \quad \text{немесе} \quad x^3 - 3x^2 - 4x + 12 = 0, \quad (27)$$

түріне келеді.

Ал, $x^3 - 3x^2 - 4x + 12 = (x-3)(x^2 - 4)$ тең, онда (27) теңдеуінің түбірлері: $x_1 = 3, x_2 = -2$ және $x_3 = 2$ болады.

Жауабы: $x_1 = 3, x_2 = -2, x_3 = 2$.

14.
$$[x] + [x + 0,5] = [2x], \quad (28)$$

теңдігін дәлелдендер, x – еркінше берілген нақты сан.

Дәлелдеуі: (28) теңдігін дәлелдеу үшін x санын өрнектеудің екі нұсқасын қарастырамыз.

1. $x = y + a$ болсын, мұндағы y – бүтін сан және $0 \leq x < 0,5$. Сонда $[x] + [x + 0,5] = [y + a] + [y + a + 0,5] = y + y = 2y$ және $[2x] = [2y + 2a] = 2y$.

2. $x = y + a + 0,5$ болсын, мұндағы y – бүтін сан және $0 \leq x < 0,5$. Сонда

$[x] + [x + 0,5] = [y + a + 0,5] + [y + a + 1] = y + (y + 1) = 2y + 1$ және $[2x] = [2y + 2a + 1] = 2y + 1$.

Екі жағдайда да (28) теңдігі орындалады, ал x – ті өрнектеудің басқа нұсқасы жоқ, олай болса еркінше берілген x саны үшін талап етілген теңдікті дәлелдеу орындалды.

Құрамында белгісіз айнымалының бүтін және (немесе) бөлшек бөлігі бар теңдеулерді шеше отырып, білім алушылардың бойында тек есеп шығара білу қабілеті емес, оның мазмұнын да түсіне білу нышандары, пәнге қызығушылық қасиеттерін, біліктіліктерін дамытуға, қалыптастыруға болады.

1. Арлазаров В.В., Татаринцев А.В., Тиханина И.Г., Чекалкин Н.С. Сборник задач по математике для физико-математических школ. М., 2007.
2. Жуков А.В., Самовол П.И., Аппельбаум М.В. Элегантная математика. М., 2005.
3. Асқарова М.А. Теңдеулер, теңсіздіктер және олардың жүйелерін шешу: оқу құралы. – Алматы: Абай атындағы ҚазҰПУ, 2012 – 150 бет.

ӘОЖ 374.58

М.А. Асқарова

КЕҢІСТІКТЕГІ КЕСІНДІЛЕРДІҢ ҚАТЫНАСТАРЫНА БЕРІЛГЕН ЕСЕПТЕРДІ ШЕШУ

(Алматы қ., Абай атындағы ҚазҰПУ)

Мақалада келесі есептер тобын – кесінділердің қатынастары жайлы есептер қарастырылады. Осындай есептердің түрі өте жиі кездеседі, онда берілген жазықтық қандай да бір кесіндіні қандай қатынаста бөлетінін анықтау талап етіледі. Есепте берілген жазықтық кейбір көпжақтардың қиюшы жазықтығы болып табылады, ал кесінді көпжақтың қырларының бірі, немесе биіктігі ретінде алынады (басқа кесінділер түрінде сирек кездеседі). Координата әдісі мен векторды қолдануға негізделген осы сипаттағы стереометриялық есептерді шешу әдістері қарастырылады.

В статье рассматривается следующая группа задач – задачи об отношениях отрезков. Это довольно распространенный тип задач, в которых требуется определить в каком отношении данная плоскость делит какой-либо отрезок. В задаче, такая плоскость является секущей плоскостью некоторого многогранника, а отрезком, упомянутым выше, служит или одно из ребер многогранника, или высота (реже встречаются другие отрезки). В статье рассматриваются методы решения таких стереометрических задач, которые основаны на применении векторов и метода координат.

The article discusses the following group tasks - the problem of the relationship of segments. It's pretty grafting the type of tasks that need to determine in what way this plane divides a segment. In the problem, such a plane is a plane sekuyuschey of a polyhedron, and the segment mentioned above, or is one of the edges of a polyhedron, or height (less often other segments). The paper discusses methods for solving such problems stereometrical that methods based on the use of vectors and coordinate methods, still demonstrate by example.

Түйін сөздер: кесінділердің қатынасы, стереометрия, вектор, координата әдісі, базистік векторлар, компланар векторлар, коллинеар векторлар, кеңістік.

Ключевые слова: отношение отрезков, стереометрия, вектор, метод координат, базисный вектор, компланарные векторы, коллинеарные векторы, пространство.

Keywords: the ratio of the segments, solid geometry, vector, methods of coordinate, basis vector, coplanar vectors, collinear vectors, space.

Стереометрия курсынан келесі есептер тобын – кесінділердің қатынастары жайлы есептерді қарастырамыз. Осындай есептердің түрі өте жиі кездеседі, онда берілген жазықтық қандай да бір кесіндіні қандай қатынаста бөлетінін анықтау талап етіледі. Есепте берілген жазықтық кейбір көпжақтардың қиышы жазықтығы болып табылады, ал кесінді көпжақтың қырларының бірі, немесе биіктігі ретінде алынады (басқа кесінділер түрінде сирек кездеседі). Осыған ұқсас есептерді шешу базистік үш векторды таңдап алуға байланысты (әдетте, мысалы, көпжақтарға байланысты, оның бір төбесінен шығатын қырлары). Содан соң, белгісіз шамаларды анықтауға тиістілерді енгізу керек. Көбінесе, олар үш жағдайда болады: біреуі – ізделінді қатынасты табуға, ал қалған екеуі – берілген жазықтыққа тиісті үш вектордың компланарлық шартының коэффициенттерін табуға мүмкіндік береді. Сосын қандай да бір вектордың екі тәсілмен базисі бойынша жіктелуін (жіктелуі біреу ғана болады) жазып, оның жіктелуіндегі коэффициенттерін теңестіріп, нәтижесінде енгізілген үш айнымалысы бар үш теңдеу алынады. Координата әдісі мен векторды қолдануға негізделген осы сипаттағы стереометриялық есептерді шешу әдістерін қарастырамыз.

1-есеп. $ABCD A_1 B_1 C_1 D_1$ кубының $AB, CC_1, A_1 D$ қырларының ортасынан N, M, P нүктелері алынған. BD_1 түзуі NMP жазықтығымен қиылыса ма? Егер түзу мен жазықтық қиылысса, қиылысу нүктесі BD_1 диагоналын қандай қатынаста бөледі?

Шешуі: Координата жүйесін енгіземіз (1-сурет). Кубтың қиырын 1-ге тең деп аламыз.

N, M, P нүктелері жазықтықты анықтайды. Есептің шартындағы нүктелердің координаталары: $A(1;0;0), B(1;1;0), C(0;1;0), A_1(1;0;1), C_1(0;1;1), D_1(0;0;1), N\left(1; \frac{1}{2}; 0\right), P\left(\frac{1}{2}; 0; 1\right), M\left(0; 1; \frac{1}{2}\right)$.


NMP жазықтығының теңдеуін табамыз. Оны $mx + ny + cz + d = 0$ түрінде іздейміз. Үш нүкте арқылы жазықтық жүргізуге болады. Үш нүкте үшін келесі теңдеулер жүйесін аламыз:

$$\begin{cases} m + \frac{1}{2}n + d = 0, \\ n + \frac{1}{2}c + d = 0, \\ \frac{1}{2}m + c + d = 0, \end{cases} \quad \begin{cases} 2m + n + 2d = 0, \\ 2n + c + 2d = 0, \\ m + 2c + 2d = 0. \end{cases}$$


Жүйеден $m = n = c = -\frac{2}{3}d$, бұдан $2x + 2y + 2z - 3 = 0$ ізделінді жазықтық теңдеуі алынды.

BD_1 түзуі NMP жазықтығымен $K(l; p; f)$ нүктесінде қиылыссын. $\overrightarrow{BD_1}(-1; -1; 1)$ және $\overrightarrow{BK}\{l-1; p-1; f\}$ векторларының коллинеарлығынан

$$\frac{l-1}{-1} = \frac{p-1}{-1} = \frac{f}{1} = \lambda \text{ жазамыз, осыдан } l-1 = -\lambda, p-1 = -\lambda, f = \lambda, \text{ және } l = 1-\lambda, p = 1-\lambda, f = \lambda.$$



1-сурет



2-сурет

Ал, $K(1-\lambda, 1-\lambda, \lambda)$ нүктесі жазықтыққа тиісті, онда $2-2\lambda+2-2\lambda+2\lambda-3=0$ теңдігі орындалады, бұдан $\lambda = \frac{1}{2}$. Демек, BD_1 диагонали NMP жазықтығын $K\left(\frac{1}{2}; \frac{1}{2}; \frac{1}{2}\right)$ нүктесінде қияды. Әрі қарай $\overrightarrow{KD_1}\left(-\frac{1}{2}; -\frac{1}{2}; \frac{1}{2}\right), \overrightarrow{KB}\left(\frac{1}{2}; \frac{1}{2}; -\frac{1}{2}\right)$ табамыз. Есептемей-ақ $|\overrightarrow{KD_1}| = |\overrightarrow{KB}|$ екенін айтуға болады, ізделінді қатынас бірге тең.

Жауабы: Қиылысады, 1:1 қатынасында бөлінеді.

2-есеп. $ABCA_1B_1C_1$ үшбұрышты призманың AB және BB_1 қырларынан P және K нүктелері алынған, $AP = 3 \cdot PB, B_1K = 4 \cdot BK$. O нүктесі – BB_1CC_1 жағының диагоналарының қиылысу нүктесі. PKO жазықтығы AC қырын қандай қатынаста бөледі?

Шешуі: PKO жазықтығы AC қырын N нүктесінде қияды және $\overrightarrow{BA} = \vec{a}, \overrightarrow{BB_1} = \vec{b}, \overrightarrow{BC} = \vec{c}$ базистік векторлар болсын (2-сурет). \overrightarrow{AN} және \overrightarrow{AC} коллинеар векторлар, $\overrightarrow{AN} = x \cdot \overrightarrow{AC} = x(\vec{c} - \vec{a})$.

Сонымен,

$$\overrightarrow{AN} = x \cdot \vec{a} + x \cdot \vec{c}, \quad (1)$$

түрінде жазылады.

Екінші жағынан,

$$\overrightarrow{AN} = \overrightarrow{AB} + \overrightarrow{BK} + \overrightarrow{KN} = -\vec{a} + \frac{1}{5}\vec{b} + \overrightarrow{KN}, \quad (2)$$

Есептің шарты бойынша K, O, N, P нүктелері бір жазықтыққа тиісті, $\overrightarrow{KO}, \overrightarrow{KN}, \overrightarrow{KP}$ компланар векторлар. Сондықтан $\overrightarrow{KN} = y \cdot \overrightarrow{KP} + z \cdot \overrightarrow{KO} = y(\overrightarrow{KB} + \overrightarrow{BP}) + z(\overrightarrow{KB} + \overrightarrow{BO}) = y\left(-\frac{1}{5}\vec{b} + \frac{1}{4}\vec{a}\right) + y\left(-\frac{1}{5}\vec{b} + \frac{1}{2}(\vec{b} + \vec{c})\right)$, мұндағы y, z – қандай да бір сандар.

Демек, (2)-ні ескеріп $\overrightarrow{AN} = \left(-1 + \frac{1}{4}y\right)\vec{a} + \left(\frac{1}{5} - \frac{1}{5}y + \frac{3}{10}z\right)\vec{b} + \frac{1}{2}z\vec{c}$ жазамыз.

\overrightarrow{AN} векторын компланар емес a, b, c үш вектор бойынша бір ғана түрде жіктеуге болатындығынан және (1) мен (2) өрнектердегі сәйкес коэффициенттерін теңестіріп, келесі теңдеулер жүйесін аламыз:

$$\begin{cases} -1 + \frac{1}{4}y = -x, \\ \frac{1}{5} - \frac{1}{5}y + \frac{3}{10}z = 0, \\ \frac{1}{2}z = x. \end{cases}$$

Жүйенің бірінші теңдеуінен $y = 4 - 4x$, үшінші теңдеуінен $-z = 2x$ -ке тең. Осы өрнектерді екінші теңдеуге апарып қойып, $\frac{1}{5} - \frac{1}{5}(4 - 4x) + \frac{3}{5}x = 0$ аламыз, бұдан $x = \frac{7}{3}$, яғни $AN : AC = 3 : 7$, ал $AN : NC = 3 : 4$ болады.


Жауабы: 3 : 4.

Ескерту: Айнымалы y пен z есепті шешуде көмекші рөл ретінде болғанын байқадық. Оны анықтау міндетті емес.


3-есеп. $SABC$ үшбұрышты пирамиданың SA, AB, BC және CS қырларынан сәйкес K, N, P және T нүктелері алынған. Егер тек қана

$$\frac{SK}{KA} \cdot \frac{AP}{PB} \cdot \frac{BN}{NC} \cdot \frac{CT}{TS} = 1 \quad (3)$$

орындалған жағдайда ғана осы төрт нүкте бір жазықтыққа тиісті екенін дәлелдеу керек.



3-сурет



4-сурет

Шешуі: K, P, N, T нүктелері бір жазықтыққа тиісті болсын (3-сурет). Белгілеу енгіземіз:

$$\vec{SA} = \vec{a}, \vec{SB} = \vec{b}, \vec{SC} = \vec{c}, \frac{SK}{SA} = u, \frac{AP}{AB} = v, \frac{BN}{NC} = l, \frac{CT}{TS} = j \text{ және } u \cdot v \cdot l \cdot j = 1 \quad (4)$$

теңдігін дәлелдейміз.

K, N, P және T нүктелерін келесі қатыстар орындалатындай етіп таңдап аламыз:

$$\vec{AP} = \frac{v}{v+1} \cdot \vec{AB} = \frac{v}{v+1} \cdot (\vec{b} - \vec{a}), \quad (5)$$

$$\vec{SK} = \frac{u}{u+1} \cdot \vec{SA} = \frac{u}{u+1} \cdot \vec{a}, \vec{ST} = \frac{1}{j+1} \cdot \vec{c}, \vec{TK} = \frac{j}{j+1} \cdot \vec{c}, \vec{CN} = \frac{1}{l+1} (\vec{b} - \vec{c}).$$

Екінші жағынан, $\vec{AP} = \vec{AK} + \vec{KT} + \vec{TP}$, бірақ $\vec{TP} = x \cdot \vec{TK} + y \cdot \vec{TN}$, ал $\vec{TP}, \vec{TK}, \vec{TN}$ компланар векторлар. Сондықтан:

$$\vec{AP} = \vec{AK} + \vec{KT} + x \cdot \vec{TK} + y \cdot \vec{TN} = -\frac{1}{u+1} \vec{a} + (1-x) \vec{KT} + y \cdot \vec{TN} = -\frac{1}{u+1} \vec{a} + (1-x)(\vec{ST} - \vec{SK}) +$$

$$+ y(\overrightarrow{TC} + \overrightarrow{CN}) = -\frac{1}{u+1}\vec{a} + (1-x)\left(\frac{1}{j+1}\vec{c} - \frac{u}{u+1}\vec{a}\right) + y\left(\frac{1}{j+1}\vec{c} + \frac{1}{l+1}(\vec{b} - \vec{c})\right).$$

Осыдан

$$\overrightarrow{AP} = -\frac{1}{u+1}(1+(1-x)u)\vec{a} + y \cdot \frac{1}{l+1}\vec{b} + \left((1-x) \cdot \frac{1}{j+1} + y \cdot \frac{1}{j+1} - y \cdot \frac{1}{l+1}\right)\vec{c} \quad (6)$$

(5) және (6) теңдіктерінің оң жақтарының коэффициенттерін теңестіріп, келесі жүйені жазамыз:

$$\begin{cases} -\frac{1}{u+1} - (1-x)\frac{u}{u+1} = -\frac{v}{v+1}, \\ y \cdot \frac{1}{l+1} = \frac{v}{v+1}, \\ (1-x)\frac{1}{j+1} + y \cdot \frac{1}{j+1} - y \cdot \frac{1}{l+1} = 0. \end{cases}$$

Осы жүйенің бірінші теңдеуінен $1-x = \left(\frac{v}{v+1} - \frac{1}{u+1}\right) \cdot \frac{u+1}{u}$ – ды екінші теңдеуінен

$y = \frac{v}{v+1} \cdot (l+1)$ – ді табамыз. $(1-x)$ – пен y – ті жүйенің үшінші теңдеуіне апарып қойып, $\left(\frac{v}{v+1} - \frac{1}{u+1}\right) \cdot \frac{u+1}{u} \cdot \frac{1}{j+1} + \frac{v}{v+1}(l+1) = \frac{v}{v+1}$ – ді аламыз, бұдан $\frac{1}{j+1} \cdot \frac{uv-1}{(v+1)(u+1)} \cdot \frac{u-1}{u} + \frac{v \cdot j(l+1)}{(v+1)(j+1)} = \frac{v}{v+1}$, олай болса, $uv-1+uvj(1+1)$. Жакшаны ашып, ұқсас мүшелерін біріктіріп, $u \cdot v \cdot l \cdot j = 1$ алынады, дәлелдеу керегі дәлелденді.

1. Ескерту. Есте сақтау үшін (3) қатынастар жеткілікті. K, P, N, T нүктелері кеңістіктегі тұйық сынықтардың бөліктеріне тиісті (кеңістік төртбұрышы). Ойша осы төртбұрыштың қабырғалары бойынша қозғалып (қозғалуды оның кез келген төбесінен мүмкін жолдың кез келгенінен бастауға болады), осыдан (4) формуланың сол жақ бөлігіндегі көбейткіштердің сәйкес қатынастары ретінде алынады. Мысалы,

$$\begin{array}{ccccccc} C & \rightarrow & B & \rightarrow & A & \rightarrow & S & \rightarrow & C \\ \downarrow & & \downarrow & & \downarrow & & \downarrow & & \\ \frac{CN}{NB} & \cdot & \frac{BP}{PA} & \cdot & \frac{AK}{KS} & \cdot & \frac{ST}{TC} & = & 1. \end{array}$$

2. Ескерту. 2-есептің нәтижесінде берілген үш қатынас бойынша төртіншісін анықтау керек, ал бұл 3-есептің салдары болып табылады. Шынында да, егер 2-есепте

B_1BAC үшбұрышты пирамидасын қарастырсақ, онда 3-есепте $\frac{B_1K}{KB} \cdot \frac{BP}{PA} \cdot \frac{AN}{NC} \cdot \frac{CO}{OB_1} = 1$,

бұдан $\frac{AN}{NC} = \frac{KB}{B_1K} \cdot \frac{PA}{PB} \cdot \frac{OB_1}{CO} = \frac{1}{4} \cdot \frac{3}{1} \cdot \frac{1}{1} = \frac{3}{4}$ алынады.

4-есеп. Үшбұрышты $DABC$ пирамиданың DA, DB, DC қырларынан N, M, K нүктелері алынған, $AN = ND, \frac{DM}{MB} = \frac{2}{3}, \frac{DK}{KC} = \frac{1}{3}$. $O - ABC$ үшбұрышының медианаларының қиылысу нүктесі болсын. NMK жазықтығы DO кесіндісін қандай қатынаста бөледі? Анықтаңдар.

Шешуі: Базистік вектор етіп $\overrightarrow{DA} = \vec{a}, \overrightarrow{DB} = \vec{b}, \overrightarrow{DC} = \vec{c}$ векторларын аламыз.

NMK жазықтығы DO кесіндісімен F нүктесінде қиылыссын. \overrightarrow{DF} және \overrightarrow{DO} коллинеар векторлар, олай болса, $\overrightarrow{DF} = \lambda \cdot \overrightarrow{DO}$. Ал, $O - \triangle ABC$ – ның медианаларының

қиылысу нүктесі, демек $\overrightarrow{DO} = \frac{1}{3}\lambda(\vec{a} + \vec{b} + \vec{c})$ болады және

$$\overrightarrow{DF} = \frac{1}{3}\lambda(\vec{a} + \vec{b} + \vec{c}) \quad (7)$$

F нүктесі NMK жазықтығына тиісті, олай болса, $\overrightarrow{NF} = x\overrightarrow{NK} + y\overrightarrow{NM}$. Әрі қарай,

$$\begin{aligned} \overrightarrow{DF} &= \overrightarrow{DN} + \overrightarrow{NF} = \frac{1}{2}\vec{a} + x(\overrightarrow{DK} - \overrightarrow{DN}) + y(\overrightarrow{DM} - \overrightarrow{DN}) = \frac{1}{2}\vec{a} + x\left(\frac{1}{4}\vec{c} - \frac{1}{2}\vec{a}\right) + y\left(\frac{2}{5}\vec{b} - \frac{1}{2}\vec{a}\right) = \\ &= \frac{1}{2}(1-x-y)\vec{a} + \frac{2}{5}y\vec{b} + \frac{1}{4}x\vec{c}, \end{aligned} \quad (8)$$

(7) және (8)- ден $\frac{1}{3}\lambda\vec{a} + \frac{1}{3}\lambda\vec{b} + \frac{1}{3}\lambda\vec{c} = \frac{1}{2}(1-x-y)\vec{a} + \frac{2}{5}y\vec{b} + \frac{1}{4}x\vec{c}$ алынады.

Кеңістіктің кез келген векторын компланар емес үш вектор бойынша бір ғана түрде жіктеуге болатындықтан

$$\begin{cases} \frac{1}{3}\lambda = \frac{1}{2}(1-x-y), \\ \frac{1}{3}\lambda = \frac{2}{5}y, \\ \frac{1}{3}\lambda = \frac{1}{4}x, \end{cases} \quad \begin{cases} \frac{1}{3}\lambda = \frac{1}{2}\left(1 - \frac{4}{3}\lambda - \frac{5}{6}\lambda\right), \\ y = \frac{5}{6}\lambda, \\ x = \frac{4}{3}\lambda, \end{cases}$$

жүйелерін жазып, λ – ны таптық, мұндағы $\lambda = \frac{6}{17}$.

Сонымен, $\frac{DF}{DO} = \frac{6}{17}$ және $\frac{DF}{FO} = \frac{6}{11}$.

Жауабы: $DF : FO = 6 : 11$.

1. Андреева Е.Г. Математика: сборник задач для поступающих в вузы. М., 2004. – 270с.
2. Асқарова М. Векторлар және оларға амалдар қолдану. Алматы, «Мектеп» – 1981. – 72б.
3. Асқарова М.А. Стереометрия.Теориясы мен есептерді шешу әдістері. Алматы, 2012. – 150б.

UDC 510.10

Abeshev K. Sh.

UNIVERSAL NUMBERINGS FOR FINITE FAMILIES OF Σ_2^{-1} SETS

(Almaty, al-Farabi Kazakh National University)

Біз Ершов иерархиясындағы есептелімді нөміреулердің қасиеттерін зерттейміз. Есептелімді нөмірлеулер теориясының негізгі бағыттарының бірі ол Роджерс жарты торының экстремалды элементтері – универсал нөмірлеулер. Осы мақалада Σ_2^{-1} жиындардан құрастырылған ақырлы үйіріндегі универсал есептелімді нөмірлеулер қасиеттері қарастырылады. Біз Σ_2^{-1} жиындарының ақырлы үйіріндегі универсал есептелімді нөмірлеулер бар екенін көрсеттік.

Мы изучаем свойства вычислимых нумераций в иерархии Ершова. Одно из основных направлений в теории вычислимых нумераций это экстремальные элементы полурешетки Роджерса - универсальные нумерации. В работе исследуются свойства универсальной нумерации конечных семейств Σ_2^{-1} множеств. Мы покажем, что существуют конечные семейства Σ_2^{-1} множеств, для которых существуют универсальные нумерации.

We study the properties of computable numberings in the Ershov hierarchy. One of the main direction in the theory of computable numberings is extreme elements of the Rogers semilattice is universal numberings. We study the properties of the universal numbering of families Σ_2^{-1} sets. We show that there are finite families Σ_2^{-1} sets for which there are universal numberings.

Түйін сөздер: есептелімді нөмірлеулер, универсал нөмірлеулер, Ершов иерархиясы.

Ключевые слова: вычислимые нумерации, главные нумерации, иерархия Ершова.

Keywords: computable numbering, universal numbering, Ershov hierarchy.

Introduction.

Properties of computable numberings in the Ershov hierarchy describes in [1]. Theorem is based on the results of papers [2], [3], [4] and covers some cases of finite families of Σ_2^{-1} sets for which there is a universal numberings. The conditions below may appear rather complicated but encompass all the obstacles to building a universal numbering of which we are aware. The definitions and notions used in this paper can be found, for example, in [5], [6].

Theorem. *There are d.c.e. sets A and B with a universal numbering π of $\{A, B\}$ with $A \not\subseteq B$ and $B \not\subseteq A$ such that for all c.e. sets $A_0 \supseteq A$ we have $A_0 \cap B \neq A \cap B$ and for all c.e. sets $B_0 \supseteq B$ we have $A \cap B_0 \neq A \cap B$.*

Proof. In proof we use tree construction We assuming that $A = A_1 \setminus A_2$ and $B = B_1 \setminus B_2$. We need to build a computable numbering π of the family $\mathcal{F} = \{A, B\}$. For an arbitrary numbering μ of a family of d.c.e. sets, we denote by \mathcal{F}_μ the family of d.c.e. sets enumerated by μ . We fix a number $a \in A - B$ and fix another number $b \in B - A$. We now need to meet, for all computable numberings α of a family of d.c.e. sets and for all c.e. sets A_0 and B_0 , the following

Requirements:

$$\mathcal{R}_\alpha : \mathcal{F}_\alpha = \{A, B\} \rightarrow \exists f \forall e (\alpha(e) = \pi \circ f(e))$$

$$\mathcal{T}_{A_0} : A_0 \supseteq A \rightarrow A_0 \cap B \neq A \cap B$$

$$\mathcal{U}_{B_0} : B_0 \supseteq B \rightarrow A \cap B_0 \neq A \cap B.$$

Background Action.

We set $\pi(0) = A$, $\pi(1) = B$ and $\pi(i) = A$ unless b is already in $\pi(i)$ for $i > 1$.

Strategy for \mathcal{R}_α :

For fixed α we build the computable function f as follows: For each e

1. Wait for $a \in \alpha(e)$ (or $b \in \alpha(e)$).
2. Define $f(e)$ large.
3. Copy A (or B) into $\pi f(e)$.
4. Check if there is some \mathcal{T} -strategy $\sigma \supseteq \tau \langle \infty \rangle$ and some $x_\sigma \notin \alpha(e)$ such that
 - (i) $x_\sigma \in A - B$, or
 - (ii) $x_\sigma \in A \cap B$.

If yes, then stop the definition of f for now and let the current outcome be (finite) until:

- (i) For all $e < s_0$, if $a \in \alpha(e)$ then $x_\sigma \in \alpha(e)$.
- (ii) For all $e < s_0$, if a or $b \in \alpha(e)$ then $x_\sigma \in \alpha(e)$.

When this wait is over, stop waiting and resume the definition of f . s_0 is the stage at which we start waiting.

5. Check if there is some \mathcal{U} -strategy $\sigma \supseteq \tau \hat{\langle \infty \rangle}$ and some $x_\sigma \notin \alpha(e)$ such that

- (i) $x_\sigma \in A - B$, or
- (ii) $x_\sigma \in A \cap B$.

If yes, then stop the definition of f for now and let the current outcome be (finite) until:

- (i) For all $e < s_0$, if $a \in \alpha(e)$ then $x_\sigma \in \alpha(e)$.
- (ii) For all $e < s_0$, if a or $b \in \alpha(e)$ then $x_\sigma \in \alpha(e)$.

When this wait is over, stop waiting and resume the definition of f . s_0 is the stage at which we start waiting.

6. For all $e < s$ if a is removed from $\alpha(e)$ and b is enumerated into $\alpha(e)$ for all $e < s$ then copy B into $\pi f(e)$ and remove $A - B$ from $\pi f(e)$ (or, vice versa).

Outcomes of the \mathcal{R}_α strategy:

1 (finite): Wait at step (4) or (5) forever: Then α is not a numbering of the family \mathcal{F} , since $\alpha(e)$ is not a set of the family \mathcal{F} .

0 (∞): Never wait at step (4) and (5) forever: Then $\alpha = \pi \circ f$ if α is numbering of \mathcal{F} .

Strategy for \mathcal{T}_{A_0} :

1. Chose new large x_σ and put x_σ into A at stage s_0 . End the stage. (Go to 4 of the \mathcal{R}_α strategy.)

2. Wait for x_σ to enter A_0 .

3. Put x_σ into B . End the stage. (Go to 4 of the \mathcal{R}_α strategy.)

4. Remove x_σ from A .

Outcomes of the \mathcal{T}_{A_0} strategy:

1 (wait): Wait at step (2) forever: Then $A \not\subseteq A_0$.

0 (stop): Reach (4): If $A_0 \supseteq A$ then $A_0 \cap B \neq A \cap B$.

Strategy for \mathcal{U}_{B_0} :

1. Chose new large x_σ and put x_σ into B at stage s_0 . End the stage. (Go to 5 of the \mathcal{R}_α strategy.)

2. Wait for x_σ to enter B_0 .

3. Put x_σ into A . End the stage. (Go to 5 of the \mathcal{R}_α strategy.)

4. Remove x_σ from B .

Outcomes of the \mathcal{U}_{B_0} strategy:

1 (wait) Wait at step (2) forever: Then $B \not\subseteq B_0$.

0 (stop) Reach (4): If $B_0 \supseteq B$ then $A \cap B_0 \neq A \cap B$.

We need to restrict the number of these changes to ensure π to be d.c.e.; therefore eventually π will be equal either to A or to B (automatically). For requirements \mathcal{T}_{A_0} we will succeed easily if $A_0 \supseteq A$ and $A_0 \cap B \neq A \cap B$ and for requirements \mathcal{U}_{B_0} we will succeed easily if $B_0 \supseteq B$ and $A \cap B_0 \neq A \cap B$.

Tree of the strategies: Order all the requirements as S_e (of order type ω), put the e 'th requirement at all σ with $|\sigma| = e$.

Construction: At stage 0, the sets A and B are empty, all functions are undefined.

At stage $s > 0$, at substages $t < s + 1$ let some $\sigma \in T$ act at substage $t = |\sigma|$, initialize $\tau \succ \sigma_s$, the approximation to true path at stage s .

There are two cases for σ :

Case 1. σ is an \mathcal{R}_α strategy:

1.1. Allow \mathcal{R}_α strategy σ to extend $dom(f_\sigma)$ only if: For all $e \in dom(f_\sigma)$ all τ -strategy $\tau \supseteq \sigma \hat{\langle \infty \rangle}$:

1.1.a) All $x_\tau \in A - B$: then $x_\tau \in \alpha(e) \Leftrightarrow a \in \alpha(e)$. If no, end substage with outcome **(1)**, else continuing as in Case 1.2, taking outcome **(0)**.

1.1.b) All $x_\tau \in B - A$: then $x_\tau \in \alpha(e) \Leftrightarrow b \in \alpha(e)$. If no, end substage with outcome **(1)**, else continuing as in Case 1.2, taking outcome **(0)**.

1.1.c) All $x_\tau \in A \cap B$: then $x_\tau \in \alpha(e)$. If no, end substage with outcome **(1)**, else continuing as in Case 1.2, taking outcome **(0)**.

1.2. Else: For each $e < s$ with $a \in \alpha(e)$ and $b \notin \alpha(e)$ or $b \in \alpha(e)$ and $a \notin \alpha(e)$

1.2.a) If $f(e)$ not defined, then define $f(e)$ large and copy A or B into $\pi f(e)$, respectively. End substage with outcome **(0)**.

1.2.b) If $a \in \alpha(e)$, copy A into $\pi f(e)$. End substage with outcome **(0)**.

1.2.c) If $b \in \alpha(e)$, copy B into $\pi f(e)$. End substage with outcome **(0)**.

Case 2. σ is an \mathcal{T}_{A_0} strategy:

2.1. Check if the strategy has stopped.

2.1.a) No: Go to 2.2.

2.1.b) Yes: The outcome is **(0)**. End the substage.

2.2. Check if x_σ is defined.

2.2.a) No: Define new large x_σ and put x_σ into A . End the stage.

2.2.b) Yes: Go to 2.3.

2.3. Check if x_σ is defined and $x_\sigma \in A_0$.

2.3.a) No: The outcome is **(1)**. End the substage.

2.3.b) Yes: Go to 2.4.

2.4. Enumerate x_σ into B and end the stage.

2.5. Remove x_σ from A , stop the strategy and end the stage.

Case 3. σ is an \mathcal{U}_{B_0} strategy:

3.1. Check if the strategy has stopped.

3.1.a) No: Go to 3.2.

3.1.b) Yes: The outcome is **(0)**. End the substage.

3.2. Check if x_σ is defined.

3.2.a) No: Define new large x_σ and put x_σ into B . End the stage.

3.2.b) Yes: Go to 3.3.

3.3. Check if x_σ is defined and $x_\sigma \in B_0$.

3.3.a) No: The outcome is **(1)**. End the substage.

3.3.b) Yes: Go to 3.4.

3.4. Enumerate x_σ into A and end the stage.

3.5. Remove x_σ from B , stop the strategy and end the stage.

Each stage $s > 0$ consists of substages $t \leq s$ (where stage s may end before reaching substage s). All parameters will remain defined the same way as at the previous stage unless explicitly redefined. At substage t of stage s , a strategy $\sigma \in T$ of length t (determined at substage $t - 1$ if $t > 0$) will be *eligible to act* and proceed as described below. (If σ has already *stopped* at a previous stage and not been *initialized* since then, then σ immediately *ends the substage*, taking outcome finite.) If $t < s$ and σ has a current outcome ∞ , then the immediate successor of the strategy acting at substage t determined by its outcome will be eligible to act at substage $t + 1$; otherwise, we *end the stage* as described at the end of the construction.

Verification:

We now verify that the above construction satisfies the requirements for our Theorem in a sequence of lemmas. We prove some technical lemmas on important properties of our construction.

Lemma 1. A, B are d.c.e. sets and all sets $\pi(i)$ are uniformly d.c.e. sets.

Proof. By the construction, for all $\sigma \in T$ there are two types of elements: a, b and all x_σ (for single σ). When element a (or b) first at step s enter into the sets $\alpha(e)$ and $\pi f_\sigma(e)$ they behave like A (or B respectively). If at step s' and ($s < s'$) the element a leave from $\alpha(e)$ and b enter into $\alpha(e)$, then copy B into $\pi f_\sigma(e)$ forever, because in this case a will not enter to $\alpha(e)$ again (or, vice versa). And there is no property like $\forall x \neg \exists s_0 \leq s_1 \leq s_2 (x \in A_{s_0} \ \& \ x \notin A_{s_1} \cup B_{s_1} \ \& \ x \in B_{s_2})$ because we build these set A and B , and if some x is enters A and leaves A , it will never enters B (or, vice versa). And each element x_σ can enter into and leave from A, B and $\pi f_\sigma(e)$ only once. So that means that they are d.c.e. sets.

Lemma 2. $\mathcal{F}_\pi = \{A, B\}$.

Proof. To check this let us consider three cases with respect to i :

Case 1. If $i \leq 1$, then by the Background actions we set $\pi(0) = A$ and $\pi(1) = B$ i.e. $\mathcal{F}_\pi \supseteq \{A, B\}$.

Case 2. If $i > 1$ & $i \notin \text{range} f_\sigma$, then assume that $\pi(i) = A$ unless b is already in $\pi(i)$ then $\pi(i) = B$.

Case 3. If $i \in \text{range} f_\sigma$ and we also ensure $\text{range}(f_\sigma) \cap \text{range}(f_{\sigma'}) = \emptyset$ for all $\sigma \neq \sigma'$, so every strategy acts independently and by the construction of the \mathcal{R}_α strategy σ for each $e < s$ there are two cases:

Case 3.1. If first $a \in \alpha(e)$ and $b \notin \alpha(e)$ then define $f_\sigma(e)$ large and copy A to the $\pi f_\sigma(e)$ at step (1.2.a), until $b \in \alpha(e)$ and $a \notin \alpha(e)$ then copy B into $\pi f_\sigma(e)$ at step (1.2.c) forever.

Case 3.2. If first $b \in \alpha(e)$ and $a \notin \alpha(e)$ then define $f_\sigma(e)$ large and copy B to the $\pi f_\sigma(e)$ at step (1.2.a), until $a \in \alpha(e)$ and $b \notin \alpha(e)$ then copy A into $\pi f_\sigma(e)$ at step (1.2.b) forever.

This guarantee that $\mathcal{F}_\pi = \{A, B\}$.

Lemma 3. *If an \mathcal{R}_α strategy works on true path, then*

if the outcome is finite then $\mathcal{F}_\alpha \neq \mathcal{F}$,

if the outcome is (∞) and $\mathcal{F}_\alpha = \mathcal{F}$ then $\forall e \alpha(e) = \pi \circ f(e)$.

Proof. Indeed, if an \mathcal{R}_α strategy works on the true path and

Case 1. The the outcome is **(1)**, then this means that the \mathcal{R}_α strategy waits at steps (1.1.a.) or (1.1.b.) or (1.1.c.) i.e., α is not a set of the family. So $\mathcal{F}_\alpha \neq \mathcal{F}$.

Case 2. The outcome is **(0)**, then this means that the \mathcal{R}_α strategy never waits at steps (1.1.a.) or (1.1.b.) or (1.1.c.), i.e., α is a numbering of the family \mathcal{F} by the \mathcal{R}_α strategy, because $a \in \alpha(e)$ or $b \in \alpha(e)$, let assume that $\mathcal{F}_\alpha = \mathcal{F}$, then define $f_\sigma(e)$ large and by the copying respectively A or B into $\pi f(e)$. We show that $\alpha(e) = \pi \circ f_\sigma(e)$ for all e .

Lemma 4. *Every \mathcal{T}_{A_0} strategy on true path works successfully.*

Proof. For every \mathcal{T}_{A_0} strategy σ if the outcome is **(1)** then $A \not\subseteq A_0$, or if the outcome is **(0)** then $A_0 \cap B \neq A \cap B$ this means that the \mathcal{T}_{A_0} strategy will eventually stop.

Lemma 5. *Every \mathcal{U}_{B_0} strategy on true path works successfully.*

Proof For every \mathcal{U}_{B_0} strategy σ if the outcome is **(1)** then $B \not\subseteq B_0$, or if the outcome is **(0)** then $A \cap B_0 \neq A \cap B$ this means that the \mathcal{U}_{B_0} strategy will eventually stop.

These lemmas establish our Theorem.

1. Yu. L. Ershov, "On a hierarchy of sets. III" [in Russian], Algebra Logika 9, 20–31 (1970); English transl.: Algebra Logic 9, 34–51 (1970).
2. K. Abeshev and S. Badaev, A note on universal numberings, 5th Conference on Computability in Europe, CiE 2009, pp. 23–27.
3. Badaev, S.A., Goncharov, S.S.: The Theory of Numberings: Open Problems. In: Cholak, P.A., Lempp, S., Lerman, M., Shore, R.A. (eds.): Computability Theory and its

Applications. Current Trends and Open Problems. Amer. Math. Soc., Providence, (2000) 23–38.

4. S.A. Badaev and Zh. T. Talasbaeva, Computable numberings in the hierarchy of Ershov, in: *Mathematical Logic in Asia: Proceedings of the 9th Asian Logic Conference*, Novosibirsk, Russia, 16--19 August 2005, edited by S. Goncharov, R. Downey, and H. Ono (World Scientific Publishing Co., Singapore, 2006), pp. 17--30.
5. M. M. Arslanov, *The Ershov Hierarchies* [in Russian], Kazan' (2007).
6. Ershov, Yu.L.: *Theory of Numberings*. Nauka, Moscow (1977).

ӘОЖ 372. 358045

К.М. Беркимбаев, П.К. Исакова, Г.П. Мейрбекова

ОҚЫТУҒА АРНАЛҒАН БАҒДАРЛАМАЛЫҚ ҚҰРАЛДАРДЫ ПАЙДАЛАНУ

(Түркістан қ, Қ.А.Ясауи атындағы ХҚТУ)

Бұл мақалада оқу үдерісінде оқытуға арналған компьютерлік бағдарламаларды пайдалану жолдары, сондай-ақ оқыту бағдарламаларын қолдану жолдары қарастырылады. Авторлар оқытуға арналған бағдарламалық құралдарды дамытуда қабілеттер мен дағдыларды қалыптастыру үшін арнайы тапсырмалары бар көрнекілік, графика және мультимедиялық мүмкіндіктерді пайдалану негізінде оқу материалын ұсынатын компьютерлік бағдарламаларды – электронды оқулықтар туралы айтылады.

В данной статье рассматриваются использование учебных компьютерных программ в учебном процессе, а также использование обучающих программных средств. Авторы описывают разработку так называемых электронных учебников, соединяющие в себе представление учебного материала, на основе использования иллюстративных, графических и мультимедийных возможностей. Электронные учебники выполняют две функции обучения: они представляют новый учебный материал и формируют учебные умения и навыки.

This article deals with using training computer programs in the educational process, and the development of educational software. The authors describe the outworking of electron text-books combining the presentation of educational material, based on the use of illustration, graphic and multimedia capabilities. Electron textbooks serve two functions mode: they present a new educational material and form training skills.

Түйін сөздер: технология, ақпараттық технологиялар, білім беру, электронды оқулық, кәсіби іс-әрекет, электронды білім беру.

Ключевые слова: технология, информационные технологии, обучение, электронный учебник, профессиональная деятельность, электронное обучение.

Keywords: technology, information technology, education, the electronic textbook, professional work, electronic education.

XXI ғасырдың талаптарына сәйкес ақпараттандырудың негізгі бағыты қоғамды дамытудың жоғарғы тиімділікті технологияларына сүйенген жаңа білім стратегиясына көшу болып табылады. Демек, жоғары оқу орындарында ақпараттық технологияларды қолданудың басты бағыттары қатарына студенттерге білім беру сапасын арттыру, білім саласындағы жаңашылықтарды саралау, білім беру барысында жаңа ақпараттық технологияларды кеңінен пайдалану, ақпараттық-коммуникациялық техно-логияларды, электронды оқулықтар мен интернет технологиясы арқылы ақпарат кеңестігінен білім

алуға қабілетті тұлға қалыптастыруды айтуға болады. Қоғам дамуындағы жаһандастыру мәселелері, ақпараттық қоғам үдерісіне ауысу, ұлттық экономикадан әлемдік экономикаға ауысу, білім беру үдерісінде де ақпараттық технологияларды жан-жақты қолдануға ықпал етіп отыр.

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңының 11-бабының 9 тармағында оқытудың жаңа технологияларын, оның ішінде кәсіптік білім беру бағдарламаларының қоғам мен еңбек нарығының өзгеріп отыратын қажеттеріне тез бейімделуіне ықпал ететін кредиттік, қашықтан оқыту, ақпараттық-коммуникациялық технологияларды енгізу және тиімді пайдалану міндеті қойылған [1].

Ал Қазақстан Республикасы Президентінің 2010 жылғы 7 желтоқсан-дағы №1118 Жарлығымен Қазақстан Республикасындағы білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы қабылданды. Бағдарламада «E-learning» электронды оқыту жүйесі бойынша білім беру сапасын және басқару тиімділігін арттыру үшін оқу процесін автоматтандыру, педагогтар мен білімгерлерді ең жақсы білім беру ресурстарына және технологияларына тең қол жеткізуін қамтамасыз ету мақсаты атап көрсетілді [2].

Ақпараттандыру жағдайында студенттер меңгеруге тиісті білім, білік, дағдының көлемі күннен-күнге артып, мазмұны өзгеріп отыр. Арнайы білім беру саласында ақпараттық технологияларды пайдалану арқылы білімнің сапасын арттыру, білім беру үрдісін интенсификациялау мен модернизациялаудың тиімді тәсілдерін іздестіру жұмыстары жүргізіліп жатыр. Бұл жұмыстардың тиімділігі мен нәтижелілігі бірнеше оқу-әдістемелік, психологиялық-педагогикалық мәселелердің шешімін ғылыми түрде енгізуді талап етеді.

XXI ғасыр - ақпарат ғасыры болғандықтан, адамзат қауымы дамудың жаңа сатысына - ақпараттық қоғамға аяқ басты. Ақпараттық қоғам - бұл ақпараттық үдерістер мен ағындар маңызды рөл атқаратын, ақпарат ең маңызды қор болып табылатын, адам іс-әрекетінің барлық салаларына мекемелерді, ұйымдарды және бүтіндей салаларды басқаруға мүмкіндік беретін ақпараттық жүйелер ендірілетін қоғам. Мұндай қоғам барлық үдерістердің ақпараттандырылу жағдайында өз іс-әрекетін іске асыруға даярланған мамандарды қажет етеді. Барлық деңгейдегі білім беру мекемелері осы мәселені шешуге бағдарланған.

Оқыту үдерісінде электронды оқулықтарды пайдалану, бұл білім алушылардың танымдық белсенділіктерін арттырып қана қоймай, логикалық ойлау жүйесін қалыптастыруға, шығармашылықпен еңбек етуіне жағдай жасайды. Әлі де білім беру саласында тек оқытушының айтқандарын немесе оқулықты пайдалану қазіргі заман талабын қанағаттандырмайды. Сондықтан қазіргі ақпараттандыру қоғамында электрондық оқулықтарды пайдаланбай алға жылжу мүмкін емес.

Оқыту үдерісінде оқытуға арналған бағдарламалық құралдарды дамытудың бірінші кезеңінде негізінен әр түрлі кәсіби қызметтің жекелеген кезеңдерін модельдеуге және оқу материалын көрнекі түрде жеткізуге мүмкіндік беретін компьютерлік оқу бағдарламалары дайындалды. Мұндай бағдарламалардың негізгі қызметі ақпарат ұсыну болды. Бүгінде көпшілікке танымал ақпарат құралына айналған түрлі анықтамалар мен энциклопедиялар аталмыш бағдарламаларға мысал бола алады.

Оқытуға арналған бағдарламалық құралдарды дамытудың екінші кезеңінде әзірлеушілер ақпарат ұсынып қана қоймай, білім алушылардың бойында қажетті қабілеттер мен дағдыларды қалыптастыруға да ұмтылды. Бұл үшін бір мезетте жауаптың дұрыстығын тексеруге болатын оқу тапсырмалары мен жаттығуларының компьютерлік бағдарламалары жасалды. Оқытуға арналған бағдарламалық құралдарды дамытудың бұл кезеңінде қажетті қабілеттер мен дағдыларды қалыптастыру үшін арнайы тапсырмалары бар көрнекілік, графиктік және мультимедиялық мүмкіндіктерді

пайдалану негізінде оқу материалын ұсынатын компьютерлік бағдарламалар – электронды оқулықтар әзірленді.

Осындай оқыту бағдарламаларына оқу орындарында білім алушылардың оқу қабілеттері мен дағдыларын қалыптастыруға арналған тапсырмалар мен жаттығулар жинағы бар пән мазмұнын қамтитын электрондық оқулықтар мен жекелеген пәндер бойынша жылдық курсты қамтитын компьютерлік бағдарламаларды мысал ретінде көрсетуге болады. Жалпы білім беру мекемелерінің барлық оқу пәндері бойынша қазір осындай бағдарламалар дайындалып, оқу үдерісінде кеңінен қолданылады [3].

Оқу үдерісінде бірінші және екінші буынның бағдарламалық құралдарының қолданылуы оның ұйымдық құрылымын елеулі өзгерістерге ұшыратпайды. Энциклопедиялар мен электронды оқулықтар көбіне дәстүрлі оқыту процесінде қолданылып жатқан оқулықтар мен оқу құралдарына қосымша элементтер ретінде қызмет атқарады. Себебі, олар оқу үдерісінің тиімділігін арттыруға арналған техникалық құралдар болып табылады. Сондықтан, олар оқыту үдерісінде компьютерді қолданумен қатар, білім беру жүйесін дамытудың бірінші бағытын сипаттайды.

Оқытуға арналған бағдарламалық құралдарды дамытудың үшінші кезеңінде әзірлеушілер оқу үдерісінде оқытушының қатысуын талап етпейтін бағдарламалар жасауды өздеріне басты мақсат етіп белгіледі. Бұл кезең оқыту үдерісінің технологиясын жасаумен ерекшеленеді. Мұндай бағдарламаны жасау - едәуір күрделі үдеріс. Себебі ақпарат ұсыну және оқу қабілеттері мен дағдыларын қалыптастыру қызметтерінен бөлек оқытудың басқару және тексеру қызметтерін де толық жүзеге асыру қажет. Бүгінде үшінші буын бағдарламалары айтарлықтай көп қарастырылған.

Біріншіден, мұндай бағдарламалар қашықтықтан оқытуды кеңінен әрі талап етілген сапада жүргізуге мүмкіндік береді. Осы мәселе төңірегінде қазіргі педагогикалық әдебиеттерде көптеген мақалалар жариялануда және нақ осы оқыту түрін дамытуға бағытталған ғылыми-педагогикалық жобалар жүзеге асырылуда.

Екіншіден, үшінші буынның бағдарламалық құралдары оқытушы мен білім алушының өзара қатынасын қайта қарауды талап етеді. Сондықтан, үшінші буынның компьютерлік бағдарламалары білім беру жүйесін дамытудың жаңа тенденциясын сипаттайды. Мұндай бағдарламалардың әлі де болса кеңінен қолданылмауына байланысты әдебиеттерде бұл мәселе жеткілікті дәрежеде қолға алынбаған.

Кез келген буынның бағдарламалық құралдарын пайдалану оқу үдерісін ұйымдастыруға өзгерістер енгізеді. Сондай-ақ, бірінші, екінші және үшінші буынның бағдарламалық құралдарының бірізділікпен қолданылуы оқу үдерісінде бірте-бірте түбегейлі өзгерістердің туындауына алып келеді. Бірінші және екінші буынның бағдарламалық құралдары ұйымдастырудың келесі өзгерістерін енгізілуін қажет етеді: компьютермен жеткілікті деңгейде жабдықталған компьютерлік сыныптар мен зертханаларды құру; оқытуға арналған бағдарламалық құралдарды сатып алу немесе дайындау; оқу кестесін құрастыру; білімді меңгеруде студенттердің дербестігін күшейту; оқытушылардың компьютерлік дайындығын арттыру. Мұнда жүзеге асырылатын оқу үдерісін компьютерлендіру процесі студенттердің бұрын алған барлық білім тәжірибелерін өзгертуді және студенттер мен оқытушылардың рөлдерін қайта қарастыруда талап етеді.

Технологиялық дамудың жетекші буыны ретінде білім беру жүйесін жоғары деңгейде ұстап тұру, студенттердің білімдері мен қабілеттерін болашақ кәсіби қызметінде кездесетін жағдайларға барынша жақындату, оқыту және білім беру тиімділігін көтеру, оқу үдерісіндегі студенттердің дербестігін қамтамасыз ету қажеттігі осы даму кезеңінде компьютерді қолданудың басты мақсаты болып табылады.

Мұндай жағдайға көбіне студенттер дайын болмай шығады, себебі компьютермен жұмыс істеу дағдысын қалыптастыру және оқу үдерісінде өз бетінше жұмыс істеу үшін

қосымша күш керек. Оның үстіне, білім беру саласындағы осындай жаңалықтар студенттерді кейде стрестік жағдайға жетелейді, өйткені олардан бұрынғы стереотиптерін өзгертуді және болашақ кәсіби қызметіне қатысты құнды бейімділіктерін ауыстыруды талап етеді. Бұл технологияның айқын артықшылықтарына қарамастан, студенттерде стреске қарсы әрекеттің пайда болуына әкеп соқтыруы әбден ықтимал.

Білім алушылардың оқыту үдерісін компьютерлендіруге әр түрлі көзқараста болатынын кейбір бақылаулар көрсетті. Мәселен, абстрактілі көріністерді қабылдауды жеңілдету үшін графиктер мен анимацияларды пайдалануға және лекция жазуға негізделген жаңа оқыту технологиясын қолданғанда студенттердің реакциясы бірдей болмайды, яғни фактіге негізделген оқу материалының жеткіліксіздігінен студенттердің кейбіреулері лекциялық материалды құптаса, кейбіреулері сынға алды. Мұндай көзқарас стресс пен сенімсіздіктің пайда болғанын аңғартады. Тіпті, жаңа оқыту түрлерінің артықшылықтарын студенттерге тек қана логикалық жолдармен дәлелдеуге тырысу, студенттерді оқуға деген пікірін өзгертуге және келешекке басқаша көзбен қарауға мәжбүрлеу секілді кейбір факторлардың стресті және өзгерістерге қарсы тұру қабілетін күшейтетіні мәлім [4].

Өзгерістерді осылайша күштеп енгізу білімгерлерге ауыр зақым келтіруі мүмкін. Зерттеушілердің пайымдауынша, қисынды түсіндіруге мынадай әсерлі және сенімді компоненттерді қосқанда ғана стресті әлсіретуге болады: басқа студенттермен бірге орындалған жұмыстардың нәтижелерін көрсету; жаңа шарттарға бейімделген бұрынғы топтардағы студенттердің түсіндірмелерін қолдана алу; курстарды аяқтағаннан кейін студенттермен және оқытушылармен тест нәтижелерін талқылау және өзін-өзі бағалау мақсатында тест тапсыру.

Тестілеуге сәйкес оқу бағдарламасына өзгерістер енгізілді. Сендіру арқылы өзгерістер енгізу студенттерге аталмыш жүйенің барлық артықшылықтары мен кемшіліктерін сараптауға, бұрынғы топтардың тәжірибелерін талқылауға және оқыту бағдарламасын әділ бағалауға мүмкіндік береді. Оң көзқарастар мен өзгерістер жан-жақты келтірілген дәлелдер арқылы жаңалықтарды мойындаудың нәтижесі болып табылады. Студенттердің өзгеріс енгізу қажеттігін терең ұғынуы үшін келесілер ұсынылады: оқытушылар мен басқа студенттердің тәжірибесіне сүйене отырып, басқа концепцияларды таңдау мүмкіндігі; оқыту мақсаттарына қол жеткізу, жұмысқа орналасу, ғылыми дәреже алу, одан әрі оқу және т.б.

Компьютерлік оқытуды енгізу оқытушылар арасында да осындай мәселелерді туғызады. Біздің болжауымызша, педагогикалық еңбек өтілі көбейген және жасы ұлғайған сайын оқытушылардың өзінің қалыптасқан оқыту жүйесіне компьютерді қосу едәуір қиынға соғады. Осылайша, компьютерлік оқыту оқытушылардан кәсібін де, ақпараттық құралды да теңдей игеруге, теориялық ойлау қабілетін дамытуға және зияткерлік ұтқырлығын шыңдауға өзін-өзі қайта даярлауын талап етеді.

Үшінші буынның оқытуға арналған бағдарламалық құралдарын оқу үдерісінде пайдалану оқытушы мен білім алушы рөлінің өзгеруіне едәуір ықпал етеді. Бұл бағдарламаларды қолдану оқу үдерісін тіпті педагогсыз жүзеге асыруға болатынын болжамдайды. Мұнда өзіне ыңғайлы кез-келген уақытта қажетті оқу материалын меңгеру мүмкіндігіне қол жеткізген білім алушының академиялық ұтқырлығы бірден артады. Сондай-ақ, оқытушы білім алушы мен оқыту құралы арасын байланыстырушы дәнекер рөлін атқарып қана қоймай, Интернет көмегімен білім алушының өз бетінше істеген жұмысын басқару және түзету қызметтерін орындайтын кеңесші міндетін де орындай бастайды [5].


Жоғарыда айтылған жағдайларға байланысты, болашақ мұғалімдердің іскерліктерін қалыптастыру мақсатында, физикалық құбылыстарды терең және жан-

жақты түсіндіру үшін, біз өз диплом жазушы шәкірттерімізбен бірге демонстрациялық көрсетілімдерді анимациялау, виртуалды зертхана жұмыстарын қою сияқты жұмыстар жүргізіледі. Бұл жұмыстарды төменгі курс студенттеріне тақырыпқа сай физикалық құбылыстарды түсіндіру үшін қолданылады [6, 7].


Сондай-ақ, оқыту үдерісінде «проблемалық баяндау», «мига шабуыл», «пікірталас», «дамыта оқыту» сияқты технологиялар қолданылады.

Әрине мұндай көрсетілімдер мен виртуалды зертхана жұмыстарын, жаңа педагогикалық технологияларды біздің шәкірттеріміз – болашақ мұғалімдер өз практикаларында қолданып, физикалық құбылыстарды жан-жақты түсіндіруге тырысса, олардан ізденуші, инновациялық іс-әрекетке дайын педагогтар шығатынына сенімдіміз[8].

Сурет 1, 2-де анимациялық көрсетілімдерден қысқаша көріністер келтіріліп отыр.



Сурет 1. Денелердің еркін құлауын түсіндіру үшін жасалған анимациялық көрсетілімнен көріністер



Сурет 2. Сұйыққа батырылған денеге әсер ететін Архимед күшін түсіндіруге жасалған анимациялық көрсетілімнен көріністер

Қорыта келе, оқу үрдісінде оқытуға арналған бағдарламалық құралдарды қолданудың маңызы өте зор. Себебі, бағдарламалық құралдар білімгерлердің білім деңгейін тереңдетуге; өз бетінше іздену қабілетін қалыптастыруға; ойларын дамытуға; сөздік қорының молаюына; сабаққа деген ынтасы мен қызығушылығының артуына; сабақта өзін еркін ұстап, өз мүмкіншілігін кеңінен пайдалана алуына; өз ісіне талдау жасай алуға көп көмегін тигізсе, пән оқытушылары үшін бұл күнделікті дамытылып отыратын ашық түрдегі әдістемелік жүйе, оны сабақта қолдану оқытушының шығармашылықпен жұмыс жасауына, белсенділігін арттыруына мол мүмкіндік береді.

1. Білім туралы заң. www.edu.gov.kz
2. Қазақстан Республикасы білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы. www.edu.gov.kz
3. Беркимбаев К.М., Дарибаев Ж.Е., Нышанова С.Т., Керимбаева Б.Т. К вопросу об использовании информационно-компьютерных технологий для подготовки

- конкурентно-способных специалистов в ВУЗе. Хабаршы. Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті. 2012. С.53-58 №1(37)
4. Беркимбаев К.М., Нышанова С.Т., Керимбаева Б.Т. Применение информационно-компьютерных технологий для активизации процесса обучения иностранным языкам в вузе. Хабаршы. Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті. 2011. С.50-54 №4(36)
 5. Смирнова С.А. Педагогика: теории, системы, технологии. –М., 2006. -506 С.
 6. Беркимбаев К.М., Керимбаева Б.Т., Мейрбекова Г.П. Использование информационно-коммуникативных технологий в создании электронных учебников. Вестник Российского университета дружбы народов 2012, С.84-89 №1.
 7. Беркимбаев К.М., Орманова Г.К. Использование компьютерных моделей в процессе обучения студентов физике. Вестник Российского университета дружбы народов 2012, С.88-93, №3.

УДК 378.016.026.7.091.3:51(574)

К.Л. Гончарова

К ВОПРОСУ ФОРМИРОВАНИЯ ПОЗНАВАТЕЛЬНОЙ САМОСТОЯТЕЛЬНОСТИ СТУДЕНТА

(г. Алматы, КазАДИ имени Л.Б. Гончарова)

Мақалада «студенттердің танымдық дербестігі» ұғымының мәнін сараптау келтірілген. Студенттердің танымдық дербестігін қалыптастырудың тиімді педагогикалық жағдайлары анықталған. Танымдық дербестіктің компоненттің құрамы қарастырылған. Әр компонентке мінездеме берілген. Оқытудың кредиттік технологиясы жағдайында техникалық жоғары оқу орындарында студенттердің математикалық дайындық үрдісіндегі олардың өзіндік таным әрекетін қалыптастырудың әдістемелік жүйесінің тиімділігі тәжірибе жүргізіліп тексерілді.

В статье представлен анализ содержания понятия «познавательная самостоятельность студентов». Выявлены педагогические условия эффективного формирования познавательной самостоятельности студентов. Рассмотрен компонентный состав познавательной самостоятельности. Дана характеристика каждого компонента. Экспериментально проверена эффективность методической системы формирования познавательной самостоятельности студентов технического вуза в процессе их обучения математическим дисциплинам в условиях кредитной технологии обучения.

The article presents an analysis of the concept: “students’ cognitive independence”. The pedagogical conditions of effective formation of students’ cognitive independence are identified. A research has been done into the component structure of cognitive independence. The characteristics of each component are provided. Experimentally the effectiveness of methodical system for formation of students’ cognitive independence was verified in the process of learning mathematical disciplines under credit technology of training at technical university.

Түйін сөздер: студенттердің танымдық дербестігі, өзіндік таным әрекеті, студенттердің өзіндік жұмысы, оқытудың кредиттік технологиясы, жоғары оқу орнының ақпаратты-білім аумағы,

2. Симметрия өсі бар, кедергілері бірдей тармақталған тізбекті оқыту тәсілінің моделі (куб әр бөлігінің кедергісі 1 Ом болатын бірдей өткізгіштерден тұрады). AC' бөлігіндегі кедергіні есептеу керек (сурет 2 а).

Симметрия өсін (немесе потенциалдары бірдей нүктелерді) тауып алған соң эквивалентті тізбекті салуға кірісу керек (сурет 2 б). (а) және (б) тізбектеріндегі әр бөліктің кедергілері бір мезгілде мына тізбек бойынша жарқырайды (AD , AA' , AB , $C'B'$, $C'C$, $C'D'$, BB' , $B'A'$, AD' , DD' , CD , BC), яғни студенттер әр бөліктің қайсысы эквивалентті тізбектегі кедергілерге сәйкес келетінін көре алады. Эквивалентті тізбек бойынша AC' бөлігіндегі кедергіні оңай тауып алуға болады.

$BA'D$ нүктелеріндегі потенциалдар бірдей болғандықтан оларды біріктіруге болады. $B'CD'$ нүктелеріндегі потенциалдар да бірдей болғандықтан оларды да біріктіруге болады (сурет 2 в). Ары қарай мұндай есептерді студенттердің өздеріне шешкізген өте тиімді болады.




Сурет 2 – Симметрия өсі бар, кедергілері бірдей тармақталған тізбекті оқыту тәсілінің моделі

Есептер шығаруда мұндай демонстрациялық тәжірибелердің компьютерлік модельдерін пайдалану студенттердің танымдық қызығушылығын арттырып өз бетімен іс-әрекет жасауға ынталандырады.

3. Диодтың вольт – амперлік сипаттамасын алу тәжірибесінің моделі

Модельде электр тізбегінің элементтері (миллиамперметр, вольтметрлер, реостаттар, тұрақты ток көздері, К1, К2 кілттер және қос полюсті ажыратып-қосқыш П) келтіріледі. Тышқанды баса отырып қыздырғыш шамды ток көзіне жалғаймыз. Осы кезде кернеу 6,3В –қа жетіп шамның қыздырғыш сымы электрондардың катодтан термоэлектрондық эмиссиясы басталғанша қызыл түске дейін қызады (сурет 3).



Сурет 3 – Диодтың вольт-амперлік сипаттамасын алу тәжірибесінің моделі

Тышқанды екінші рет басқанда белгілі бір анодтық кернеу қосылады, осы кезде (электрондар анодқа қарай қозғалады) миллиамперметрмен өлшенетін анодтық ток пайда болады. Содан кейін анодтық ток пен соған сәйкес кернеудің мәндері пайда болады. Ары қарай тышқанды әрбір басқан сайын анодтық кернеу 25В-қа өзгеріп отырады. Осы кезде анодтық ток та белгілі бір мәнге (миллиамперметр көрсеткіші) өзгереді. Бұл мәндер әр кез таблицаға шығып отырады.

Осы мәндер бойынша анодтық токтың анодтық кернеуге тәуелділігінің графигі (алдымен және кернеуге сәйкес келетін нүктелер пайда болады, содан кейін вольт – амперлік сипаттама пайда болады) түзіледі. Суретте көрсетілгендей анодтық кернеу жоқ кезде ($U = 0$) анодқа жету үшін қажетті жылдамдықтары бар термоэлектрондармен байланысты аз ғана анодтық ток бар.


Сызбаның сол жағын алу үшін тышқанды тағы бір басып, екі полюсті ажыратқыш көмегімен анодтық кернеудің бағытын өзгерту керек. Тышқанды тағы бір баса отырып анодтық токты тоқтатуға болады ($I=0$). Кернеу мен токтың осы мәндері де кестеге шығады. Осыдан кейін қисық түгел сызылып болады.

Сызбаның сол жағын алу үшін тышқанды тағы бір басып, екі полюсті ажыратқыш көмегімен анодтық кернеудің бағытын өзгерту керек. Тышқанды тағы бір баса отырып анодтық токты тоқтатуға болады ($I=0$). Кернеу мен токтың осы мәндері де кестеге жазылады. Студенттер өздері өлшеулер жүргізе отырып кесте толтырады және график тұрғызады.

Осыдан кейін қисық түгел сызылып болады.

4. Томсон эффектісін бақылау моделі.

Модельде микроамперметрмен жалғанған, ұштары әртүрлі температурада ұсталынатын бірдей екі білте, амперметр және ажыратып қосқыш келтіріледі (сурет 4).



Сурет 4 – Томсон эффектісін бақылау моделі

Температура градиенті солға қарай бағытталған және жоғарғы білтеде токтың бағыты температура градиентімен бағытталса, ал төменгі білтеде қарама - қарсы бағытта. Ток жоқ кезде а және б нүктелеріндегі температуралар бірдей, оны микроамперметр көрсеткішінен көруге болады (30 мкА). Тышқанның көмегімен шерте отырып білтелерді ток көзіне қосамыз, осы кезде білтелер арқылы ток жүреді.

Осы кезде жоғарғы микроамперметр тілі 90-ға дейін көтерілетінін, яғни Джоуль-Ленц жылуына қосымша Томсон жылуы бөлінетінін, ал төменгі білтеде – жұтылатынын көреміз.

Осындай демонстрациялық тәжірибені көріп, ұғынған білім алушылар кәдімгі лабораториялық жұмысты оқытушы көмегінсіз-ақ орындай береді. Яғни, демонстрациялық тәжірибелік модельдер арқылы білім алушылардың зертханалық жұмыстарға деген танымдық іс-әрекетін, қызығушылығын қалыптастыруға әбден болады деп есептейміз.

- 1 Орманова Г.К. Болашақ мамандардың танымдық іс-әрекетін кредиттік оқыту жүйесі жағдайында қалыптастыру. П.ғ.к. ...дисс. - Түркістан, 2010. -Б.77-85.
- 2 Орманова Г.К., Кабылбеков К.А. Формирование и повышение устойчивого интереса студентов к физике путем проблемного изложения материала и использования профессионально ориентированных задач // Высшая школа Казахстана, Алматы, 2007. №2. – С. 170-175
- 3 Кабылбеков К.А., Орманова Г.К. и др. Компьютерные модели демонстраций по курсу физики «Электричество. Часть-2» и их использование в учебном процессе для формирования устойчивого интереса к физике.// Научные труды ЮКГУ им. М.О.Ауезова, Шымкент, 2006. №11-12.-С. 91-96
- 4 Беркімбаев К.М., Орманова Г.К. Өзіндік жұмыс арқылы болашақ техника мамандарының танымдық іс-әрекетін кредиттік оқыту негізінде қалыптастыру. Шымкент, 2009. «Қазақстанның ғылыми әлемі». Халықаралық ғылыми журнал. №5, -Б.90-95.

АҚПАРАТТАНДЫРУ САЛАСЫ БОЙЫНША ПЕДАГОГ КАДРЛАРДЫ ДАЙЫНДАУ МӘСЕЛЕЛЕРІ

(Алматы қ., Абай атындағы ҚазҰПУ)

Мақалада ақпараттандыру саласы бойынша педагог кадрларды дайындау мәселелері қарастырылған. Педагогтың ақпараттық құзырлығы қарастырылып, оларды кешенді кәсіптік дайындау мәселелері сөз болады.

В статье рассмотрены проблемы подготовки педагогических кадров в области информатизации образования. Рассмотрены информационная компетентность педагогов, а также вопросы комплексной профессиональной подготовки педагогических кадров.

In article problems of preparation of pedagogical shots in the field of education informatization are considered. Information competence of teachers, and also questions of complex vocational training of pedagogical shots are considered.

Түйін сөздер: ақпараттық коммуникациялық технология, ақпараттық құзырлық, электрондық білім ресурсы, мониторинг.

Ключевые слова: информационно-коммуникационная технология, информационная компетентность, электронный образовательный ресурс, мониторинг.

Keywords: information and communication technology, information competence, electronic educational resource, monitoring.

Қазіргі ақпараттық қоғамның жаппай, ғаламдық коммуникация кезеңі білім беру саласы мамандарын Интернет ресурстарын қолдануға, жергілікті және ауқымды желілерде ақпарат құралдарымен өзараәрекет етулерін және оның әдістерін меңгерулері, ақпараттық-коммуникациялық технология (АКТ) құралдарының мүмкіндіктерін білім беру мен өз бетімен білім алу үдерісінде іске асыру мәселелері бойынша дайындауға жаңа талаптар қояды. Сонымен қатар, ақпараттық желінің таратылған ақпараттық ресурстарын қолдану жағдайында жұмыс істей алатын, ақпараттық қоғам дамуының қазіргі тенденцияларына сай, өзінің кәсіптік қызметінде АКТ құралдарының мүмкіндіктерін іске асыру жауапкершілігін алуға қабілетті, кәсіптік деңгейін үнемі жетілдіріп отыруға дайын педагог кадрлар қажет болуда.

Ақпараттандыру саласында педагогтардың кәсіби өсуінің мотивациялық компоненттеріне білім беру үдерісіне ақпараттандыруды енгізуді түсінуі, ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолдануға жағымды қарауы, білім беру мен өздігінен білім алуға бейімділігі жатады. Білім беру мекемелерінде сәйкесінше ақпараттық коммуникациялық технологияларды енгізумен біртіндеп инфрақұрылым өзгеруі керек: педагогикалық үдерістің барлық қатысушыларына білім беру ресурстарына еркін кіруі үшін кітапханалар медиатекамен толықтырылуы керек, информатика сыныптары компьютер зертханасы сияқты қайта жасақталып, онда педагогтар оқу материалдарын, сабақтарға арналған презентациялар жасап, ғылыми-практикалық конференциялар мен басқа да іс-шараларға қатысып, тәрбиелеу-білім беру үдерісін модельдеуге мүмкіндік алуы қажет.

Педагогтардың жұмыс практикасына АКТ құралдарын енгізуге кері әсер ететін факторлар білім беру үдерісінің әдістемелік құралдармен қамтамасыз етілмеуі, яғни жалпы мақсаттағы пакеттер базасында оқу-әдістемелік материалдар жасау, сонымен қатар презентациялық және анимациялық графикалық программалар, графикалық

пакеттер базасында балалардың сөйлеуін, есте сақтауын, ықыласын, моторикасын дамыту, жергілікті және ауқымды желілер базасында білім беру мақсатында өзара ақпараттық іс-әрекетті іске асыру, мектеп жасына дейінгі балаларды психологиялық тестілеу нәтижелерін өңдеу үдерісін автоматтандыру мәселелері; сонымен қатар олардың қызметтік-әдістемелік тағайындамасының анықтамасының болмауы жатады.

Жоғарыда айтылғандар педагогтарға АКТ құралдарын (жалпы мақсаттағы презентациялық және анимациялық графикалық программалары, графикалық пакеттер, веб-сайттарды, телекоммуникациялық жүйелерді және т.б. визуальді жасау программалары) оқу-әдістемелік материалдары мен оқыту құралдарын; алдыңғы қатарлы педагогикалық технологияларды тарату және оқыту-тәрбиелеу үдерісінің қатысушыларының өзара әрекеттерін қамтамасыз ету мақсаттарында коммуникация құралдарын; бақылау үдерістерін, компьютерлік педагогикалық тестілеу мен диагностикалауды, сараптама нәтижелерін өңдеу үдерістерін автоматтандыру құралдарын қолдануға оқытудың қажеттілігін көрсетеді.

Отандық және шетелдік тәжірибелер көрсеткендей, жаңа ақпараттық технологиялармен танысуды балалар кішкентай кездерінен бастайды: тіпті мектепке дейінгі жастағы балалар дербес компьютерлер мен Интернет желісіне кіруге мүмкіндік алады. Сондықтан да оқушылардың ақпараттық-компьютерлік мәдениетті қалыптастыру мен дамыту үдерісі өте ерте жастан басталуы қажет және бұл үдерісте баланың айналасында бірыңғай ақпараттық кеңістік құрылғанда ғана жақсы нәтижеге жетуге болады, бірыңғай ақпараттық кеңістіктің негізгі компоненті ақпараттық технология аумағындағы педагогтардың құзырлығы болып табылады. Осыған байланысты қоғамды ақпараттандыру мен компьютерлендіру жағдайында педагогтарды кәсіби қызметке дайындау мен қайта дайындау сапасы жайлы өткір мәселе қойылады.

Қазіргі заман педагогының кәсіби біліктілігінің маңызды құраушысы, педагогикалық жүйені ақпараттандыруға қойылатын талаптардың әсерінен мұғалімнің кәсіби-педагогикалық біліктіліктерін қайта ұйымдастырудың нәтижесі ақпараттық құзырлық болып табылады. Педагогтың ақпараттық құзырлығы – педагогикалық мәселелерді тиімді шешуге мүмкіндік беретін ақпараттық қоғамның субъектісі ретінде кәсіби және өзіне тән ақпараттық білім, біліктілікті сабақтастыру мақсатында туындайтын күрделі жеке тұлғалық-психологиялық білім.

Ақпараттық қоғамда тарихқа және технологияға негізделіп өздігінен жетілдіруге, дамытуға бағытталған жалпыадами ұғым, идея, білім (когнитивтік компонент), бағалы бағыт, гуманистік ұғымдар, эмоциональдық тәжірибелер (мотивациялық-бағалылық компонент), жеке тұлғалық, стильдік және дүниетанымдық білім сапасы (жеке-тұлғалық компонент), танудың әмбебап әдістері, тәлім алгоритмі мен коммуникация әдістері (операциональдық-іс-әрекеттік компонент) жиынтығынан тұрады.

Педагогтардың ақпараттық құзырлықтарын қалыптастыру үшін техникалық, әдістемелік және философиялық-дүниетанымдық кезеңнен тұратын кешенді кәсіптік дайындық керек.

Техникалық кезеңде (немесе ақпараттық технологияларды меңгеру кезеңінде) педагог компьютерде жұмыс істеудің бастапқы қолданушы біліктіліктерін, яғни периферийлік электрондық құрылғылармен: мультимедиялық проектормен, сканермен, интерактивті тақтамен, Интернеттің іздеу жүйелерімен жұмыс істеп үйренеді, желілік өзара әрекетті іске асыруды (педагог қызметкерлердің желілік серіктестігі), web-портфолио құруды, электрондық журналмен жұмыс істеуді және т.б. меңгереді.

Әдістемелік кезең электрондық білім ресурстарының дидактикалық қасиеттерін және денсаулық сақтау технологияларын ескере отырып, білім беру мекемелерінің оқыту-тәрбиелеу үдерісінде педагогтарды жаңа технологияларды мақсатқа сай

пайдалануға оқытуға бағытталған. Бұған оқыту және тәрбиелеу материалдарын таңдап алу, ақпараттық сауаттылықты (ақпараттық қоғам дамуы жағдайында балалардың жеке тұлғалық сапасын) қалыптастыруға бағытталған сабақтар мен іс-шаралар, жаттығулар мен тапсырмалар жасау, электрондық түрде білімді меңгеру сапасын талдау мен бағалау (білім сапасы мониторингі) кіреді.

Ақпараттық технология саласында педагогтардың біліктіліктерін жетілдіру бағдарламасына міндетті компонентке осылармен бірге психологиялық-педагогикалық блок кіреді. Курстың бұл блогының мазмұны жаңа білім беру технологияларын меңгеру және оны болашақта пайдалануға байланысты проблемалардан: қорқыныш, сенімсіздік, кәсіби күйіну, жағымсыз қатынас және т.б. тұрады. Әйтесе де, психологиялық кедергіні тек қана техникалық және әдістемелік компоненттерді меңгеру арқылы ғана емес, педагог өзінің психологиялық проблемаларды қарапайым сезінуі арқылы жеңуі мүмкін. Педагог ақпараттық қоғамның негізгі қатысушысының бірі ретінде білімді ақпараттандыруға байланысты психологиялық проблемаларды негізгі философиялық тұжырымдамаларының қалыптасуы барысында ойлау стилін қайта құрып, ақпараттық дүниетанымды қалыптастыру жолымен тек қана белсенді іс-әрекет түрінде жеңе алады.

Техникалық және әдістемелік кезеңдерді іске асырумен қатар, философиялық-дүниетанымдық кезең педагогтардың ақпараттық технологияларға қатынасын түзетуге, оларға психологиялық кедергілерді қорқыныш пен үрейді жеңуге мүмкіндік береді, сонымен қатар балаларды ақпараттың қазіргі заманғы құралдарымен жұмыс істеуге, бағалы, әрі маңызды ақпаратты іздеп табуға және керісінше төменсұрыпты ақпараттық материалды айырып-тануға үйрету өскелең ұрпақты қазіргі ортаның әлеуметтік жағымсыз әсерлерінен қорғауға бағытталған тиімді білім беру үдерісін іске асыруға қабілетті, ақпараттық қоғамның белсенді мүшесі болуына ықпал етеді [1].

Педагогтардың ақпараттық-педагогикалық құзырлылықтарын қалыптастыру проблемасы біліктілікті жетілдіру жағдайында ерекше теориялық және практикалық мәнге ие болады.

Педагогтардың АКТ-ны қолдануының мынадай бағыттарын атап өтуге болады:

- жалпы мақсаттағы пакеттер базасында оқу-әдістемелік материалдарды, сонымен қатар презентациялық және анимациялық графикалық программаларын жасау;

- ауқымды және жергілікті желілер базасында білім беру мақсатында ақпараттық өзара әрекетті іске асыру;

- компьютерлік педагогикалық тестілеу мен диагностикалау нәтижелерін өңдеу үдерісін автоматтандыру.

Білім беруді ақпараттандыру жағдайында педагогтың кәсіптік және ақпараттық құзырлылықтарын қалыптастыру проблемасын шешу педагог мамандарды дайындаудың қазіргі мазмұнын өзгерту, оқыту-тәрбиелеу үдерісіне компьютерлік және ақпараттық технологияларды енгізу үшін қолайлы ұйымдастырушылық-педагогикалық жағдайлар жасауды талап етеді. Әйтсе де, педагогтардың кәсіби-тұлғалық ерекшеліктері олардың ақпараттық құзырлылықтарын қалыптастыруды қиындатуы мүмкін. Осыған байланысты педагогтардың білім мұқтаждықтарына үнемі мониторинг жасап отыру керек:

- диагностика жасау (сауалнама жүргізу, проблемалық сұрақтардан, тақырыптардан тұратын диагностикалық карталар жасау);

- жеке әңгімелесу;

- білім беру мен басқарудың өзекті мәселелері бойынша жеке сұраныстан тұратын мекен-жайлық тапсырыстарды қарау;

- педагогтардың сұраныстары – анықталған проблемаларды жүйелеу және талдау.

Педагогтардың біліктіліктерін жетілдіру мазмұны мен әдістеріне өзгерістер енгізу үшін педагогтардың сұраныстарына үнемі мониторинг жасау, тьютор жүйесін құру, білім беру ресурстарын құру, алдыңғы қатарлы тәжірибелермен алмасу үшін педагогтардың виртуальді қауымдастығын құру, оқытудың қазіргі заманғы белсенді әдістерін қолдану қажет, ол бүгінгі ғылым мен техниканың дамуына сәйкес білім беру мекемелері педагогтарының ақпараттық құзырлылықтарын қалыптастыру мен біліктіліктерін жетілдіруді ұйымдастыруға мүмкіндік береді.

Сонымен қатар, ақпараттандыру саласы бойынша педагог кадрларды дайындау көптеген жағдайларға байланысты (мұғалім-пән жүргізуші бейіні, басқарушылық міндеттерді шешу деңгейі, оқыту-тәрбиелеу үдерісін ұйымдастырушының міндеттері, білім беруді ақпараттандыру үдерісін техникалық-технологиялық қолдауға жауаптының шешетін мәселелері және б.) саралау сипатында болуы тиіс.

1. Величко Е.В. Психолого-педагогические проблемы информатизации образования в условиях глобализации // Актуальные вопросы современной психологии: материалы междунар. науч. конф. - Челябинск: Два комсомольца, 2011. -С. 15-17.

ӘОЖ 37.091.39:51

Т.С. Сұлтанбек, У. Сейдалиева

ОҚУШЫЛАРДЫҢ МӘТІНДІК ЕСЕПТЕРДІ ТЕҢДЕУ ҚҰРУ АРҚЫЛЫ ШЫҒАРУ БІЛІКТІЛІКТЕРІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ

(Шымкент қ., М.Әуезов атындағы ОҚМУ)

Математиканы оқытудың әдістемесіндегі маңызды мәселенің бірі – оқушылардың мәтіндік есептерді шығару біліктіліктері мен дағдыларын қалыптастыру болып табылады.

Мәтіндік есептерді шығарудағы басты қиындық – мәтіндік есептердің берілген шарттарын ескеріп, оларды математикалық теңдеулер түріне келтіріп алу. Мәтіндік есептерді шығарудың арифметикалық және алгебралық әдістері бар. Мақалада мұндай есептердің классификациясы және оларды шығару әдістері келтірілген. Иллюстрациялар, сызбалар, кестелер және чертеждар есептің берілгенін жақсы түсініп, оны оңай шығаруға көмектеседі. Сондықтан да мақалада бірнеше мысалдармен иллюстрацияларды қолдану көрсетілген.

Одним из вопросов методики преподавания математики является вопрос формирования у учащихся умений и навыков решения текстовых задач.

Основная трудность при решении текстовой задачи состоит в переводе её условий на математический язык уравнений. Общего способа такого перевода не существует. Для решения текстовых задач применяются два основных метода: арифметический и алгебраический. В статье приведена классификация текстовых задач школьного курса математики и методы их решения. Иллюстрации, схемы, таблицы и чертежи - помогают быстро понять условия задачи и легко решить их. Приведены несколько примеров решения тестовых задач с иллюстрациями.

One issue of mathematics teaching methods is the question of the formation of pupils' abilities and skills solutions of word problems.

The main difficulty in solving word problems is to translate its terms into mathematical equations. General method of the translation does not exist. To solve word problems are two main methods: arithmetic and algebraic. There is a classification of word problems school mathematics and methods of their solutions. The illustrations, charts, tables and drawing - to help you quickly understand the conditions of the problem and easily solve them. Are some examples of solutions of test problems with illustrations.

Түйін сөздер: мәтіндік есептер, алгебралық тәсіл, арифметикалық тәсіл, арнайы модельдер, математиканы оқыту әдістері.

Ключевые слова: текстовые задачи, алгебраический метод, арифметический метод, специфические модели, методы обучения математики.

Keywords: problem solving situation, the algebraic method, the arithmetic method, specific models, methods of teaching mathematics.

Математиканы оқытуда есептер шығару шешуші роль атқарады. Оқушылардың есептерді шығару біліктіліктерінің болуынан олардың оқу материалын қаншалықты игергенін анықтауға болады. Есепті шығару біліктілігі - оқушының математикалық білімінің көрсеткіші болып табылады.

Математикалық есептердің ішінде мәтіндік есептер көптеген оқушыларға игерілуі жағынан қиын болып табылады, кейбір мұғалімдер де оны күрделі материалдарға жатқызады [1]. Алайда, мектеп математика курсының оқулықтарында мәтіндік есептерге көп көңіл бөлінген, өйткені ол оқушылардың логикалық ойлауын, сөйлеу мәдениетін және өнімді жұмыс жасауына қажет басқа да қасиеттерін дамытады. Әсіресе функционалдық тәуелділіктің идеяларын жақсы түсінуге, нақты объектілер мен құбылыстарды модельдеу біліктіліктерін қалыптастыруға көмектеседі. Д.Рахымбек өз еңбегінде 5-9 сынып математика курсына мәтіндік есептерді шығару негізгі екі: арифметикалық және алгебралық тәсілдерге сүйенетінін ашып көрсеткен [2].

Арифметикалық тәсіл ізделінді шаманың мәндерін тікелей сандық өрнек құрып, нәтижеені есептеу арқылы анықталады.

Алгебралық тәсіл есепті шығару үшін құрылатын теңдеулер мен олардың жүйелерін қолдануға негізделеді.

Оқушыларда мәтіндік есептерді шығарып, шешімін табуда қиындық тудыратын келесі негізгі себептерді төмендегіше анықтадық:

1. Оқушылардың есептің шартын жете түсініп, оны талдай алмауы. Есептің шартында берілген негізгі шамаларды ерекшелеп көрсете алмауы.

2. Берілген есептегі шамалардың арасындағы функционалдық тәуелділікті дұрыс анықтай алмауы немесе математикалық символдармен жазылған тәуелділіктерді дұрыс ажырата алмауы.

3. Өздігінен тәуелділіктерді математикалық символдармен дұрыс жаза алмауы.

4. Оқушыда талдауға қажет болатын есептің берілген шартын сызба немесе қысқартылған символдық түрде жазу дағдысының болмауы. Мұғалімнің есепті шығару бойынша берген үзік нұсқауларын оқушылар тез ұмытып қалады, одан мәтіндік есептерді шығару біліктіліктері мен дағдылары қалыптаспайды.

Д. Пойаның ұсынысы бойынша есепті шығару жоспарын құру үшін алдымен өзіңе келесі сұрақтарды қоюың керек: «Белгісіздер қандай және нені білдіреді?». Есепті шығаруда алдымен келесі әрекеттерді орында:

- Есептің берілгеніне жалпы түрде қара.
- Белгісіздерге қара.
- Берілгендерге қара.
- Есептің шартына қара.

• Осылардың әрқайсысын жеке-жеке зертте. Әсіресе әлі қолданбаған шамаға мән бер»[3].

Есепті шығару - күрделі үдеріс. Сондықтан да мәселе есепті шағаруды оқып-үйрену үшін ондай есептерді шығарудың кезеңдерін қарастыру керек. Есептің шығарылуын кезеңдерге бөлудің түрлі тәсілдері бар. Озат мұғалімдердің тәжірибелерінен теңдеу құруға берілген есептерді шығару мына кезеңдерге бөлінетінін көрсетеді:

1. Есептің шартын талдау.

2. Белгісіз шамаларды анықтап, олардың есептің шартындағы белгілі шамалармен арасындағы тәуелділіктерін табу.

3. Теңдеу құру.

4. Теңдеуді шешу.

5. Теңдеудің шешімдерін зерттеу.

6. Есепті тексеру.

7. Есептің жауабын жазу.

Теңдеу құруға берілген есептерді шығару үдерісінің көрсетілген осы кезеңдерінің әрқайсысына оқушыларды үйрету мақсатымен жүргізілетін түрлі жаттығу жұмыстары болады. Енді есепті теңдеу құру арқылы шығарудың әрбір кезеңіне және онда жүргізілетін жаттығу жұмыстарына тоқталып өтейік.

1. Есептің шартын талдау. Оқушыларды теңдеу құрып есеп шығара білуге үйрету

әдістемесіндегі негізгі мәселе - оларды есептің шартын талдай білуге, есепте айтылып отырған шамаларды айырабілуге, шамалардың арасындағы тәуелділіктің білуге үйрету болып табылады. Есептің шартына толық түсінбейінше, оны көз алдына елестетпейінше есепті шығару мүмкін емес.

2. Оқушылардың көпшілігі, есептегі берілген шамаларды айыра білмейді, шамаларды "көрмейді". Ондай оқушылардың есеп шығару жөнінде білімі үстірт, формальді болады. Сондықтан, мұғалімнің алдында тұрған негізгі мақсат –көптеген жаттығулар арқылы оқушыларды есепте қандай шамалар туралы айтылып тұрғанын тез айыра білуге үйрету.

Оқушылар, әдетте, мұғалімнің талабына тез үйреніп, есептің мазмұнын оқығанда бар зейінін шамаларды тез табуға, тезірек "көруге" салады. Түсінікті болу үшін мысал келтірейік.

1-есеп. «Егіс жоспар бойынша 14 күнде орындалуға тиіс еді. Өндірістік ұжым егіс нормасын күніне 20 га арттырып, егісті он күн ішінде бітірді. Өндірістік ұжым күн сайын неше гектар жер екті және барлық еккен жері неше гектар еді?»

Оқушылар есептің мазмұнын пайымдап оқып шыққаннан кейін, мынадай сұрақтарға жауап бере алатын болулары керек:

1. Есепте қандай шамалар туралы айтылған? (Есепте күнде орындалатын егістің нормасы туралы, өндірістік ұжымның барлық еккен жерінің ауданы және егістің аяқталған мерзімі туралы айтылған);

2. Осы шамалардың қайсысы өзгереді, қайсысы өзгермейді? (Бүлесептің шартына күніне орындалатын егістің нормасы өзгеруіне байланысты егісті бітіру мерзімі – уақыты өзгереді де, ал егістің жалпы ауданы өзгермейді).

3. Есепте қандай шамалардың сан мәндері белгілі, ал қай шамалардың сан мәндері белгісіз? Бізге мынадай мәліметтер белгілі 14 күн - жоспар бойынша егістің орындалуына жұмсалатын уақыт және 10 күн - егістің орындалуына жұмсалған уақыт; 20 га – нақты орындалған күндік норма мен жоспардағы күндік норманың айырмасы. Мұнда үш шаманың сан мәні белгісіз: егістің жоспар бойынша күніне орындалуына тиіс нормасы мен нақты орындаған және егістің жалпы ауданы.

Оқушылар бұл сұрақтарға бірден жауап беруге қиналатыны сөзсіз. Сондықтан мұндай есептерді шығарудан бұрын арнаулы жаттығулар жүргізу қажет. Олардың сипаты мынадай болғаны дұрыс.

1. Есептер жинағында жиі кездесетін шамаларды үнемі қайталап отыру.

2. Екі шаманы атап, олар арқылы қай амалды қолданып, қандай үшінші шаманы табуға болатынын анықтау.

Мысалы,

а) тауардың жалпы құны және оның саны (данасы, салмағы, ұзындығы);

ә) дененің жүрген жолы және уақыты;

б) барлық істелген жұмыс және уақыт;

в) дөңгелек шеңберінің ұзындығы және айналу саны;

г) дененің меншікті салмағы және оның көлемі;

д) жалпы өнім және бір гектардан шыққан өнім т.с.с.

Оқушылар соңғы сұраққа былай жауап беруі керек: «Осы шама арқылы біз барлық егілген жердің ауданын табамыз. Ол бөлу амалымен табылады».

3. Бір шаманы атап, осы шаманы қандай басқа бір екі шама арқылы табуға болатынын анықтау. Мысалы:

а) тауардың бағасын анықтау үшін қандай екі шама белгілі болуы керек?

ә) дененің, қозғалыс жылдамдығын анықтау үшін ше?

б) бір гектар жерден алынған өнімді анықтау үшін ше?

в) барлық істелген жұмысты табу үшін ше?

г) дөңгелектің шеңберінің ұзындығын табу үшін ше?

д) дененің меншікті салмағын табу үшін ше? т.с.с.

Мысалы, оқушылар бірінші сұраққа былай деп жауап беруі керек: тауардың бағасын анықтау үшін тауардың мөлшерін және оның жалпы құнын білуді керек.

4. Белгісіз шамалардың қайсысын x әрпі арқылы белгілеу керек екенін анықтау және басқа белгісіз шамаларды есептің шартындағы белгілі шамалармен белгісіз шама арқылы өрнектеу. Белгісіз шаманы әріп арқылы белгілеуде, яғни белгісіз шама деп қай шаманы алу керектігін анықтауда мынадай үш жағдайдың бірі кездеседі:

а) белгісіз шамаға есептің шарты бойынша ізделетін шама- есептің сұрағындағы шама алынады;

ә) белгісіз шамаға есептің шарты бойынша ізделетін бірнеше белгісіз шамалардың біреуі (есептің сұрақтарының біреуі) алынады;

б) белгісіз шамаға есептің сұрағында жоқ басқа бір шама алынады.

2-есеп, «Теплоход екі пристаньның арасын өзен ағысымен 4 сағ, ал өзен ағысына қарсы 5 сағ жүреді. Өзен ағысының жылдамдығы 2 км/сағ. Пристаньдардың аралығын табыңдар».

Тендеу құруға берілген есептерді шығарудың екінші кезеңін оқушылар жақсы меңгеру үшін әуелі төмендегі жаттығулар жүргізіп алған дұрыс.

1. Санды бірнеше бірліктерге арттыру немесе кеміту.

а) 18 санын 6, 8, 15, 20, 35 бірліктерге, сондай-ақ m санын a, b, c бірліктерге арттырып жазыңдар;

ә) 65 санын 16, 23, 48 бірліктерге, сондай-ақ n санын l, k бірліктерге кемітіп жазыңдар. Мұндағы $n \geq l, n \geq k$

б) 1-сыныпта x - оқушы бар, 2-сыныпта бұдан 4 оқушы артық (кем). 2-сыныпта қанша оқушы бар екенін қалай табуға болады?

в) Жұмысшы жоспар бойынша бір күнде a деталь жасап шығаруға тиіс еді. Бірақ ол бұдан 12 деталь артық (кем) жасады, Жұмысшының бір күнде қанша деталь жасағанын қалай жазып көрсетуге болады?

г) Дүкен бірінші күні u кг қант сатты, екінші күні бұдан 45 кг кем сатты, ал үшінші күні алғашқы екі күнде қанша қант сатылған болса, сонша қант сатылды. Екінші күні қанша қант сатылғанын қалай табуға болады? Сондай-ақ үшінші күні қанша қант сатылғанын және үш күнде қанша қант сатылғанын ше?

2. Санды бірнеше есе арттыру немесе кеміту.

а) 80 санын 4 есе, 5 есе, 10 есе, сондай-ақ тсанын бес есерттырындар, (кемітіндер);
ә) Бірінші элеваторда 7 т астық бар, екінші элеватордағы астық бұдан 3 есе (7 есе, 12 есе) артық (кем). Осыған қандай сұрақ қойып, оны қалай жазуға болады?

3. Мынадай жаттығуларды жүргізу де өте пайдалы.

а) Бір мектепте x оқушы бар, ал екінші мектептегі оқушы саны бірінші мектептегі оқушылар санының $\frac{3}{5}$ бөлігіне тең. Екінші мектепте қанша оқушы бар екенін қалай жазу керек? Егер екі мектептегі оқушылар саны бірінші мектептегі оқушылар санының $\frac{5}{4}$ бөлігіне тең болса ше?

Бұл екі сұрақтың жауаптарында қандай айырмашылық болуға тиіс?

ә) x теңге тұратын сағаттың бағасы 20%-ке кеміді. Сонда сағаттың бағасы неше теңге тұрады?

б) Өндірістік ұжым бір участоктан x кг бидай алып еді. Агротехникалық шаралар жүргізілгеннен кейін келесі жылы бидайдың өнімі 30%-ке артты. Өндірістік ұжым келесі жылы неше тонна бидай жинады?

в) Жұмысшы берілген жұмысты 12 сағатта бітірді. Ол бір сағатта жұмыстың қандай бөлігін істеді? Егер 8 сағатта бітірсе ше?

г) Арбаның дөңгелегі x метр жерде 5 рет айналса, дөңгелек шеңберінің ұзындығы қандай болады? Егер дөңгелек 18 рет айналса ше? т.с.с

д) 48-дің $a\%$ -ін табындар, x -тің $b\%$ -ін табындар. y -тың 12% табындар.

е) Қалада x адам бар. Егер жыл сайын қала халқы оның 10%-іне артып отырса, бір жылдан кейін қалада қанша адам болуға тиіс?

Жаттығулардың мазмұны қысқаша тактаға жазылады. Бұл сияқты жаттығулар мұғалімнің сыныпта көп уақытын алмайды. Сондықтан оны мұғалім қиналмай-ақ құрастырып сабақтың ретіне қарай, кезкелген жерінде жүргізе алады.

Мектепте көп жылдар бойы жинақталған тәжірибемізге қарағанда, осындай жаттығу жұмыстары көбірек жүргізілгенде оқушылар теңдеу құруға берілген есептерді шығаруды тез үйреніп, жақсы түсінеді. Ондай оқушылардың білімі тиянақты да, сапалы болады.

Бұл арада тағы бір айта кететін жай, тәжірибелі мұғалімде; сабаққа дайындалғанда болсын, жаңа тақырыпты түсіндіргенде болсын, есептер шығарғанда болсын, тек қана қазіргі өтіліп жатқан тақырып емес, сонымен байланысты болашақ тақырыптарды, тіпті келесі сыныптарда өтілетін тақырыптарды да көз алдына елестетіп, бір-бірімен ұштастырып, байланыстырып, оқушыларды сол келесі тақырыптарды тез меңгеріп кетуге дайындайды.


Берілген есептің шартын толық түсінбейінше, оны көз алдына елестетпейінше есепті шығару мүмкін емес. Сондықтан да оқушы мәтіндік есептің шешімін іздеудің тәсілдерінің жүйесін меңгерген болуы шарт. Есепті «жылдам» түсінуге көмектесетін арнайы модельдерді: сызбалар, суреттер, кестелер, иллюстрациялар, қосымша символдар, шартты белгілер, бағыттағыштарды қолдануы қажет.

Кез келген математикалық теңдеу, формула нақты үдерістің арнайы кескіндері болып табылады [4]. Сондықтан да мәтіндік есептерді теңдеу құру арқылы шығару үшін алдымен есептің шартындағы шамаларды, олардың арасындағы байланыстарды және байланыс ретін көрсететін көрнекіліктерді, арнайы модельдерді қолдану қажет.

Мысалдар қарастырайық.

1-мысал. Тиін жаңғақтарды үш ағаштың қуысына жасырды. Бірінші және екінші ағаштың қуысына – 96 жаңғақ, екінші және үшінші ағаштың қуысына – 156 жаңғақ, ал бірінші және үшінші ағаштың қуысына – 132 жаңғақ. Тиін әрбір ағаштың қуысына қанша жаңғақтан жасырған?

Шешуі: Алдымен есеп шартының иллюстрациясын сызып көрсетейік (1-сурет).



1-сурет. - Есеп шартының сызбасы

Егер біз тиіннің ағаштың бірінші және екінші, екінші және үшінші, бірінші және үшінші ағаштың қуыстарына жасырған жаңғақтарын қосатын болсын, онда біз тиіннің үш ағаштың қуыстарына жасырған жаңғақтарының екі еселенген қосындысын табамыз. Демек, тиін барлығы $(96+156+132):2=192$ жаңғақ жасырған. Бірінші ағаштың қуысына $192-156=36$ жаңғақ, екінші ағаштың қуысына $192-132=60$ жаңғақ, үшінші ағаштың қуысына $192-96=96$ жаңғақ жасырған.

Жауабы: Бірінші ағаштың қуысына 36 жаңғақ, екінші ағаштың қуысына – 60 жаңғақ, ал үшінші ағаштың қуысына 96 жаңғақ жасырған.

2-мысал. Бір топ оқушылар 4 сағаттан кейін қайтып келмекші болып қайыққа мініп, өзен ағысымен төмен қарай кетті. Өзен ағысының жылдамдығы сағатына 2 км, ал қайықтың жылдамдығы сағатына 8 км. Егер оқушылар кейін қайтар алдында жағада 2 сағат болатын болса, олар пристаньнан, ең көп дегенде, қанша жерге жүзіп бара алады?

Шешуі: Алдымен есептің шартын кесте түрінде жазып көрсетейік (1-кесте):

1-кесте. Есептің шартының жазылуы

	Жол (км есебімен)	Жылдамдық (км/сағ)	Уақыт (сағ)
Өзен ағысымен жүзгенде	X	10	$\frac{x}{10}$
Өзен ағысына қарсы жүзгенде	X	6	$\frac{x}{6}$


Құрылған кестені қолданып, тендеу құрамыз. Жолға барлығы 2 сағ уақыт кеткендіктен:

$$\frac{x}{10} + \frac{x}{6} = 2 \quad 16x = 120 \quad x = 7,5$$

Жауабы: 7,5 км.

3-мысал. Жаңа машина жерді 8 сағатта тереңдетіп қазып тастай алады, ал ескі машина сол жерді 12 сағатта қазады. Жаңа машина 3 сағат, ал ескі машина 5 сағат жұмыс жасады делік. Сонда жердің қанша бөлігі қазылмай қалды?

Есепті шешу үшін оның берілгенін көрнекі түрде кескіндейік (2-сурет).



2-сурет. - Есептің графикалық сызбасы

Жұмыстың барлық орындалған көлемі белгісіз деп есептеп, оны бірлік шамаға теңейік те, бірлік ұзындықты салайық. Бірақ бірлік кесінділер саны үш түрлі жағдайға сай үшеу болады:

- а. Бір ескі машина жұмыс жасады;
- б. Бір жаңа машина жұмыс жасады;
- в. Екі машина бірлесе жұмыс жасады.

Есепті талдау. Кесінді ұзындықтарын неге бірдей етіп алдық? - деген сұраққа жауап берейік. Себебі екі машина да бір жұмысты орындайды.

Бірінші кесіндіні бірдей неше бөлікке бөлуге болады? 8 бірдей бөлікке, өйткені жаңа машина жерді 8 сағат қазған. 8 бөліктің біреуі жаңа машинаның орындаған жұмысының бөлігі, яғни жұмыс өнімділігін көрсетеді. Жаңа машина 3 сағат жұмыс жасағандықтан, барлық жұмыстың $\frac{3}{8}$ бөлігін орындаған. Үшінші кесіндіге сол бөлікті кескіндеп көрсетеміз - $\frac{3}{8}$. Дәл осындай талдауларды жасап, ескі машинаның да жұмыс өнімділігін көрсетіп, екінші кесіндіге орындалған жұмыс бөлігін өлшейміз.

Үшінші кесіндіде көрсетілетін бөлік - $\frac{5}{12}$

Үшінші кесіндінің қалған бөлігін табу керек. Оны ? арқылы белгілейміз. Есепті шығаруда

$$\frac{3}{8} + \frac{5}{12} = \frac{19}{24} \qquad 1 - \frac{19}{24} = \frac{5}{24}$$

Жауабы: Жердің $\frac{5}{24}$ бөлігі қазылмай қалды.

4-мысал. Екі ұста бірлесіп жұмысты 8 сағатта бітіреді. Егер екінші ұста жұмысты 12 сағатта орындайтын болса, бірінші ұста сол жұмысты неше уақытта орындар еді? Есептің сызбасын салайық (3-сурет).



3-сурет. 4-мысалдың графикалық кескіні

Алдыңғы есептегідей талдаулар жасаймыз. Бірлесе жұмыс жасаудың өнімділігін және екінші ұстаның жұмыс өнімділігін білгендіктен, бірінші ұстаның жұмыс өнімділігін табу қиын емес. $\frac{1}{8} - \frac{1}{12} = \frac{1}{24}$

Бірінші ұстаға бар жұмысты орындауға қанша сағат керек болатынын анықтайық. Ол деген 1-дің ішінде $\frac{1}{24}$ -тен нешеу бар дегенмен барабар. Жауабы: 24 сағат. Осылайша көрнекіліктерді қолданудан, оқушылар мәтіндік есептің шартындағы сандар жайдан жай беріле салмайтынын, оларды қолдану керектігін, кейбір сандар таңдалып алынатынын, ал берілген шамалардың арасындағы функционалдық тәуелділік болатынын, оны табу керектігін жетік түсінетін болады.

Сонымен, қандай-да бір кестені, суретті, т.б. иллюстрацияларды қолдану – оқушылардың көп бөлігінің мәтіндік есептерді шығаруға деген батылсыздықтарын жояды, мәтіндік есептің түрін анықтауға және соған сәйкес есепті шығару тәсілін қолдану біліктіліктерін қалыптастыруға көмектеседі.

1. Шевкин А. Текстовые задачи по математике. 7-11 классы. М.:Илекса, 2011. – 208 с.
2. Рахымбек Д. Математиканы оқыту әдістемесі.- Шымкент:ОҚМУ, 2006. – 320б.
3. Пойа Д. Математическое открытие. Москва: Наука, 1976. – 448 с.
4. Бекмолдаева Р.Б., Оңғарбаева Ш. Метод математического моделирования и его роль в процессе познания. VIII МНК «Наука и образование -2013». Астана, 2013. С.391-395.

ЖОҒАРЫ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНА ЖҮЙЕЛІ БІЛІМ БЕРУДЕ ИННОВАЦИЯЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ҚОЛДАНУ

(Алматы қ., Абай атындағы ҚазҰПУ, Шымкент қ., М.Әуезов атындағы ОҚМУ)

Еңбекте қазіргі кездегі ақпараттық технологиялар дамуының белсенділігінің артуы мен олардың қоғам салаларының тереңінен енуі мектеп информатикасына бейіндік оқытуды талап етеді. Орта білімнің мақсаттары мен құндылықтарын, оның жаңа бағыттарын жаңаша түсіну жеке оқу пәндерінің маңыздылығын бағалауға, оқу жоспары құрылымындағы олардың ара қатынасына басқа қырынан қарауды көздеп отыр. Бейіндік оқытуда информатиканы оқытудың басым мақсаты оқушыларды болашақ кәсіби іс-әрекетке дайындау болып табылады. Бұл сатыда информатика курсы белгілі бір білім беру мекемесінің білім беру бейінін анықтайтын пәндердің міндеттеріне тәуелді. Бейіндік оқытудың мазмұны, өз кезегінде, білім беру стандартымен анықталады.

В работе рассматривается активное развитие и внедрение профильного обучения информатики с углубленным изучением информационных технологий. Учитывая цели обучения и его значение можно рассматривать структуру учебного плана, оценку значимости учебного предмета в новом направлении. Основная цель обучения учеников в профильном обучении информатике является подготовка к последующей профессиональной деятельности. На этом этапе курс информатики относится к предметам, которые являются профилирующими. Содержание данной темы в свою очередь определяется образовательным стандартом.

The active development and introduction profile of computer science with tendency of studying of information technologies are considered in this article. Considering the aims of learning and its value it is possible to consider curriculum structure, and assessment of importance of subject in the new direction. The main aim of learning of pupils in the profile education computer science is a preparation for the follow-up professional activity and training continuations in Higher Education Institution. On this stage the course of computer science relates to the profile subjects. The content of Computer Science defined by educational standard.

Түйін сөздер: бейіндік оқыту, информатика, ақпараттық және компьютерлік технологиялар

Ключевые слова: профильное обучение, информатика, информационные технологии

Keywords: Profile education, Computer Science, Information and Communication Technologies

Қазақстан Республикасының білім беруді 2020 жылға дейін дамытудың Мемлекеттік бағдарламасында білім беру саясатының бағдарлы қағидаларын қалыптастырудың басымды бағыттары ретінде көптеген мәселелерді атқару көзделген. Ол, ең алдымен үздіксіз білім беру жүйесінің барлық салаларында білім беру стандарттарын жетілдіру, білім беру мекемелерінің қаржылық механизмдерін құру, білім берудің жергіліктілік, аймақтық және республикалық ерекшеліктерін ескеру, білім берудің барлық үдерістерін ізгілендіру, ақпараттық-коммуникациялық технология құралдарын кеңінен қолдану, білім берудің жалпы орта және арнаулы орта білім беру салаларының деңгейін көтеру, білім беру мекемелеріндегі жауапкершілікті арттыру, дүниежүзілік кеңістікке енді қамтамасыз ету, ұлттық білім беру деңгейін

халықаралық стандартқа сәйкестендіру, республикадағы білім берудің тиімді құқықтық базасын жетілдірумен байланысты [1].

Сондықтан білім берудің негізгі міндеті оқушына тек қана біліммен қарулардырып қоймай, сонымен қатар олардың жеке басының жан-жақты қалыптасуына, дамуына, шығармашылық қабілетінің жетілуіне, ақпараттық мәдениеттің қалыптасуына өз дәрежесінде көңіл бөлу, мүмкіндік жасау болып табылады. Білім берудің дәстүрлі педагогикалық технологиялары осы уақытқа дейін оқушыға білім берудің негізгі құралы болып келді. Осы құралдардың оқушыға білім беру мен олардың білімін бағалауда өз қызметін жеткілікті деңгейде атқарып келгені бәрімізге аян. Сондықтан, бүгінде әрбір оқушы ақпаратқа, қазіргі ақпараттық технологияларға назар салып қана қоймай, оны тиімді қолдана білуі, интернет, ғаламдық ақпарат жүйесін пайдалана алуы тиіс. Яғни, біз өмір сүріп отырған қоғам – жаңару үстіндегі ақпараттық ілімдік орта. Олай болса, инновациялық технологиялардың білім беру жүйесінде кеңінен ендірілуі білім беру үдерісінің қажетті деңгейіне қол жеткізудің бірден-бір кепілі болып табылады.

Білім беру жүйесіндегі жаңа оқыту құралдарын, жаңа әдістерді қолдануда информатика пәнін оқытудың жаңа бағыты пайда болды. Бұл жерде ақпараттың қағазға түсірілген түрінен электрондық түрге өтуін айтуға болады. Яғни, заман талабына сай инновациялық технологиялардың кең таралып, олардың адам өміріне жан-жақты әсерін тигізіп жатқанын байқаймыз. Осыдан инновациялық техникалық құралдардың қарқынды дамуынан, ақпараттық-қатынастық технологиялар ұғымдарының қалыптасқанын көре аламыз. Инновациялық технологиялар тек педагогикамен ғана емес, гуманитарлық, техникалық, ауыл шаруашылық салаларымен де тығыз байланысты. Инновациялық технологияларды оқу үдерісінде қолдану тек тұлғаның дамуына ғана жауап бермейді, оқушылармен сабақ жүргізудің формалары мен әдістерін жетілдіре түседі [2].

Инновациялық технологиялардың қазіргі оқыту жүйесінде кеңінен пайдалану кезеңінде білім мекемелері негізінде білікті мамандардан, ақпараттық құралдар кешенінен, құжаттар айналымынан, мәліметтер қорынан және басқа да ақпараттық қамтамасыз ету элементтерінен тұратын біртұтас жүйе құру қажеттілігі туындайды. Осындай жүйе құру кезінде, бір жағынан, ол уақыт барысында тұрақты өзгеріп отыратын объект екенін, екінші жағынан, мұндай жүйе білім мекемесінің барлық жұмыс түрлерін (оқу үдерісі, басқару, ғылыми, зерттеу) сүйемелдеуді қамтамасыз ете алатынын есепке алып отыру керек [3].

Сондықтан жоғары сынып оқушыларын бейіндік оқытуда жүйелі білім беру үшін инновациялық технологияларды сабақта кеңінен пайдалану мақсаты келесі түрде анықталады: алгоритмдік және эвристикалық танымдық іскерлікті жүзеге асыруға қажетті өзара логикалық түрде байланысқан пәндердің ғылыми түсініктер иерархиялық жүйесін оқушылардың игеруін қамтамасыз ету үшін, аталған технологияларды жүйелі оқыту арқылы өздерінің болашақ өмірлік мәселелерді шешу барысында пайдалануды үйрену.

Орта білім беру жүйесінде информатика бойынша бейіндік оқытуды толық іске асыру үшін мұғалім мыналарды: ақпараттық-қатынастық технологиялармен жұмыс жасау және пайдалану; сабақта жобалау мәселелерін, дидактикалық тапсырмаларын қоя білу және шешу; білім сапасын анықтайтын алғашқы сынақтарды жүргізу; инновациялық технологиялар негізінде ақпараттық-қатынастық технологияларды үйлестіре пайдалануды білуі керек [4].

Аталған мақсатқа қол жеткізу үшін оқу материалы мазмұнының дидактикалық және әдістемелік өңделуі қажет. Яғни, мектептің жоғары сынып оқушыларына информатика пәні бойынша бейіндік білім беру инновациялық технологиялар негізінде

жүйелі оқытуға сәйкестендіріліп құрылуға тиіс. Ал оқыту мазмұны төрт элемент бойынша анықталады: білім, іс-әрекетті жүзеге асыру тәжірибесі, оқушылардың шығармашылық мүмкіндіктерін дамыту, шындыққа эмоционалдық қарым-қатынасы. Яғни, дәстүрлі оқулықтардағы оқыту мазмұнының элементтерін ұсыну келесі әдістер бойынша іске асырылуы тиіс: білімдер негізінен мәтіндер түрінде; қызмет әдістері – типтік тапсырмалар түрінде; шығармашылық іскерлікті дамыту – шығармашылық тапсырмалар түрінде беріліп отырады; оқушылардың қажетті эмоционалдық қарым-қатынасы инновациялық технологиялар негізінде ақпараттық-қатынастық технологияларды қолдану есебінен қалыптасады [5].

Сондықтан, болашақ информатика мұғалімі инновациялық технологиялар негізінде жүйелі білім берудің мақсаты келесі түрде анықталады: алгоритмдік және эвристикалық танымдық іскерлікті жүзеге асыруға қажетті өзара логикалық түрде байланысқан пәндердің ғылыми түсініктер иерархиялық жүйесін оқушылардың игеруін қамтамасыз ету үшін, аталған технологияларды үйлестіре оқытуды өздерінің болашақ кәсіби іс-әрекеттерінде пайдалануды үйрену.

Инновациялық технологиялар арқылы жүйелі білім беруді толық іске асыру үшін мұғалім мынаны білуі керек: ақпараттық-қатынастық технологиялармен жұмыс жасау және пайдалану; сабақта жобалау мәселелерін, тапсырмаларын қоя білу және шешу; білім сапасын анықтайтын алғашқы сынақтарды жүргізу; педагогикалық технологиялар мен ақпараттық-қатынастық технологияларды үйлестіре пайдалануды.

Бұл мақсатқа қол жеткізу үшін оқу материалы мазмұнының дидактикалық және әдістемелік өңделуі қажет. Яғни, мектеп информатикасындағы «компьютердің графика негіздері» тарауын оқытудың мазмұны жүйелі білім беруге сәйкестендіріліп құрылуға тиіс. Ал оқыту мазмұнын анықтаудың ғылыми негізделуін көптеген атақты ғалым-педагогтардың еңбектерін таладау арқылы көз жеткізуге болады.

Атап айтқанда, оқыту мазмұны төрт элемент бойынша анықталады: білім, іскерлікті жүзеге асыру тәжірибесі, оқушылардың шығармашылық мүмкіндіктерін дамыту, шындыққа эмоционалдық қарым-қатынасы. Яғни, дәстүрлі оқулықтардағы оқыту мазмұнының элементтерін көрсету келесі әдістер бойынша іске асырылуы тиіс: білімдер негізінен мәтіндер түрінде; қызмет әдістері – типтік тапсырмалар түрінде; шығармашылық қызметті дамыту – шығармашылық тапсырмалар түрінде беріліп отырады; оқушылардың қажетті эмоционалдық қарым-қатынасы педагогикалық және инновациялық технологияларды қалыптастыру есебінен қалыптасады [6].

Білім беру жүйесінде жаңа ақпараттық технологияларды қолдану негізінде оқыту мазмұнының элементтерін бөліп көрсету даму үстінде болатын. Бұл үлгіде оқытудың мақсаты оқушыны жеке тұлға ретінде дамыту болып табылады. Білім мұнда мақсат ретінде емес, керісінше оқушылардың жеке тұлға ретінде дамуының құралы ретінде қарастырылады. Авторлар оқыту мазмұнының төрт элементін жүзеге асырудың ерекшеліктерін атап көрсетеді. *Бірінші элемент* – білімдер жүйесі, мұнда оқушыға бір емес, бірнеше мысалы: физика, математика, биология, химия, т.б. пәндер әлеміне еруге көмектесетін интегралдық сипаттағы компьютерлік бағдарламаларды жасау ұсынылады. Модельдеудің үлкен мүмкіндіктері көрсетілген *екінші элемент* – оқушы меңгеруі тиіс репродуктивтік білімдер. Компьютер репродуктивтік білімдерді қалыптастырудың күшті құралы екендігі сөзсіз *үшінші элемент* – шығармашылық білімдер. Оқыту жобалау әдісі бойынша жүргізіледі де, «жаңалықтарды ашу арқылы оқыту» идеясын дәріптейді, сондай-ақ қиын жағдайларды модельдеу жолымен оқытатын арнайы викиорталарды қолдану арқылы дамытылуы мүмкін, *төртінші элемент* – оқыту мазмұны оқушыны жеке тұлға ретінде дамыту маңызы бар педагогикалық мәселе және ол жаңа ақпараттық технологиялар аясында оқытудың тұлғаға бейімделген үлгісін пайдалану арқылы тиімді шешілуі мүмкін. Алайда,

инновациялық технологиялар негізінде жүйелі білім беруде, кез келген пәнді оқытуда алдыңғы орынға білімдерді қалыптастыру мәселесі шығады [7]. Сол себептен біздің жағдайда «оқыту мазмұны, білімдер мен тәрбиені қалыптастырып, оқушыларға ұсынылатын тапсырмалар, жаттығулар кешені, оқулық ақпаратының мазмұны, құрылымы, құрамы» дейтін көзқарасты ұстанғанымыз жөн.

Инновациялық технологиялар негізінде жүйелі білім беруде информатиканы оқытудың өзіне тән ерекшеліктері бар. Мұнда міндетті түрде оқу материалының жүйелілігі мен құрылымдық-функционалдық байланысы қамтамасыз етілуі керек. Оқу курсының, егер оқу материалы жүйесіз және құрылымсыз болса, бағдарламалық жүзеге асырылуы қиындайды. Сондықтан, бейіндік білімнің әр саласында, әр ғылыми пәнде оқу материалының жеке компоненттерінің құрылымдық байланысын анықтаудың арнайы әдістері жасап шығарылуы қажет. Ал, оқу мазмұнын таңдаған кезде оқыту мақсаттарына сай болуы мен қатар, оқытудың дидактикалық ұстанымдарын ескерген жөн.

Ғылымилық ұстанымы оқыту мазмұнында бұрын қалыптасқан, дәлелденген білімдермен қатар тиісінше сол білім саласының жаңалықтарының болуын да талап етеді. Ғылымилық ұстанымын ескеру педагогикалық үдерісте информатиканы бейіндік оқытуда инновациялық технологиялар негізінде жүйелі оқытудың дидактикалық мүмкіндіктерін зерттеп білуге көмектеседі.

Информатика пәні бойынша арнайы курстың оқыту мазмұнын таңдау үшін инновациялық технологиялар негізінде жүйелі білім беретін орта жасау әдістемелерінің кейбір жақтарын, сондай-ақ аталған орта жасаудағы оқушылардың қызметтерін де қарастырған жөн.

Информатика пәні бойынша инновациялық технологиялар негізінде жүйелі білім беру үшін оқу материалын таңдаудан бұрын оқушыға оқу тапсырмаларының сипаттамаларын орындау керек, оқу мақсаттарын анықтап оларды операцияландыру керек (яғни, оқу материалының курсты жақсы бітірген әрбір білімгер орындай алатын амалдар арқылы берілуі).

Информатиканы бейіндік оқытудағы білім беру жүйесінің басты мақсаты – білім алушының оқу материалдарын толық меңгеруі үшін оқу материалдарының іс жүзінде тиімді ұсынылуына мүмкіндік беру. Бұл мақсаттарға инновациялық технологиялар негізінде жүйелі білім беру арқылы жетуге болады, сонда педагог өзі білетін, өзі жақсы меңгерген, бейімделген техникалық құралдарды сабақта тиімді қолдана алады. Сондай-ақ, оқушы өзіне қажетті оқу материалдарын инновациялық технологияға негізделген ақпараттық-қатынастық технологиялары арқылы іздеп таба отырып, өз білімін толықтыра алады.

Инновациялық технологиялардың қазіргі оқыту жүйесінде кеңінен пайдалану арқылы білім мекемелері негізінде білікті мамандардан, ақпараттық құралдар кешенінен, құжаттар айналымынан, мәліметтер қорынан және басқа да ақпараттық қамтамасыз ету элементтерінен тұратын біртұтас жүйе құру қажеттілігі туындайды. Осындай жүйе құру кезінде, бір жағынан, ол уақыт барысында тұрақты өзгеріп отыратын объект екенін, екінші жағынан, мұндай жүйе білім мекемесінің барлық жұмыс түрлерін (оқу үдерісі, басқару, ғылыми, зерттеу) сүйемелдеуді қамтамасыз ете алатынын есепке алып отыру керек [8].

Информатика бойынша инновациялық технологиялардың қоғамдық мәніне талдау жасай келе келесідей тұжырымдар жасалды:

- инновациялық технологиялар қоғам дамуының ең маңызды стратегиялық факторы болып табылатын ақпараттық ресурстарды белсенді және тиімді пайдалану мүмкіндігін береді;

- қоғамның дамуы, жұмыс істейтін тұрғындардың көпшілігінің еңбек объектілері мен нәтижелері материалдық құндылық емес, ақпарат пен ғылыми білім болып табылатын ақпараттық қоғам бағытында іске асуда. Сонымен қоса, инновациялық технологиялар қоғамда болып жатқан ақпараттық үдерістерді тиімді ету және көп жағдайларда автоматтандыру мүмкіндігін береді;

- ақпараттық үдерістер, басқа, одан да күрделі өндірістік немесе қоғамдық үдерістердің маңызды элементі болып табылады. Осыған байланысты ақпараттық технологиялар қоғамдық немесе өндірістік технологиялардың сәйкес құрамдас бөлігі ретінде қарастырылады;

- телеқатынастық технологиялар, ақпараттық технологиялардың бір бөлігі бола тұра, адамдар мен мекемелер арасында ақпарат алмасуды қамтамасыз етуде, сондай-ақ жаппай ақпарат тарату мен дайындау жүйесінде маңызды рөл атқарады;

- Ақпараттық технологиялар қоғамды тұлғаландыру, оның білім беру жүйесін және мәдениетін дамыту үдерісінде негізгі орын алады. Сондай-ақ, оқытатын ақпараттық құралдарды пайдалану, кадрларды қайта дайындау және олардың квалификациясын өсіру жүйесі үшін де, өзіндік білім алу жүйесі үшін де тиімді әдіс болып табылады.

Білім беруге инновациялық және компьютерлік технологияны ендірудің екінші бағыты, адам қызметінің әр түрлі салаларын ақпараттандыру үдерісімен тығыз байланысты. Осы бағыт аясында, үлкен санау жүргізуді, оңтайландыруды, математикалық модельде объектінің қасиеттері мен үдерістерін және т.б. автоматтандыруға арналған компьютерлік бағдарламалар, бағдарламалар пакеті және автоматтандырылған жүйелердің элементтері жасалды. Мұндай бағдарламалық жүйелерді оқыту үдерісінде қолдану, әмбебап автоматтандырылған оқыту жүйелеріне қарағанда анағұрлым жалпы сипатта болды. Бірақ бірдей дидактикалық негіздің және мазмұндық байланыстың жоқ болуынан жүйелілігі, мазмұндылығы аз болды.

Жиырмамыншы ғасырдың 80-ші жылдардың басынан бастап, жасанды интеллект аясында жасалғандарға негізделген, интеллектуалдық оқыту жүйелерін жасау мен пайдаланумен байланысты, білім беруді ақпараттандырудың жаңа бағыты дами бастады. Бұл жүйелердің маңызды бөлігі, оқытушы әрбір оқушы үшін рационалды стратегия құра білді. Интеллектуалды оқыту жүйелерінің білім базасы – оқытудың теориясы мен әдістемесі аймағындағы эксперттік білімдерден тұрады. Сондай ақ, дербес ЭЕМ кеңінен таралуы, білім беру аясына тек қана жаңа техникалық емес, сонымен қатар дидактикалық мүмкіндіктер де әкелді. Дербес ЭЕМ-нің артықшылықтарының қатарында олардың қолайлылығы, диалогтық қарым-қатынастың жеңілдігі және графикалық мүмкіндіктері де жатады. Компьютерлік оқыту жүйелерінде графикалық иллюстрацияны қолдану оқушыға ақпаратты беру жылдамдығын және оны түсінудің қарқындылығын ғана арттырып қоймай, маман үшін аса қажетті интуиция, кәсіби сезім, бейнелі ойлау тәрізді қасиеттерінің дамуына ықпал етеді.

Атап айтқанда, қазіргі кезде электрондық оқыту құралдарының аясындағы әдістемелік жасалымдар сәйкес технологиялық жасалымдардан артта қалып келеді. Мұндай артта қалушылық толық заңды, себебі әдістемелік тұрғыдан электронды оқыту құралдары әр түрлі ғылымдардың: психология, педагогика, математика, информатика және т.б. білімдерін интеграциялайды. Дәл, осы артта қалушылық, білім беруде инновациялық технологияларды қолданудың потенциалды және шынайы мүмкіндіктері арасындағы байланыстың үзілуінің негізгі себептері болып табылады. Сондықтан білім беруді ақпараттандырудың жаңа сатысының тағы бір тенденциясы, оқыту үдерісінде қолданылатын әр түрлі электронды құралдарды жалпы түрде үйлестіру, барлығын бірегей бағдарламалық-әдістемелік кешендер түрінде, электрондық оқыту басылымдар

және ресурстар ретінде жүйелі білім берудің әдістемелік құралы ретінде қарастыруға болады.

1. Қазақстан Республикасында білім беруді 2011-2020 ж. дамытудың мемлекеттік бағдарламасы. –Астана, 2010.
2. Бидайбеков Е.Ы. Григорьев С.Г., Гриншкун В.В. Создание и использование образовательных электронных изданий и ресурсов // Учебно методические пособие для вузов и системы повышения квалификации работников образования, Білім – Алматы, 2006. С.134.
3. Шарипбаев А.А., Альжанов А.К., Абдыкаримов Б.А. Об основных требованиях к электронным учебным изданиям. // Международный научно-педагогический журнал «Высшая школа Казахстана». 2006, №1.-С. 9-14.
4. Үсенов С.С., Абтай Г.М. Жоғары оқу орындарында информатика пәнін оқытуда электрондық ресурстарды жобалау және жасау // Вестник КГУ им.Коркыт Ата, №1 (25), 2008. – С.91-94
5. К.М. Беркінбаев, Сыдықов Б.Д., Ниязова Г. Формирование готовности будущих учителей к использованию информационно-коммуникационных технологий в профессиональной деятельности: материалы I Всероссийского педагогического конгресса «Кадровые ресурсы инновационного развития образовательной системы». –М, -№1. Б.27-34.
6. Мұхаметжанова С.Т. Информатика мұғалімдерінің біліктілігін арттыру – информатикадан білім сапасын арттырудың қажетті алғы шарты. // Журнал «Қазақстан мектебі» №3. 2008. Б.30-35.
7. Мұхаметжанова С.Т. 12-жылдық білім беруге көшу бағытында информатика мұғалімдерінің әдістемелік жүйесін құрудың дидактикалық мүмкіндіктері. // Журнал «Парасат»№3. 2008. Б.20-26.
8. Ошанова Н.Т., Тілеубай С.Ш Информатика мұғалімінің ақпараттық дүниетанымын қалыптастыру үдерісінің кезеңдері. // Вестник Академии Педагогических Наук Казахстана, №6, 2008.Б.55-60.

ӘОЖ 378.016.02

Б.Д. Сыдықов, И. Оразов, Ш. Шалбаева

АНИМАЦИЯЛЫҚ ҚҰРАЛДАР НЕГІЗІНДЕ ОҚЫТУ ҮДЕРІСІНІҢ КӨРНЕКІЛІГІН АРТТЫРУДЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

(Алматы қ., Абай атындағы ҚазҰПУ, Шымкент қ., М.Әуезов атындағы ОҚМУ)

Білім беру жүйесін ақпараттандыру үдерісі болашақ мұғалімдерді дайындау деңгейі мен кәсіби сапасына жоғары талаптар қойып отыр. Педагог ақпараттық қоғамда өзін еркін сезінуі, оқушыларды тәрбиелеу мен оқытуды ұйымдастыруда өздігінен жол тауып, шешім қабылдайтындай болуы тиіс. Әрқашан да, оқу-тәрбие үдерісін ұйымдастырудың жаңа формалары мен әдістерін, құралдарын ізденіс үстінде болуы тиіс. Біз ұсынып отырған әдістеме түлектің кәсіби іс-әрекеттерді жүзеге асыруға даярлығын бағалауды қамтамасыз етеді. Сондықтан оның құрылымдық компоненттерін дәл анықтау, оның өлшемдері мен көрсеткіштерінің құрылымын бірмәнді анықтау қажет. Практикалық тұрғыда біз мына тұжырымға, яғни болашақ мамандардың ақпараттық құзыреттілігін қалыптастыру моделі оның кәсіби іс-әрекеттері моделінің негізінде құрылатындығына сүйенеміз.

Процесс информатизации образования предъявляет высокие требования к профессиональным качествам и уровню подготовки учителей. Педагог должен свободно ориентироваться в информационном мире, самостоятельно находить и принимать решения по организации воспитания и обучения школьников, постоянно находиться в поиске новых форм и методов, средств организации учебно-воспитательного процесса. Предлагаемая нами методика обеспечит оценку уровня готовности выпускника к осуществлению профессиональной деятельности, поэтому необходимо точно определить ее структурные компоненты; однозначно определить ее параметры и структуру ее показателей. Исходя из практики целесообразно принимать концепцию, в которой в основу модели формирования информационной компетентности будущего специалиста будет положена модель его деятельности.

The process of informatization education makes demands of professional qualities and a level of training for teachers. The teacher should be free to orientate in the information world, on one's own to find and make decisions on the organization of upbringing and education of students, constantly in search of new forms and methods of organizing the educational process.

The proposed model will provide an assessment of graduates level training to the implementation of the professional activities, so we need to accurately determine its structural components; clearly define its parameters and structure of its indicators.

Based on the practice well-accept the concept, in which the model of formation of information competence of future specialist is based on the model of his activities. The proposed model is based on analysis of specialists and surrounding conditions.

Түйін сөздер: білімді ақпараттандыру, болашақ мұғалімдерді дайындау әдістемесі, ақпараттық құзыреттілік, ақпараттық технологиялар

Ключевые слова: информатизация образования, методика подготовки будущих учителей, информационная компетентность, информационные технологии

Keywords: informatization education, method of future teachers training, information competence, Information Technologies

Елбасымыз Қазақстан халқына жолдауында елімізді жаңғырту стратегиясын іске асырудың табыстылығы, ең алдымен, қазақстандықтардың біліміне, әлеуметтік және дене болмысы, көңіл күйлеріне байланысты дей келе, Елбасымыз жоғары білім сапасы ең жоғары халықаралық талаптарға жауап беруі тиіс екендігін атап көрсетті. Сондықтан жоғары оқу орнында сапалы білім беру арқылы, еліміздің әлеуметтік-экономикалық жоғары қарқынмен дамуын қамтамасыз етуге қабілетті мамандарды дайындауға болады. Ал бұл мемлекеттік кадр саясатындағы басты мақсат болып табылады.

Жалпы нәтижеге бағдарланған білім берудің жаңа жүйесіне көшу психологиялық-педагогикалық мамандарды кәсіби даярлауды ұйымдастырудың көкейкестілігінің маңыздылығын арттырады. Сондықтан әдіснамалық шешімдердің бірі кәсіби дайындықтың мақсатты бағдарына сәйкес болашақ мұғалімнің, мектеп психологының кәсіби-тұлғалық құзыреттілігін қалыптастыру болып табылады. Ал бұл 12 жылдық білім беру тұжырымдамасында атап көрсетілгендей мұғалімді жоғары кәсіби деңгейде қалыптастырудың бірнеше құзыреттілігін игеру көзделген. Ол арнайы құзыреттілік, әлеуметтік құзыреттілік және білім беру құзыреттілігі. Атап айтқанда, психологтың түзету-дамыту жұмыстары мен жеке тұлғаның қалыптасуының түрлі жастағы мөлшеріне бағдарланған ағарту жұмыстарының, осыған сәйкес психодиагностикалаудың, кеңес берудің, түзету мен түсіндірудің қажетті әдістерінің маңыздылығы алдыңғы орынға шығарылады [1].

Білім беру жүйесін ақпараттандыру - оқыту үдерісіне ақпараттық технологияларды ендіру, программалармен қамтамасыз ету және білім беру саласында қолданылатын интерактивті анимациялық оқулықтардың мазмұнын толықтыру сияқты

келелі мәселелерді туындатады. Соңғы жылдары осы мәселелер бойынша жүргізілген іс-әрекеттер, зерттеулер осындай құралдарды жасау мен пайдаланудың теориясын және оған қажетті нормативтік құжаттарды қалыптастыруда. Сондықтан біздіңше қажетті талапқа сай анимациялық оқыту құралдарын (АОҚ) компьютерлік техника көмегімен өңделіп көрсетілетін, кез-келген интерактивті анимациялық тасымалдаушыда немесе компьютер желісінде жарияланған, білімнің сәйкес ғылыми-практикалық саласынан білім алушыларға білімді, біліктілік пен дағдыларды шығармашылық тұрғыда белсенді меңгеруді қамтамасыз ететін осы сала бойынша жүйеленген материалдардан тұратын графикалық, мәтіндік, цифрлық, сөздік, музыкалық, бейне-, фото-, және басқа да ақпараттар жиынтығы ретінде анықтауға болады [2].

Оқыту үдерісіне байланысты тәжірибе көрсетіп отырғандай, мұғалімдер ақпараттық технология құралдарын өзінің кәсіби қызметінде белсенді түрде пайдалана отыра, жекелеген анимациялық оқыту құралдарын жасаудан тыс қалуы мүмкін емес. Сондықтан да, пән бойынша интерактивті анимациялық оқыту құралдарының басым бөлігін кәсіби ұжымдар жасауға тиіс екеніне қарамастан, бұл құралдардың біразының авторлары пәнді оқытуда өз құралдарын енгізетін мұғалімдер болып табылатындығы белгілі.

Соған қарамастан, жеке педагогтардың және кәсіби ұжымдардың жасаған анимациялық оқыту құралдарының сапасына жасалған талдау мазмұндық материалдарды іріктеп, оларды орынды келтіре білу жөніндегі мәселелелердің әлі пісіп жетілмегендігін, сол сияқты, анимациялық оқу материалдарының құрылымын, интерфейсін жасау мен оларды анимациялар арқылы ұсыну жолдарын жетілдіруді талап ететіндігін көрсетеді. Өйткені, осы материалдардың мазмұнына сәйкес анимациялар интерактивті анимациялық оқыту құралдарының ақпараттық архитектурасының мәнін, оқытудың тиімділігін арттыруда маңызды рөл атқарады.

Білім беру жүйесінде АОҚ жасаудың зерттелген ұйымдастыру жолдарын талдау, мұғалімге тек оқу материалдарын іріктеу бойынша кеңесші рөлі ғана беріліп, ал негізгі рөл педагогикалық Web-дизайнерге және білім бойынша инженерге, яғни, интерактивті анимациялық құралдарды жобалау бойынша маманға берілетін осындай құралдарды ұжым болып жасаудың орынды екендігін көрсетті. Бірақ, көбінесе мұғалімнің анимациялық оқыту құралдарын мамандар тобымен бірлесіп жасауға мүмкіндігі болмайды да, бұл іспен өз бетінше айналысады.

Сонымен, пән бойынша анимациялық оқыту құралдарын жасау үдерісінде мұғалім қандай рөл атқармасын, оның АОҚ жасауға қажет мәселелерді жеткілікті кәсіби деңгейде шеше алатындай білім мен дағдылары болуы тиіс. Алайда, педагогикалық жоғары оқу орындарындағы болашақ информатика пәні мұғалімін педагогтық кәсіби қызметке дайындаудың қазіргі жүйесінде мұғалімдер пән бойынша анимациялық құралдар жасаудың негізін оқып-үйренуден тыс қалып жатады. Осы айтылғандардың бәрі информатика пәні мұғалімдеріне АОҚ жасау мен анимацияларды пайдалануды оқытудың қажеттігін білдіреді [3].

Оқыту үдерісінде оқыту құралдарында анимацияларды пайдалану ерекшеліктерін талдау, қазіргі уақытта білім беру практикасында АОҚ пайдаланудың педагогикалық тұрғыдан тиімді екенін көрсетті. Осы тиімділікті қамтамасыз ететін келесі негізгі жағдайлар:

- дәстүрлі құралдарымен салыстырғанда анимациялық оқыту құралдары білім беру сапасының жаңа деңгейін қамтамасыз ететін ақпараттың (оның ішінде аудио-, бейне- немесе басқа түрдегілері де бар) айтарлықтай көп мөлшерін қамтиды;
- АОҚ нақты ақпараттық технологиялардың көмегімен ғана тиімді меңгерілетін оқыту мазмұнымен толтырылған;

- әрбір жаңа АОҚ оқу үдерісінде педагогтарға қатынастық құралдарды пайдаланудың айтарлықтай жоғары тиімділігіне жетуге мүмкіндік туғызады;
- анимациялық оқыту құралдарын пайдалану оқытудың алдына қойылған оқу мақсаттары мен міндеттеріне жетуді қамтамасыз етеді және оқу үдерісінің көрнекілігін арттыра түседі.

Орта білім беру пәндері бойынша АОҚ-тың барынша белсенді ендірілуі сабақтың практикалық бөлігінде байқалады. Бұл мұндай қызметті автоматтандыру қажеттілігін тудыратын жеке-жеке практикалық тапсырмаларды құрастыру мен тексеру бойынша мұғалімнің атқаратын жұмыстарының үлкен көлемімен, және де білім беру елеулі түрде жекелендірілгенімен түсіндіріледі. Алайда, сабақта теориялық материалды меңгеру үдерісінде АОҚ пайдалану сирек қолданылады. Педагогикалық артықшылықтардың түсініктілігіне қарамастан, теориялық материалды ұсыну үшін АОҚ пайдалануға педагогтардың дайын еместігі, оқу үдерісінде тиімді, жүйелі түрде пайдалану үшін жарамды АОҚ -тардың аз болуы, бар АОҚ -тардың сапасының төмендігі сияқты бірқатар себептерге байланысты әлі де қиынға түсуде [4].

Оқыту үдерісінде қолданылатын жаңа АОҚ жасау мен, оны білім беру саласына ендірудің ұдайы өсетін өскелең ауқымы осындай құралдардың жоғары сапасын жобалау, жасау, апробация және ендіру кезеңдерінде қамтамасыз етудің қажеттілігін анықтайды. Жасалынатын АОҚ жасау технологияларының сапасы және жасауға жұмсалған ресурстар шығынының терең өзара байланысы жоғары мәнді сапа көрсеткіштері бар соңғы өнім алу қажет болғанда аса маңызды. Бұл білім беруді қарқындалтуға бағытталған көрнекіліктерді жетілдіру компьютерлік құралдарды жасау және қолдану әдістемесінің едәуір өзгеруіне әкеліп соқтырады. Осындай құралдардың сапасына қойылатын өміршең талаптар регламентацияланған технологиялар мен заманауи халықаралық стандарттарды ескеруге ұмтылудың қажеттігін айқындады.

Оқыту мазмұны және әдістемелік тұрғыда АОҚ сапасы айтарлықтай дәрежеде, оқу-әдістемелік бірлестіктер, кеңестер және т.б. қызметтерінің шеңберінде, Қазақстан Ғылым және білім министрлігі жүйесінде бар нормативті-құқықтық құжаттарға (мемлекеттік білім беру стандарттары, типтік оқу жоспарлары, жұмыс программалары және т.б.) сәйкестіктерін анықтауды негізге алатын дәстүрлі әдістермен қамтамасыз етіліп, бақылана алады.

Отандық білім беру практикасында пән мұғалімі қолда бар АОҚ пайдаланып қана қоймай, өз бетімен оларды жасайды да, осындай құралдардың сапасын талдау жұмыстарының нәтижесі ондағы мазмұндық материалды іріктеу мен тиімді қолдана білу мәселелерінің түбегейлі шешілмегендігін көрсетеді. Осыған орай, интерактивті анимациялық оқыту құралдарын визуалды келтіре білу мен оның құрылымын, интерфейсін жасау тәсілдерін жақсартуды талап етеді. Демек, пән мұғалімі АОҚ жобалау мен жасау бағыты бойынша да, жасалған АОҚ -ды білім беру үдерісінде пайдалану бағыты бойынша да қосымша арнайы дайындықты қажет етеді [5].

А.Ю. Уваров анимациялық оқыту құралдарын жобалау, жасау, бағалау және пайдалану үдерісінде тиімді оқу жұмысы (оқу және оқыту) туралы білім-қағидаларды жүйелі (жүйеге келтірілген түрде) пайдалану ретінде түсінілетін, педагогикалық дизайн түсінігін енгізеді. А.Ю. Уваровтың пікірінше, АОҚ жобалау үдерісі ретіндегі педагогикалық дизайн – бұл біртіндеп өтетін кезеңдердің қатарынан тұратын, айқын сипатталған процедуралар. АОҚ жасаудағы өндірістік цикл негізгі бес кезеңнен тұрады:

- талдау (оқыту қаншалықты қажет – мұқтаждықтарды талдау, оқудың талап етілетін мақсаттары қандай – мақсаттарды талдау, оқу жұмысының құралдары мен шарттары қандай – шарттарды талдау);

- жобалау (жоспарларды дайындау, прототиптер жасау, негізгі шешімдерді таңдау, сценарийлер құру);
- құрастыру (жоспарлар, сценарийлер, прототиптердің АОҚ-қа айналуы);
- қолдану (оқу материалдары оқу үдерісінде пайдаланылады);
- бағалау (оқу жұмысының нәтижелері бағаланады, бағалау нәтижесі АОҚ -ты түзетіп-өңдеу үшін пайдаланылады).

Л.Х. Зайнутдинованың монографиясында, АОҚ-қа кешенді түрде қойылатын талаптарды қанағаттандыруға мүмкіндік беретін, теориялық бейнелер әдісі деп аталатын АОҚ жасаудың жаңа әдісі ұсынылған. Бұл әдіс оқытудың интербелсенді үдерісі кезінде оқу ақпаратын жасанды көрнекі-бейнелі және вербальды-логикалық түрде келтіре білу мүмкіндігін қамтамасыз етеді. Л.Х.Зайнутдинованың пікірінше АОҚ жасаумен айналысу тек мамандар тобының ғана қолынан келеді. Шығармашылық ұжымға келесілер кіруі қажет:

- жетекші педагог - білім беру үдерісінің барынша жалпы заңдылықтарын білетін, дидактика бойынша маман;
- нақты оқу пәнін оқыту саласындағы маманы болып табылатын педагог-әдіскер;
- танымдық үдерістер мен жас ерекшелік психологиясы салаларында маманданған психолог;
- білім инженері;
- программалаушы;
- эргономика және дизайн саласындағы маман.

Жоғарыда аталған ғалымдардың еңбектеріне сүйене отырып, пән бойынша АОҚ жасау үшін ұсынылып отырған жалпы қағидаларды ұсынамыз:

- оқу материалының үлестірілу принципі;
- оқу материалының интербелсенділік принципі;
- оқу мәліметін мультимедиалық ұсыну принципі;
- білім алушының жеке ерекшеліктеріне бейімдеушілік принципі;
- түрлі АТ-ға байланысты инварианттылық принципін ұстану қажет.

Модельдеу кезінде келесі негізгі міндеттер қойылған:

- мұғалімдерді пән бойынша АОҚ-дарын жобалау мен құру бойынша негізгі мағұлматтармен жаратандыру;
- түрлі ақпараттық және телеқатынастық технологияларға қатысты АОҚ жасауға мұғалімді оқыту үдерісінің инварианттылығы;
- жасалынатын және пән сабақтарында қолданылатын интерактивті анимациялық оқыту құралы сапасын сараптамадан өткізуге мұғалімді дайындау.

Бұл міндеттер, дайындық үдерісінде пән мұғалімі меңгеруі тиіс білімдер мен біліктіліктерді анықтайды.

Дайындық нәтижесінде оқып үйренушілер АОҚ-ты жасау мен пайдаланудың жаңа технологияларын білуі, АОҚ жасауда алдына міндет қоя білуі және шеше алуы, АОҚ-тың сапасын алғашқы сараптамадан өткізе алуы, пән бойынша АОҚ-ты құрастырудың жаңа технологияларының даму үдерісі туралы түсінігі болуы тиіс.

АОҚ жасау барысында пән мұғалімдері негізгі графикалық білім мен іскерліктерге сүйене алады. Олар визуалды ұсынуды ұйымдастыруда кеңінен қолданылады және мынадай негізгі ұғымдарды білуді қамтамасыз етеді: Графикалық дизайнға кіріспе. Графиктерді web-бетіне орналастыру. RGB, CMYK, HSB түстік палитралар. Растрлық графика, форматтары. Векторлық графика форматтары. Қабылдаудың физиологиялық негіздері. Өлшем. Түс. Шынайылық және орындылық. Ортадан объектіні ерекшелеу. Қарау бұрышы. Көзқарастың фокусталуы. Түстің психологиялық қабылдануы. Түстер және олардың табиғи бірігуі. Түс сипаттамалары.

Жылы және суық түстер. Ашықтылық, реңкі, қанықтылық. WEB-тегі анимациялар. GIF және FLASH аниматорлар. Тұжырымдама жасау. Прототиптер (типтік экран) жасау [6].

Бұлар негізінен оқу үдерісінде информатикдан анимациялық оқыту құралдарын жасауда анимацияларды пайдалану ерекшеліктерін тиянақтауға алып келеді [7]. Олар: Білімді ақпараттандырудың заманауи кезеңдерінің ерекшеліктері мен мұқтаждықтары. Білім беруде қолданылатын ақпараттандыру құралдары. Білім беруде АОҚ-ты пайдаланудың оң және теріс аспектілері. Пәнді оқытуда интерактивті анимациялық оқыту құралын пайдаланудың ерекшеліктері. Интерактивті анимациялық оқыту құралын, Интернет-сайттарды және порталдарды пайдалана отырып, пән пәні бойынша оқу қызметтерін жүзеге асырудың әдістемелік тәсілдері. Оқу зерттеушілік жобалар. Ғылыми зерттеушілік жобалар. Оқу ойындары. АОҚ-ты пайдалана отырып пәнді оқыту кезіндегі білім алушылардың жеке және топтық жұмыстары. Пәнді оқытудың нәтижелерін өлшеу мен бақылауда АОҚ пайдалану. Ағымдық және қорытынды өлшемдер жүргізу әдістері мен технологиялары. Пәнді оқыту сапасын бағалау.

АОҚ-ты қолдануға оқытудың жалпы-дидактикалық және жеке-дидактикалық әдістерін талдау жұмыстары дәстүрлі (түсіндірмелі-иллюстрациялық және репродуктивтік) әдістермен қатар, жобалар әдісі, ақпараттық ресурс әдісі, демонстрациялық мысалдар әдісі сияқты оқыту әдістерін ұсынуға мүмкіндік берді.

Жобалар әдісі, арнайы курсты оқу үдерісінде әрбір студентке, нақты АОҚ жасау мен пайдалануға байланысты өзінің жеке жобасын жасауға тура келетіндіктен, АОҚ-та анимацияларды жасауға пән мұғалімдерін оқытудың әдістемелік жүйесінен жүзеге асыруда ойдағыдай орын алады.

Ақпараттық ресурс әдісінің басты артықшылықтарының бірі – оқып үйренушінің пәннен АОҚ-та анимацияларды жасауға байланысты оқу материалын меңгеруде өз траекториясын тауып, қалауы мен мүмкіншіліктеріне қарай өз білімін тереңдету мен кеңейту мүмкіндігі.

Орта білім беретін мектеп пәндері бойынша АОҚ-ты жасау әдістерін оқып үйрену барысында демонстрациялық мысалдар әдісін пайдаланудың негізгі артықшылықтарына оқу көрнекілігінің артуын, оқу материалын меңгеруде студенттердің өз бетімен жұмыс істеуінің жоғары дәрежесін, оқу материалын баяндауға және АОҚ-ты жасау мен пайдаланудың технологиялық әдіс-тәсілдерін демонстрациялауға кететін уақыттың айтарлықтай төмендеуін жатқызуға болады [8].

Болашақ пән мұғаліміне АОҚ-ты жасау технологияларын оқытудың мазмұнын іріктеу оқытудың айқын көрнекілік қолданбалы, практикалық мақсатқа бағытталғандығын көрсетеді. Сондықтан, әдістемелік жүйені құру барысында қолданылатын оқытудың негізгі формасы практикалық сабақтар болуы тиіс деп есептейміз. Сондай-ақ практикалық сабақтардың негізгі формалары зертханалық жұмыстар мен оқу кезінде жобалау болып табылады.

1. Қазақстан Республикасындағы 12 жылдық жалпы орта білім беру Тұжырымдамасы. Астана, 2008.
2. Государственная программа развития образования Республики Казахстан на 2011-2020 годы. -Астана, 2010.
3. Преподавание информатики в образовательных учреждениях Республики Казахстан. Сборник материалов передовых опытов. – Алматы, 2006. Том 1. -370 б.
4. Новые педагогические и информационные технологии в системе образования. Под ред. Полат Е.С. М., 2000.
5. Захарова И.Г. Информационные технологии в образовании. Учеб. пособие для студ. высш. учеб. заведений. М.:ИЦ «Академия», 2005. -192с.

6. Образцов П. И. Психолого-педагогические аспекты разработки и применения в вузе информационных технологий обучения. – Орловский государственный технический университет. - Орел, 2000. - 145 с.
7. Бостанов Б.Ф. Болашақ информатика мұғалімдеріне электрондық оқыту құралдарын жасау мен пайдалануды оқытудың әдістемелік негіздері. Пед.ғыл.кан.ғыл.дәр.алу үшін дайын. дисс.автореф. -Алматы, 2009. -24б.
8. Сыдыхов Б.Д., Жанбаева Л.А., Момбиева Г.А. Особенности электронной образовательной среды в условиях информатизации вузов// Материалы международной заочной научно-практической конференции «Электронная среда в образовании: движение в будущее» (Нижний Новгород, 17 марта 2013 года); - Нижний Новгород: Центр научных инвестиций, 2013. -С. 37-42.

UDC 551.521.64

**T.Kh. Sadykov¹, V.V. Zhukov⁴, N.G. Breusov⁵, M.K. Mukashev³,
G.Ya. Khachikyan² N.N. Zastrozhnova¹**

CREATION OF SEISMIC POINTS OF REGISTRATION AND PROGNOSIS OF PERTURBATION IN TERRESTRIAL CRUST

*(Almaty, Kazakhstan, ¹Institute of Physics and Technology,; ²Institute of Ionosphere;
³Abai Kazakh National Pedagogical University; ⁴Tien-Shan Mountain Cosmic Ray Station;
⁵Joint Company "National Center for Space Research and Technology")*

Теңіз деңгейінен 3340м және 1700м Үлкен Алматы шатқалындағы тектоникалық тұрақсыздық кеңістігінде 2 сейсмикалық станция құру жоспарлануда. Сейсмикалық станцияның типтік үлгісі Алматы қаласынан 8км қашықтықта теңіз деңгейінен 1700м биіктікте орналасқан аралық ғарыш станциясында құрылды. Зерттеу мақсатын іске асыру үшін станцияның құрамына нейтрондық монитор, көптеген Гейгер-Мюллер санауыштары, Жер магнит өрісінің сенсорлары, радон сәулесінің детекторлары және ғарыш сәулесінің ағыны, Жер магнит өрісі мен жер қыртысы қозғалысының арасындағы корреляцияны анықтаушы сейсмограф кіргізілген.

Планируется построить 2 сейсмические станции на тектоническом разломе в Большом Алматинском ущелье (Тянь –Шань) на высоте 3340 и 1700 метров над уровнем моря. Прототип сейсмической станции создан в окрестностях Алматы (8км) на промежуточной станции космических лучей (1700 м над уровнем моря). Для исследования использованы нейтронный монитор, счетчик Гейгера-Мюллера (Г-М), сенсоры магнитного поля Земли, радоновый детектор и сейсмограф для поиска корреляции между изменением потока космических частиц, магнитного поля Земли и толчками земной коры в исследуемой зоне.

It is planned to construct two seismic stations on a tectonic fault in the Large Almaty canyon (Tien-Shan) at the heights of 3340 m and 1700 m above the sea level. The seismic station prototype is now being built in the vicinity of Almaty (8 km apart) at the Intermediate Cosmic Ray Station (1700m a.s.l.). We are going to use the neutron monitor, the Geiger-Muller counters (G-M), sensors of a magnetic field of the Earth, the radon detector and seismograph for searching correlation between variation in the cosmic ray particle flux, the magnetic field of the Earth and perturbation in terrestrial crust in the area under study.

Түйін сөздер: ғарыш сәулесі, сейсмикалық станция, детектор, ғарыш сәулесінің аралық станциясы, нейтрондық монитор, Гейгер-Мюллер санауышы, радон сәулесі, магнит өрісі, сенсор.

Ключевые слова: космические лучи, сейсмическая станция, детектор, промежуточная станция космических лучей, нейтронный монитор, счетчик Гейгера-Мюллера, излучение радона, магнитное поле, сенсор.

Keywords: cosmic ray, seismic stations, detector, Intermediate Cosmic Ray Station, neutron monitor, Geiger-Muller counters, radon ray, magnetic field, sensor.

Introduction. The studies in the area of prediction of earthquakes and search for its forerunners are very urgent. At present two identical seismic stations are expected to be built in the Tien-Shan ranges at the sites of the High Cosmic Ray Station (HCRS) and the Intermediate Cosmic Ray Station (ICRS) of the Kazakhstan Institute of Physics and Technology. The stations are located, respectively, at the heights of 3340 and 1700m (a.s.l.) and related to the tectonic fault of the Large Almaty Canyon (see Fig.1).




Figure 1 - Locations of seismic stations in the.

Zaili Alatau mountains: 1-High cosmic Ray Station (Tien-Shan) 3340 m a.s.l.; 2-Intermediate Cosmic Ray Station 1700m a.s.l.; 3-Abai Kazakh National Pedagogical University, Almaty 800m a.s.l.

For such seismic area as that of the Almaty megapolis, this problem is the issue of the day. It is enough to recollect the destructive earthquakes in the Verny and the Keminy [1], characterized by magnitudes of 7.5 and 8.3 in the Richter scale. Epicenter of the Keminy 8.3-magnitude earthquake, occurred in 1911, is related to the mountain pass Jusaly Kezen, i.e., in the place where the HCRS is located at present. Seismic studies are carried out systematically at the Almaty Institute of Seismology, situated at a height of 850 m. At the stations to be created the following characteristics are assumed to be controlled: seismic movements and various components of space radiation: neutrons, muons, electrons and photons, as well as the Earth magnetic field intensity and the radon concentration. The essence of the proposed technique for earthquake forecasting consists of creation of a network of parallel measuring and on-line processing of several earthquake forerunners at a mountain level, and the technique key information is correlation between tectonic processes in the Earth crust, dynamics of the high-energy and low-energy cosmic ray particles and the Earth magnetic field intensity. Simultaneously, the concentration of the surface radon will be controlled.

The first indications on the relationship between the high-energy charged particle fluxes in the Earth radiation belt and the Earth seismic activity were obtained in the experiment «Maria» on the orbital station Salyut-7. Geomagnetic field was calm, any signs of enhanced solar activity were absent, but the charged particle intensity in the radiation belt jumped up three times [2]. It was cleared up that enhanced seismic activity was observed that day over the globe against ordinary geophysical calmness of the planet. Similar regularity was

found in experiments on the satellite Meteor-3 [3]. The relationship between the diurnal solar activity, global number of earthquakes, and the manifested deviations in the cosmic ray intensity was analyzed. A conclusion was made that the high-energy particle fluxes are sensitive to seismic activity. Among 36 cases of an increase in the charged-particle flux intensity, lasting from 1 to 8 minutes, 34 cases were related to the geomagnetic and solar «calm». However, these cases occurred in the days of the enhanced seismic activity, followed in the 2.5- to 3-hour intervals by the earthquakes with the magnitude 4.0 in the Richter scale. It was found that earthquakes were accompanied by the disturbances of the Earth’s magnetic field, resulting, in turn, in cosmic ray variations. It’s quite possible that overshoots of the field intensity lead also to occurrence of optical phenomena in the upper layer of atmosphere: the so-called «elves», or «sprites», which are studied in the frame of the international project «Andromeda» with the ISO experiment on the board of the international cosmic station.

Availability of the prognostic test site will make it possible to make comparison between synchronized data on optical phenomena in atmosphere and its potential sources in the Earth crust tectonics. As a result, these optical phenomena can be included to the network of the earthquake forerunners, in view of short-term forecasting.

Hardware. In a view of development and implementation of the techniques for searching of new earthquake forerunners, at the ICRS the seismic station prototype was created and put into operation. The prototype incorporated the seismic pavilion provided by seismic receiver (1) and seismograph (2), the Geiger-Muller counters (G-M) (4) and (6), the lead filter (5), the Earth magnetic field sensor (8), the neutron monitor (9), the radon detector (7), the multi-channel analog processor (3), and the PC (10) (see Figure 2) from [4]. One of two G-M detectors, composed of five G-M counters, is used to record incident cosmic ray particles. Another similar detector, located under the lead absorber (filter), is used to cut off the low-energy soft component of cosmic radiation and to record muons. The neutron monitor is assembled from paraffin blocks with six neutron boron counters CHM-8 in the center, surrounded by the lead generator 10 cm thick.




Figure 2 - Layout of the network for data collecting and processing at the seismic station prototype

The monitor dimensions are 2.0×.0×0.8 m (see Fig. 3). Later, the radiowave-range detector of the Earth electromagnetic field is assumed to be installed.




Figure 3 - Neutron monitor NM-06

The seismic station prototype is intended to be used to:

- study the variable radiowave-range electromagnetic fields, occurring both in the Earth depths and in atmosphere as a result of electro-kinetics effects accompanying rock compression;
- study the effect of the Earth magnetic field to the cosmic ray charged particle trajectories;
- study the particle flux intensity versus the Earth magnetic field;
- implement uninterrupted monitoring of the cosmic ray neutron/muon/electron-photon components;
- record the concentration of the surface radon.

The facility incorporates the following detectors:

- the neutron monitor NM-06, which was used for studying characteristics of the EAS (Extensive Atmospheric Showers) hadronic component in the cosmic ray station;
- the electron-photon component detector composed of proportional counters, which records the temporal distributions of the charged particle/photon intensities. It is located above the neutron monitor. The 6-m² detector consists of three units, each incorporating 20 G-M counters. The detector will be used later for seismic forecasting also at the HCRS (3340 m a.s.l.), in view of obtaining of a more clear pattern of tectonic movements over as large areas as possible;
- the 1-m² detector of muon component records temporal distributions of the muon intensity. The detector is composed of a single unit, which houses 20 G-M counters. The unit is located under the neutron monitor.

The whole processor is made in the CAMAC standard. Some of the G.M. counters operate at high voltage (1060 V), providing a proportional mode of counter operation. Denial of the Geiger mode has made it possible to get rid of the long (up to 1000 ms) dead periods, typical for Geiger counters and coming after registration of each pulse – as a result, the facility dead time has reduced considerably, and the counter lifetime, respectively, has increased.

Summary. Both seismic stations will be created with the changes introduced to the prototype in course of trials of the latter taken into account. At present processing of the data covers determination of the oscillation amplitudes and correlations between seismic movements, the magnetometer readings, the cosmic ray intensity values and the seismic movement duration. The obtained data are, still, preliminary, and the technique of the data collecting and processing will be revised in course of seismic station trials.

1. G. A. Eiby. Earthquakes. Heinemann, 1981, pp.252-253.
2. S.A. Voronov, A. M. Galper, V.G. Kirillov-Ugryumov e.a. – Registration of an increase in the high-energy particle flux in the vicinity of the Brazil magnetic anomaly on October 10, 1985. The Moscow Institute of Physical Studies, Preprint 006-88, Moscow, 1988 (in Russian).

3. A. M. Galper, V. V. Dmitrienko, I. V. Nikitina e.a. – Cosmic Studies, v. XXVII, issue 5, 1989, p.789 (in Russian).
4. The Kazakhstan Patent N16733, dated 09.27.2005; «The way of Earthquake forecasting and the device to implement it» (in Russian).

ӘОЖ 517.98

А.М. Глеулесова

ӘЛСІЗ КОММУТАТИВ ЕМЕС ОРЛИЧ КЕҢІСТІГІНДЕГІ ХАРДИ-ЛИТТЛВУД ТЕҢСІЗДІКТЕРІ

(Алматы қ., әл-Фараби атындағы ҚазҰУ)

Бұл мақалада коммутативті емес әлсіз Орлич кеңістігінің нормасы көрсетеміз, онда біз әлсіз коммутативті емес L_p кеңістігінде сәйкес теңсіздіктерді аламыз. Сонымен τ - өлшемді операторлардың Харди-Литтлвуд максимал функциясының әлсіз орта типтік теңсіздігін және коммутативті емес әлсіз Орлич кеңістігіндегі норма теңсіздігін көрсетеміз. Кілттік сөздер: τ -өлшемді оператор, коммутативті емес әлсіз Орлич кеңістігі, Харди-Литтлвуд теңсіздіктері.

В данной статье мы покажем норму в некоммутативном слабом Орлич пространстве, тогда мы получим соответствующие неравенства в некоммутативном слабом L_p пространстве. А также неравенства слабо среднего типа максимальных функций Харди-Литтлвуда τ -измеримых операторов и неравенство нормы в слабом некоммутативном пространстве Орлича.

This paper presents noncommutative weak Orlicz space norm, then we obtains relevant inequalities in noncommutative weak L_p space. Finally, we present weak average inequality of Hardy-Littlewood maximal function of τ -measurable operators and inequality of noncommutative weak Orlicz space norm.

Түйін сөздер: τ -өлшемді оператор, коммутативті емес әлсіз Орлич кеңістігі, Харди-Литтлвуд теңсіздіктері.

Ключевые слова: τ -измеримые операторы, некоммутативное слабое пространство Орлича, неравенства Харди-Литтлвуда.

Keywords: τ -measurable operators, noncommutative weak Orlicz space, Hardy-Littlewood inequalities

Кіріспе.

Бұл мақалада коммутативті емес L_p кеңістігінің негізгі символдары мен белгілеулерін пайдаланамыз. Негізгі пайдаланатын әдебиет ретінде [1] мен [2] мақаларын ұсынамын. М арқылы H -Гильберт кеңістігіндегі жартылай ақырлы фон-Нейман алгебрасын, τ -арқылы M кеңістігінің нормаланған нақты жартылай ізін, ал \tilde{M} арқылы барлық τ -өлшемді операторлар жиынын белгілеймін.

Φ_- - Young функциясы дегеніміз

- $\Phi(0) = 0, \lim_{t \rightarrow \infty} \Phi(t) = \infty$
- $\Phi'(t) = \phi(t)$

$$\bullet \lim_{t \rightarrow \infty} t^{-1} = \infty$$

шарттарын қанағаттандыратын $[0, \infty)$ аралығында анықталған дөңес кемімейтін функция.

Егер Φ_- - Young функциясы болса және $\inf_{t>0} \frac{t\phi(t)}{\Phi(t)} > 1$ теңсіздігі орындалса, онда

Φ_- қатаң дөңес функция деп аталады.

Егер $\Phi(2t) \leq C\Phi(t)$ шарты орындалатындай $C > 0$ тұрақты сан табылатын болса, онда Φ функциясы шектемелі өспелі функция.

$$q_\Phi = \inf_{t \rightarrow 0} \frac{t\phi(t)}{\Phi(t)}$$

$$p_\Phi = \sup_{t \rightarrow 0} \frac{t\phi(t)}{\Phi(t)}$$

$p = p_\Phi < \infty$ қажетті және жеткілікті шарты $\Phi(t)$ шектемелі өспелі функция болу керек.

$q = q_\Phi > 1$ қажетті және жеткілікті шарты $\Phi(t)$ қатаң дөңес функция болу керек.

Bekjan T.N. "Hardy-Littlewood maximal function of τ -measurable operators" // J.Math Anal Appl, 2005, 322: 87-96// мақаласында τ -өлшемді оператор үшін Харди-Литтлвуд максимал функциясы

$$MT(x) = \sup_{r>0} \frac{1}{\tau(E_{[x-r, x+r]}(T))} \tau(T|E_{[x-r, x+r]}(T))$$

$f: \mathbb{R} \rightarrow \mathbb{R}$ және m Лебег өлшемі $Mf(x)$ Харди-Литтлвуд максимал функциясы классикалық түрі

$$Mf(x) = \sup_{r>0} \frac{1}{m[x-r, x+r]} \int_{[x-r, x+r]} |f(t)| dt$$

μ Борель өлшемі болса, Харди-Литтлвуд максимал функциясы

$$M_\mu f(x) = \sup_{r>0} \frac{1}{\mu[x-r, x+r]} \int_{[x-r, x+r]} |f(t)| d\mu(t)$$

Егер $\mu(A) = \tau(E_A(T))$, мұндағы A - Борель жиыны, онда μ Борель өлшемі.

$f(x)$ функциясы келесі түрде берілсе

$$f(t) = \begin{cases} t, t \in \sigma(T) \\ 0, t \notin \sigma(T) \end{cases} = t\chi_{\sigma(T)}$$

Онда Харди-Литтлвуд функциясы

$$M_\mu f(x) = \sup_{r>0} \frac{1}{\mu[x-r, x+r]} \int_{[x-r, x+r]} |f(t)| d\mu(t) = \sup_{r>0} \frac{1}{\tau(E_{[x-r, x+r]}(T))} \tau(T|E_{[x-r, x+r]}(T)) = MT(x)$$

Bekjan T.N. "Hardy-Littlewood maximal function of τ -measurable operators" // J.Math Anal Appl, 2005, 322: 87-96 // мақаласында $C = C(p) > 0$ тұрақты мән үшін

$$\|MT(T)\|_p \leq C\|T\|_p, \quad 1 < p < \infty, \quad \forall T \in L^p(M; \tau)$$

теңсіздігін енгізді.

$L^p(M; \tau) - \|T\|_p = \tau(|T|^p)^{1/p} < \infty$ - шартын қанағаттандыратын барлық τ - өлшемді операторлар жиыны.

JIAO Yong-you, Bekjan T.N. Φ -Inequalities of Hardy-Littlewood maximal function of τ -measurable operators // Journal of Xingjiang University, 2009, 8: vol 26 No.3 журналында жарық көрген мақаласында Φ - Yong функциясы үшін Харди-Литтлвуд максимал функциясы

$$\|MT(|T|)\|_{L_\Phi(M)} \leq C_\Phi \|T\|_{L_\Phi(M)}, \quad \forall T \in L_\Phi(M)$$

Turdebek N.Bekjan, Zeqian Chen, Peide Liu, Yong Jio "Noncommutative weak Orlicz spaces and martingale inequalities" // Studia Math. 204(3):195-212, 2011// мақаласында $L_\Phi^\omega(M)$ - әлсіз коммутативті емес Орлич кеңістігінің анықтамасын берген.

Φ_- - функциясы үшін

$$L_\Phi^\omega(M) = \left\{ T : T \in L_0(M), \exists c > 0, \Phi\left(\frac{t}{c}\right) \lambda_t(T) \leq 1, \forall t > 0 \right\}$$

анықталатын және нормасы

$$\|T\|_{L_\Phi^\omega(M)} = \inf \left\{ c > 0 : \Phi\left(\frac{t}{c}\right) \lambda_t(T) \leq 1, \forall t > 0 \right\}$$

тең $L_\Phi^\omega(M)$ кеңістігін әлсіз коммутативті емес Орлич кеңістігі деп айтамыз.

$0 < p < \infty$ үшін, егер $\Phi(t) = t^p$ болса, онда $L_\Phi^\omega(M)$ әлсіз коммутативті емес L_p кеңістігі болады.

Менің нәтижелерім:

Лемма 1. $1 < p < \infty$ болсын, онда

$$\|MT_i^\alpha(|T|)\|_p \leq C \|T_i^\alpha\|_p, \quad \forall T \in L_p(M; \tau), (i = 0, 1)$$

теңсіздігі орындалатындай $C = C(p) > 0$ тұрақты саны табылады.

Лемма 2. Егер $0 < p_0 < p < p_1 < \infty, T \in L_{p_0}^\omega(M) \cap L_{p_1}^\omega(M)$ болса, онда

$$\|T\|_{L_p}^p \leq C_p \left(\sup_{t>0} t \lambda_t(T)^{\frac{1}{p_0}} \right)^{\theta p_0} \left(\sup_{t>0} t \lambda_t(T)^{\frac{1}{p_1}} \right)^{(1-\theta)p_1}, \quad \theta = \frac{p_1 - p}{p_1 - p_0}.$$

Лемма 3. $1 < p < \infty$ болсын, онда

$$\|MT_i^\alpha(|T|)\|_{L_p^\omega} \leq A_0 \|T_i^\alpha\|_{L_p^\omega}, \quad \forall T_i^\alpha \in L_p^\omega(M), (i = 0, 1).$$

$$T_0^\alpha = TE_{(0, \infty)}(|T|)$$

$$T_1^\alpha = T - T_0^\alpha$$

Орлич кеңістігінің әлсіз орта типтік теңсіздігі

$$\sup_{t>0} \Phi(t) \lambda_t(MT(|T|)) \leq C_\Phi \sup_{t>0} \Phi(t) \lambda_t(|T|)$$

Теорема. Φ қатаң дөңес шектемелі өспелі Young функциясы берілсін, яғни $1 < q_\Phi < p_\Phi < \infty$ шарт орындалады, онда $C_\Phi > 0$ тұрақты саны табылып, кез-келген $T \in L_\Phi^\omega(M)$ үшін

$$\|MT(|T|)\|_{L_\Phi^\omega} \leq C_\Phi \|T\|_{L_\Phi^\omega}$$

теңсіздігі орындалады.

Дәлелдеу: [2] мақаладағы 4 лемманың дәлелінен

$$MT(T) \leq MT_0^\alpha(T) + MT_1^\alpha(T)$$

теңсіздігін аламыз.

Осыдан

$$\lambda_{2\alpha}(MT(|T|)) \leq \lambda_{2\alpha}(MT_0^\alpha(|T|) + MT_1^\alpha(|T|)) \leq \lambda_\alpha(MT_0^\alpha(|T|)) + \lambda_\alpha(MT_1^\alpha(|T|))$$

Мұндағы $\lambda_\alpha(MT_0^\alpha(|T|))$, $\lambda_\alpha(MT_1^\alpha(|T|))$ Лемма 3 бойынша

$$\lambda_\alpha(MT_0^\alpha(|T|)) \leq \frac{\|MT_0^\alpha(|T|)\|_{L_\Phi^\infty}^{p_0}}{a^{p_0}} \leq \frac{A_0^{p_0} \|T_0^\alpha\|_{L_\Phi^\infty}^{p_0}}{a^{p_0}} \leq \frac{A_0^{p_0} \sup_{t>0} t^{p_0} \lambda_t(|T_0^\alpha|)}{a^{p_0}} \leq A_0^{p_0} \sup_{t>\alpha} \left(\frac{t}{\alpha}\right)^{p_0} \lambda_t(|T_0^\alpha|)$$

$$\leq A_0^{p_0} \sup_{t>\alpha} \left(\frac{t}{\alpha}\right)^{q_\Phi} \lambda_t(|T|) \leq A_0^{p_0} \sup_{t>\alpha} \frac{\Phi(t)}{\Phi(\alpha)} \lambda_t(|T|) \leq \frac{A_0^{p_0}}{\Phi(\alpha)} \sup_{t>0} \Phi(t) \lambda_t(|T|)$$

$$\lambda_\alpha(MT_1^\alpha(|T|)) \leq \frac{\|MT_1^\alpha(|T|)\|_{L_\Phi^\infty}^{p_1}}{a^{p_1}} \leq \frac{A_1^{p_1} \|T_1^\alpha\|_{L_\Phi^\infty}^{p_1}}{a^{p_1}} \leq \frac{A_1^{p_1} \sup_{t>0} t^{p_1} \lambda_t(|T_1^\alpha|)}{a^{p_1}} \leq A_1^{p_1} \sup_{t\leq\alpha} \left(\frac{t}{\alpha}\right)^{p_1} \lambda_t(|T_1^\alpha|)$$

$$\leq A_1^{p_1} \sup_{t\leq\alpha} \left(\frac{t}{\alpha}\right)^{q_\Phi} \lambda_t(|T|) \leq A_1^{p_1} \sup_{t\leq\alpha} \frac{\Phi(t)}{\Phi(\alpha)} \lambda_t(|T|) \leq \frac{A_1^{p_1}}{\Phi(\alpha)} \sup_{t>0} \Phi(t) \lambda_t(|T|)$$

яғни

$$\lambda_{2\alpha}(MT(|T|)) \leq \frac{1}{\Phi(\alpha)} (A_0^{p_0} + A_1^{p_1}) \sup_{t>0} \Phi(t) \lambda_t(|T|)$$

$$\Phi(\alpha) \lambda_{2\alpha}(MT(|T|)) \leq (A_0^{p_0} + A_1^{p_1}) \sup_{t>0} \Phi(t) \lambda_t(|T|)$$

сонымен қатар

$$\sup_{a>0} \Phi(\alpha) \lambda_\alpha(MT(|T|)) = \sup_{a>0} \Phi(2\alpha) \lambda_{2\alpha}(MT(|T|))$$

$$\leq C_2 \sup_{a>0} \Phi(\alpha) \lambda_{2\alpha}(MT(|T|))$$

$$\leq C_2 (A_0^{p_0} + A_1^{p_1}) \sup_{t>0} \Phi(t) \lambda_t(|T|) = C_\Phi \sup_{t>0} \Phi(t) \lambda_t(|T|)$$

яғни

$$\sup_{t>0} \Phi(t) \lambda_t(MT(|T|)) \leq C_\Phi \sup_{t>0} \Phi(t) \lambda_t(|T|)$$

$\|T\|_{L_\Phi^\infty} = 1$ болсын, онда

$$\Phi\left(\frac{t}{c_n}\right) \lambda_s(|T|) \leq 1 \quad \text{және} \quad c_n > 1, c_n \rightarrow 1 (n \rightarrow \infty)$$

мен $\Phi\left(\frac{t}{c_n}\right) \lambda_s(|T|) \rightarrow \Phi(t) \lambda_s(|T|) \quad \forall t > 0 (n \rightarrow \infty)$ болатындай c_n саны табылады.

Сондықтан

$$\Phi(t) \lambda_s(|T|) \leq 1$$

Сонымен қатар

$$\sup_{t>0} \Phi(t) \lambda_t(MT(|T|)) \leq C_\Phi \sup_{t>0} \Phi(t) \lambda_t(|T|) \leq C_\Phi$$

бұдан

$$\Phi\left(\frac{t}{C_\Phi + 1}\right) \lambda_t(MT(|T|)) \leq \frac{1}{C_\Phi + 1} \Phi(t) \lambda_t(MT(|T|)) \leq \frac{C_\Phi}{C_\Phi + 1} \leq 1$$

яғни $\|MT(|T|)\|_{L_\Phi^\infty} \leq C_\Phi + 1$. Осыдан $\left\|\frac{t}{\lambda}\right\|_{L_\Phi^\infty} = 1$.

[2] мақаладағы 1 леммаға сәйкес $M \frac{T}{\lambda} \left(\left| \frac{T}{\lambda} \right| \right) = \frac{1}{\lambda} MT(T)$ бойынша

$\frac{1}{\lambda} \|MT(|T|)\|_{L_{\Phi}^{\infty}} = \left\| M \frac{T}{\lambda} \left(\left| \frac{T}{\lambda} \right| \right) \right\|_{L_{\Phi}^{\infty}} \leq C_{\Phi} + 1$ теңсіздігін аламыз. Сондықтан

$$\|MT(|T|)\|_{L_{\Phi}^{\infty}} \leq \lambda(C_{\Phi} + 1) \leq (C_{\Phi} + 1)\|T\|_{L_{\Phi}^{\infty}}$$

$C_{\Phi} + 1 = C_{\Phi}$ белгілейік, онда

$$\|MT(|T|)\|_{L_{\Phi}^{\infty}} \leq C_{\Phi} \|T\|_{L_{\Phi}^{\infty}}$$

Теорема дәлелденді.

1. E.Stein, G.Weiss, Introduction to Fourier Analysis on Eucliden Spases, Princeton Univ. Press, 1971
